

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

Учебник для 6 классов
общеобразовательных школ с русским
языком обучения

*Утверждено Министерством образования и
науки Республики Казахстан*



Алматы «Мектеп» 2018

УДК 373.167.1
ББК 81.2Қаз-922
К17

Авторы :

**Г. Косымова, А. Сатбекова,
К. Берденова, К. Рахимжанов**

Қазақ тілі мен әдебиеті. Учебник для 6 кл. общеобразоват. шк. с рус. яз.
К17 обуч. / Косымова Г., Сатбекова А., Берденова К., Рахимжанов К. – Алматы:
Мектеп, 2018. – 168 с., илл.

ISBN 978—601—07—0951—5

К $\frac{4306020200—040}{404(05)—18}$ 9(1)—18

УДК 373.167.1
ББК 81.2Қаз-922

© Косымова Г., Сатбекова А.,
Берденова К., Рахимжанов К., 2018
© Издательство «Мектеп»,
художественное оформление, 2018
Все права защищены
Имущественные права на издание
принадлежат издательству «Мектеп»

ISBN 978—601—07—0951—5

1. ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ
М.Әуезов. «Абай жолы» романы, «Қайтқанда» тарауы

2. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ МЕН ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ
Ә.Дүйсенбиев. «Бәтеңке, шұжық, балқаймақ»

3. ТАУЛАР СЫРЫ
М.Мақатаев. «Мен таулықпын»

4. ҚУАТ КӨЗІН ҮНЕМДЕЙ БІЛЕМІЗ БЕ?
М.Жұмабаев. «От»

5. АСТАНА – МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ
Ә.Ысқақ. «Күн ұлымын»

6. ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫҚТАРЫ
Ө.Тұрманжанов. «Қарлығаш, дәуіт, жылан»

7. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ
А.Машанов. «Жер астына саяхат»

8. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ
Д.Досжан. «Жібек жолы»

9. ЖЕР БАЙЛЫҒЫНА АЯУЛЫ КӨЗҚАРАС
Ш.Айтматов. «Ана – Жер-Ана»

10. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ – ҚАЗАҚСТАН
МАҚТАНЫШЫ
М.Әлімбаев. «Шынықсаң, шымыр боларсың»,
Ә.Дүйсенбиев. «Күшті болсам мен егер»

11. АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!
А.Құнанбайұлы. Табиғат лирикасы,
«Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс»

12. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ
О.Бөкей. «Апамның астауы»,
Ф.Оңғарсынова. «Оюлар»

13. САЯХАТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ
Ш.Уәлиханов. «Жоңғария очерктері»



Шартты белгілер:



– оқылым



– жазылым



– айтылым



– тыңдалым



– сергіту



– өзіңді тексер!

Алғы сөз

Құрметті оқушы! Сен 6-сыныпқа біраз білім жинап, сөйлеу дағдысын меңгеріп келдің. Қолыңдағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығы сенің сауатты сөйлеу, жазу қабілетінді одан әрі ұштай түседі. Ал көркем шығарма кейіпкерлері сенімен сырласады, ой бөліседі, досына айналады.

Оқулық 13 тақырыптан тұрады. Тақырыптарды бұлай топтастыру қоршаған орта туралы түсінігінді кеңейтіп, дүниетанымыңды қалыптастырады. Тақырып бойынша сен көптеген тапсырма түрлерін орындайсың. Ол шартты белгілермен көрсетілген. Оқылым әрекетінде тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын меңгересің, сол сөздердің мағынасын түсінесің. Жазылым жұмысында жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлемдер құрайсың. Сөйлемдерді дұрыс құрап толықтырасың әрі сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп жазасың. Бұл сенің сауатты жазу дағдыңды қалыптастырады. Айтылым әрекетінде сұрақтарға жауап беріп, диалог құрасың, құрбы-құрдасыңмен пікірлесесің. Ал тыңдалым материалдары сенің есте сақтау қабілетінді дамыта отырып, ақпаратты тез қабылдауға көмектеседі.

Жас дос, «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығы сенің мүмкіндігінді кеңейтіп, қоғамда өз орныңды табуға жәрдемдеседі деген ойдамыз. Біз саған тек сәттілік тілейміз!

Құрметпен, авторлар

1-ТАҚЫРЫП

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ
 М.Әуезов. «Абай жолы» романы,
 «Қайтқанда» тарауы (үзінді)

1-2-сабақ

Отан



1-тапсырма. Өлеңді түсініп тыңдап, негізгі ойды анықтаңдар (1-аудио).

Отан

Көп аузынан түспейтін
 Отан деген немене?
 Оның тұлға, түс-кейпін,
 Достым, білгің келе ме?

Отан – сенің ата-анаң,
 Отан – досың, бауырың.
 Отан – өлкен, астанаң,
 Отан – аудан, ауылың.

Отан – тарих, Отан – тіл,
 Жасаған елің, ер халқың.
 Отан – өлкен, Отан – жыр,
 Көтерген көкке ел данқын.

Б. Ысқақов



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, өлеңнің мазмұны бойынша кестені толтырыңдар.

Отан	кім?	ата-ана, ... , ... ,
	не?	өлке, ... , ... ,




3-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

көп аузынан түспеу
 түс-кейпі
 көтерген көкке

абыройын асқақтату
 бәрі сөз ету
 түрі



4-тапсырма. «Сен үшін Отан деген не?» сұрағын жақындарыңа қоя отырып, олардың пікірін жазыңдар. Өз ойларыңмен салыстырыңдар.





5-тапсырма. Сөйлеу әдебін сақтай отырып, диалогті толықтырыңдар.

- Сен қай елде тұрасың?
-
- ?
- Иә, әрине. Мен қазақ тілін жақсы білемін. Себебі ол біздің мемлекеттік тіліміз ғой.
- Сен үшін Отан деген не?
-
- !
- Мен де сенімен танысқанымға өте қуаныштымын!



6-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрап жазыңдар.

Ата-ана, бауыр, тарих, ағайын, ата-баба, тіл.




7-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер айтып жарысыңдар.

- Отанды сүю отбасынан басталады.
-



8-тапсырма. Отанымыздың өркендеуіне қандай үлес қосар едіңдер? Жауаптарыңда гүл күлтелеріндегі сөздерді пайдаланыңдар.



3-4-сабақ

Отбасы



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (2-аудио). Тірек сөздерді атаңдар. Не туралы айтылған?

Отбасы – қастерлі ұғым. Отбасындағы тәрбие ұйытқысы – ата мен әже. Олар – даналық пен ақылдың алтын дінгегі. Әке – отбасының қамалы, ер баланың тәрбиесіне жауапты жан. Ана – отбасының алтын қазығы, мейірім мен жылылық тарататын адал да аяулы жан.

Түсіндірме сөздік

Қастерлі – қасиетті.
Ұйытқысы – береке-бірлігі.

«Тәрбие құралы» кітабынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңдер.

1. Отбасы қандай ұғым?
2. Әке не үшін ер баланың тәрбиесіне жауапты?
3. Ұл бала мен қыз бала отбасында көбінесе кіммен пікірлескенді ұнатады?
4. Қазақстанда «Отбасы күні» қашан атап өтіледі?



3-тапсырма. Мәтінді негізге ала отырып, отбасы мүшелеріне анықтама беріңдер.

Отбасы мүшелері	Түсіндірмесі
ата мен әже	
әке	
ана	



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде кімнің отбасы туралы айтылған? Мәтін мазмұнынан тақырыпқа байланысты ақпараттарды анықтаңдар.

Менің отбасым

Менің атым – Әлихан. Мен алтыншы сыныпта оқимын. Отбасымда атам, әжем, әкем, анам, ағам, інім және қарындасым бар. Атам мен әжем бұрын мұғалім болған. Олар көптеген шәкірт тәрбиелеген. Қазір екеуі де зейнеткер. Сонымен бірге нағашы ата-әжем де бар. Демалыс күндері олардың үйіне қыдырып барамын. Әкем – құрылысшы. Анам дәрігер болып жұмыс істейді. Ағам жақында үйленді. Інім екінші сыныпта оқиды. Ол кітап оқығанды жақсы көреді. Қарындасым төрт жаста, аты – Салтанат. Ол балабақшаға барады. Мен Салтанатқа сурет салуды үйретемін.

«Балдырған» журналынан



5-тапсырма. Сөйлемнің дұрыс жалғасын тауып, тұтас сөйлемге айналдырыңдар.

Баланың тәрбиелі болып өсуі	отбасынан басталады
Отан	балабақшаға барады
Әлиханның атасы мен әжесі –	отбасына байланысты
Әлиханның қарындасы	үлкен
Әлиханның отбасы	зейнеткерлер



6-тапсырма. Суретке қарап, өз отбасың жайлы әңгімеле.



ДЕРЕКТІ ЖӘНЕ ДЕРЕКСІЗ ЗАТ ЕСІМ

Деректі зат есім – нақтылы тануға, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат атаулары. Мысалы: *кітап, мектеп, дос, су, нан, дәптер, қалам, ине.* Айгүл **кітап** оқыды. **Мектеп** ауласында балалар ойнап жүр.

Дерексіз зат есім – көзге көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде танылатын құбылыс, ұғым атаулары. Мысалы: *ақыл, ой, бақыт, адамгершілік, арман.* **Адамгершілік** – адам бойындағы ең асыл қасиет.



7-тапсырма. Берілген сөздерді кестеге орналастырыңдар.

Такта, намыс, мінез, сурет, айна, өнеге, гүл, достық, өзен, балық, талапкер, патша, сезім, мақсат.

Деректі зат есім	Дерексіз зат есім



8-тапсырма. Туыстық атауларды сәйкестендіріп жазыңдар.

ана	әкесінің әкесі
әже	өзінен жасы кіші ер адам
әке	бір атадан тараған туыс адамдар

аға	туысқан адамдардың қыздарынан туған бала
іні	жасы өзінен үлкен ер адам
ағайын-туыс, бауыр	отағасы
ата	әкесінің шешесі
жпен	перзент сүйген әйел (шеше)
карындас	қыздан туған бала
бөле	ер адамдардан жасы кіші қыз

5-6-сабақ

Мұхтар Әуезов – ғұлама жазушы



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (3-аудио). Негізгі ақпараттарды дәптерлеріңе жазып алыңдар.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов (1897–1961) Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Әкесі Омархан, атасы Әуез де хат танытын сауатты адамдар болған. Мұхтар атасы Әуездің, әжесі Дінәсілдің тәрбиесін көрген. Атасы Мұхтардың сауатын әліппемен емес, Абайдың өлеңдерімен ашқан. Ол жастайынан Абай өлеңдерін жаттап өскен. Кейін барлық өмірін Абайға арнаған. «Абай жолы» романын жазған.



Мұхтар Әуезов – ғұлама жазушы.

«Ұлы дала тұлғалары» кітабынан



2-тапсырма. Мәтін бойынша бір-бірлеріңе сұрақтар қойып, диалогті жалғастырыңдар.

1. М.Әуезов қай жылы, қай жерде туған?
2. Мұхтардың ғұлама жазушы болуына кімдер себепкер болды?
3. ?



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, мәліметті толықтырыңдар.

Ғұлама жазушы М.Әуезов атақты «Абай жолы» романын жазды. Осы роман арқылы қазақ халқы мен ақын Абайды күллі әлемге танытты. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы дүниежүзі

халықтарының 116 тіліне аударылған. «Абай жолын» оқыған Камерун елінің жазушысы Бенджамин Матип: «Мен бұрын қазақ деген халықты естіп көрмеген едім. М.Әуезовтің ағылшын тіліндегі ғажайып кітабын оқып, қазақтың кім екенін білдім. Мен қазақ халқының тамаша ақыны Абаймен таныстым», – деп таңырқайды.

«Ұлы дала тұлғалары» кітабынан



4-тапсырма. М. Әуезовтің «Абай жолы» романы туралы ғұламалардың айтқан пікірлері бойынша диалог құрыңдар.

Өз басым шетелдерге сапарға шыққанда, өзіммен бірге «Манас» пен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» алып жүремін.

Ш. Айтматов

Әлемнің басқа елдерінде онымен тең түсетін шығарма табу қиын. Бұл, менің ойымша, ХХ ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі.

Л. Арагон



5-тапсырма. Сызба бойынша бүгінгі тақырыпты қорытындылап, өз ойларыңды жазыңдар.



6-тапсырма. «Менің сүйікті жазушым» тақырыбына эссе жазыңдар.

Талаптары :

- эссе тақырыбының желісінен шықпаңдар;
- әрбір азатжолды жүйелі құрастырыңдар, арасында байланыс болсын;
- мазмұнын ашатын деректер келтіріңдер;
- деректі, дерексіз зат есімдер мен теңеу, эпитеттерді қолданып жазыңдар;
- көлемі шамамен 90 сөз болсын.

Мінездеме

Мінездеме – түрлі мекеме, ұйым, бірлестік, оқу орны тарапынан берілетін, белгілі бір адамның өмірбаянын, біліктілігін, кәсіби деңгейін жазбаша сипаттайтын анықтамалық-ақпараттық ісқағаздың бір түрі.



7-тапсырма. Берілген мінездемені оқып түсініңдер.

Мінездеме

Әмина Арманқызы Амантай 2005 жылы шілде айының 19-ында Алматы қаласында туған. Ұлты – қазақ. Алматы қаласының №15 мектеп-гимназиясының алтыншы сынып оқушысы. Қазақстан Республикасының азаматы.

Әмина Арманқызы Амантай – оқу озаты, үлгілі оқушы. Мектептегі негізгі пәндердің барлығын сүйіп оқиды. Қабырға газетінің редакторы, көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшесі. Мектептің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады. Сыныптастарының арасында беделді. Ол қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік біледі. Қазақ тілінен қалатық байқауға қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталған. Сонымен қатар «Ағылшын тілі» пәнінен халықаралық олимпиада жүлдегері.

«Тогызқұмалақ» ұлттық ойынынан мектеп оқушылары арасында ашық турнирге қатысып, арнайы мақтауқағазбен марапатталған.

Әмина Арманқызы Амантай үздік оқушы ретінде «Озаттар слеті-2017» шарасына қатысты. Шара барысында оның анасына мектеп әкімшілігі атынан «Алғысхат» табыс етілді.

Мінездеме «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» атты энциклопедияға енгізу үшін берілді.

Мекеме басшысы

(аты-жөні, қолы)

Күні, айы, жылы



8-тапсырма. Өз сыныптас достарыңа мінездеме жазыңдар. Мінездемеде деректі зат есімдер болсын.

7-8-сабақ

«Абай жолы» романы



1-тапсырма. Суреттер мен тірек сөздерді өзара байланыстырып, тақырып не жайында екенін болжаңдар.

**Тірек сөздер:**

бала Абай
әке
ана
шәкірт
ауыл
сағыныш

**Білгенге маржан...**

М.Әуезов «Абай жолы» романын алғашында «Телғара» деп атамақ болған.

Роман дүниежүзі әдебиетінің ең үздік тандаулы 200 томдығына енген.

«Абай жолы» романында 17 мыннан астам сөз қолданылған.



2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Не туралы айтылған?

Қайтқанда

Осы жпынға екі жолдасын ан бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер! – деді.

Шәкірт Абай жалт қарап барып жана көрді. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ынғайсыздықпен қысылып қалған бала әкесіне қарай тез бұрылды...

...Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп калып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай болып білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме, жоқ, күдік пе? Немесе шынымен жай білгісі келгені ме?..

М. Әуезов. «Абай жолы»



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар мен тапсырмаларға жауап беріңдер.

1. Абай алдымен кімге сәлем берді?
2. Әке қадірін көрсететін тұсты мәтіннен тауып оқыңдар.
3. Әкесі Абайға карап не деді?
4. Қалай ойлайсыңдар, әкесі Құнанбайдың қаталдығы байқала ма?



4-тапсырма. Мәтін кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.

Абай	Құнанбай



5-тапсырма. Орындары ауысқан сөздерді ретімен орналастырып, сөйлем құрастырыңдар.

1.
2.
3.
4.



6-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқыңдар. Қандай ой айтылған? Оқылым мәтінімен байланыс бар ма? Өз ойларыңды білдіріңдер.

Әдептілік белгісі – піліп сәлем бергені.

Әдепті бала – арлы бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала.

Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры.

Әкеге карап ұл өсер,

Шешеге карап қыз өсер.



7-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімді риза қылдым?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым? Келешекте пайдаға асыра аламын ба?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

9-10-сабақ

Әке көрген оқ жонар



1-тапсырма. Ойқозғау. Әкенің бойында қандай қасиеттер болуы керек деп ойлайсыңдар? Кластерді толтырыңдар.



2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне мән беріңдер.

Әке мен бала

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу қайтып келе жатып, жолда қалған аттың ескі тағасын көріп, баласына:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деді.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып не қылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты.

Түсіндірме сөздік

Таға – аттың тұяғына қағатын темір.

Аяңдап жүру – жайлап, баппен жүру.

Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен шие орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына карамай аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала жерге түскен шие жерден алып, аузына салады. Біраз өткен соң тағы бір шие, сонымен әр жерде әкесінің қолынан түскен шие он шақты рет іліп, жерден алып жеді. Ен соңында әкесі тоқтап, баласына шие орамалым ен беріп тұрып:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып, жерден бір ғана іліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға сатып алған шие жерге түскенін аламын деп, бір енкеюдің орнына он енкейдін. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынаң, көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең, көптен құр қаласың, – деді.

Ы. Алтынсарин



3-тапсырма. Үлгі бойынша өздерің тест сұрақтарын дайындаңдар. Мәтін мазмұнына сәйкес дұрыс жауабын табыңдар.

Үлгі: 1. Әңгіменің басты идеясы не?

- а) баланың жалқаулығы;
- ә) еңбек ету;
- б) әкенің тәрбиесі.



4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, диалог құрыңдар.

- Мәтінде қандай мақал бар? Оны қалай түсіндің?
- Әңгіме авторы саған таныс па?
- Мәтін неден басталып, немен аяқталады?
- ?



5-тапсырма. Мәтіннен деректі зат есімдерді теріп жазып, олардың мағынасын түсіндіріңдер.

Үлгі: Шие → жеміс атауы

КӨПТІК МӘНДІ ЕСІМДЕР

Көптік мәнді есімдер деп затты жеке-даралап атамай, оның жиынын тобымен атайтын зат есімдерді айтамыз. Мысалы: *сүт, ұн, жүн, ақыл, шындық, алтын, құйын.*

Бұлардан басқа да өздері түпкі табиғаты жағынан көптік мәнді білдіретін зат есімдер бар. Мысалы, табиғи жұп болып келетін зат есімдер (*аяқ, көз, құлақ, етік, байпақ, кебіс, бәтеңке, шаңғы* т.б.).



6-тапсырма. Берілген зат есімдерден көптік мәнді есімдерді тауып жазыңдар. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар.

Отан, ұлт, зейнеткер, адам, ағайын, халық, әке, балабақша, қала, жазушы, тіл.



Атаның сөзі – ақылдың көзі

Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың.

Абай



7-тапсырма. Абай аталарыңның сөзін қалай түсіндіңдер? Өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.

11-12-сабақ

Телғара



1-тапсырма. Мәтінді түсініп тыңдаңдар (4-аудио). Әңгіме кімдер туралы?

- Қалашылар, қалашылар келеді!
- Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді бір қартаң әйел.
- Бәсе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Әпкеме айтайыншы, – деп, тағы бір жас әйел, женге де үлкен үйге қарай ұмтылысқан.

Түсіндірме сөздік

Кемсеңдеу – жылдамсырау.

Сағынған баласының келер мөлшерін Байтас кеткеннен бері шешесі Ұлжан да есептеп, осы бүгінге ұйғарып жүр еді...

...Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды да, маңдайынан піскеді. Абайдың әкесіндегі тартымды салкындық шешесіне де көптен бергі мінез болған. Бала осыдан арғыны күтпеуші еді. Бірақ бауырына басқанның өзінде де Абайдың жүрегін қатты-қатты соқтырған аса бір өзгеше жақындық білінеді. Ана құшағы!.. Ұлжан көп ұстаған жоқ.

– Әжене бар, әнеки! – деп, үлкен үйдің алдына қарай бұрып жіберді. Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп, ұрсып тұр екен.

– Жаман неме, маған бұрын келмей, әкене кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменін» артынан лезде: – Қарашығым, коңыр қозым... Абай жаным... – деп кемсенд еп, жылауға айналып кетті...

М. Әуезов, «Абай жолы»



2-тапсырма. Мәтінде Абайға деген сағыныш қалай берілген? Әжесі Зере Абайды қалай еркелетеді? Сол сәтті мәтіннен тауып оқыңдар.



3-тапсырма. Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тауып, кестені толтырыңдар.

Деректі зат есім	Дерексіз зат есім



4-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін мәтіндегі қандай сөздермен ауыстыруға болады? Мәтіннен тауып, теріп жазыңдар.

Берілген сөздер: ойлап жүр еді, үйге асыққан, толқытқан, құшағына алды да.



5-тапсырма. Қоржындағы етістіктерді деректі, дерексіз зат есімдермен байланыстыра отырып, сөйлем құраңдар.



6-тапсырма. Абайға неліктен «Телғара» деген есім берілген? Қосымша дереккөздерді пайдаланып, ізденіңдер.



7-тапсырма. Төмендегі жоспарға сүйене отырып, «Асыл әжем» тақырыбына эссе жазыңдар.

1. Әже – отбасының ұйытқысы
2. Әже тәрбиесі
3. Әжемнің ертегілері



13-14-сабақ

Ана мейірімі



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде кім туралы айтылған?

Құнанбайдан кейінгі екінші үлкен тұлға, ұлы Абайдай асылды дүниеге әкелген ардақты ана – Ұлжан. Ұлжан ұстамды, пайымы мен ақыл-мейірімі мол, дана ана болған. Анасы Ұлжан қолы қалт еткенде баласына көп көңіл бөлген. Абай әжесі кейде шаршап, тілегін орындамаса, өз шешесі Ұлжанға қшылады. Ұлжан көбінесе өлеңсөзді көп біледі. Небір ескі жырларды, айтыстарды жатқа айтып береді.

Түсіндірме сөздік

Қолы қалт еткенде – қолы сәл босай қалғанда.
Пайым – ақыл, парасат.

М. Әуезов



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша пікір алмасындар.




3-тапсырма. Өлеңді тыңдап, мазмұнын өз сөздеріңмен жеткізіңдер (5-аудио).

Бәрі де, Ана,
 Бір өзіңнен басталды.
 Сен деп жаздым алғаш өлең-дастанды.
 Қуандым ба,
 Өзің бар деп қуандым.
 Жыладым ба,
 Өзің жоқ деп жас тамды.
 Бәрі де, Ана,
 Бір өзіңнен басталды.
 Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.
 Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,
 Жасқандым ба,
 Тек өзіңнен жасқандым.
 Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді,
 Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді.
 Отанымның өзі сенен басталып,
 Жауларыма жеткен жерден бітеді.

Қ. Мырза Әлі



4-тапсырма. Ана сөзін естігенде ойларыңа қандай сөздер келеді?



5-тапсырма. Мәтінге тақырып қойыңдар. Неліктен ондай атау бергендеріңді түсіндіріңдер.

Дүниеде ең тәтті – ананың сүті. Дүниеде ең жұмсақ – ананың алақаны. Ақ сүт берген, әлпештеген анашым, сіз мен үшін әлемдегі ең жақын да сүйікті жансыз. Сіздің бізге, яғни балаларыңызға, деген ана махаббатыңыз шексіз. Дүниеге інгәлап келгеннен-ақ жүрегіңізге мейірім ұялап, түн ұйқыңызды төрт бөліп, аман-есен өсіп, адам болуымызды тілеп жүресіз.

Аяулы анам, мен өзімді бақыттымын деп санаймын, себебі анасы бар адамдар – бақытты жандар. Олар қанат астындағы балапандар сияқты үнемі ана жылуын, махаббатын, мейірімін сезініп жүреді.

Анашым, сіз менің камқоршымсыз, ақылшымсыз, тәрбиешімсіз. Әрдайым жақсылық жасауға, жамандықтан қашуға баулу үшін барыңызды аямадыңыз. Жетістіктерге жетсем, менімен бірге қуанып, жігерлендіре түсесіз, сүрінсем, жұбатып, бірге мұнаясыз.

Аяулы анам, кей кездері ренжітсем, кешірім сұраймын. Бұдан былай қателіктерімді қайталамай, артымнан ерген іні-қарындасыма үлгі болуға талпынамын.

Жан анам, ақ анам, ардақты анам, менің тілеуім, арманым – әрқашан сіздің жадыраған жүзіңізді көріп, сіздің алдыңыздағы борышымды өтеу. Деніңіз сау болып, үнемі қасымыздан табыла беріңіз. Мен сізді қатты жақсы көремін!

Ұлыңыз Нұрсұлтан
bilimdiler.kz сайтынан



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтаңдар.

1. Дүниедегі ең тәтті не, ең жұмсақ не?
2. Ана туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?
3. Ана туралы қандай ән білесіңдер? Бәріміз бірге шырқайық!



7-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Өткен сабақтарды еске түсіріп, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Б.Матип «Абай жолы» романына қандай баға берді?
2. Әліханның отбасында қанша адам бар?
3. Бөле деп кімді айтады?
4. М.Әуезов туралы не білесің?
5. Абайдың әкесінің аты кім?
6. Таға деген не?



8-тапсырма. Сағыныш сезімдеріңді білдіріп, жақындарыңа хат жазыңдар.

2-ТАҚЫРЫП ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ МЕН ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ

Ә.Дүйсенбиев. «Бәткенге, шұжық, балқаймақ»

1-2-сабақ

Ауыл мен қала



1-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, ақпараттың ауылға немесе қалаға тән екенін анықтаңдар. Кестені толтырыңдар.

Сөйлем	Ауыл	Қала
Кен дала мен таза ауа.		
Көшеде көп адам кездеседі.		
Төрт түлік мал жайылымда жүреді.		
Жол қозғалысында кептеліс болады.		
Шағын және тыныш.		
Мәдени орталықтар көп.		



2-тапсырма. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Не туралы айтылған?

Биыл жазда атам мен әжемнің ауылына демалуға бардық. Ауылда біз кеткелі көп өзгерістер болыпты. Жаңа мектеп, үлкен аурухана, зәулім мәдениет үйі салыныпты. Көшелері түп-түзу, тас төселіп, гүл егілген. Ағаштар да тым жиі отырғызылған. Ауылдағы кітапхананың қоры бай.

Ауылдың шетінде көл бар. Көл аса терең емес. Күндіз суға шомылып, күнге қыздырынамыз. Кеш бата балалармен асық ойнап, доп тебеміз. Ауылда өте жақсы демалдық.

«Мөлдір бұлақ» журналынан



3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар.

Не?	Ауылдың шетінде не бар?
Қандай?	
Қайда?	
Қашан?	
Не істейді?	

СЫН ЕСІМ

Сын есім заттың түсін, сапасын, белгісін, күйін, салмағын, көлемін т.б. қасиеттерін білдіреді. Қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *Бүгін күн салқын болды. Ағам таулы жерлерде жүргенді жақсы көреді. Мен көпқабатты үйде тұрамын.*

Мағынасына қарай сын есім *сапалық сын есім* және *қатыстық сын есім* болып екіге бөлінеді.

Негізгі сын есімнің өзінен болып, заттың сынын, түр-түсін тікелей анықтайтын сын есімді **сапалық сын есім** дейміз. Мысалы: *көк* (негізгі сын есім) *шөп*, *қызыл* (негізгі сын есім) *бояу*, *жақсы* (негізгі сын есім) сөз.

Заттың сын-сипатын, әртүрлі белгісін басқа сөз табының қатысы арқылы білдіретін сын есімді **қатыстық сын есім** дейміз. Мысалы: *өнерлі* (туынды сын есім) *жігіт*, *орманды* (туынды сын есім) *алқап*.



4-тапсырма. Оқылым мәтінінен сын есімдерді тауып, олардың қандай қасиетті (түсі, сапасы, белгісі) білдіретінін жазыңдар.




5-тапсырма. Төменде берілген сөздерге сын есімдерді қатыстырып, сөз тіркестерін жазыңдар.

Ауыл, қала, еңбек, көше, халық, қора, жідек.



6-тапсырма. Қазақстан қалалары туралы не білесіңдер? Сөзжұмбақты шешіңдер.

1. Көмір өндіретін шахталарға бай қала.
2. Ғарышайлағы бар қала.
3. Күріштің отаны.
4. Қазақстанның ең ежелгі қалаларының бірі.
5. Батыс Қазақстанда орналасқан қала.
6. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі өткізілген қала.
7. «Бурабай» демалыс орнымен танылған қала.
8. «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты қай қалада?
9. Ұлы Жібек жолында орналасқан қала.





7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданыңдар.

1. Қазақстанның қандай ірі қалаларын білесіңдер?
2. Ол қалалар несімен ерекшеленеді?
3. Сендерге ауылда тұрған ұнай ма, әлде қалада тұрған ұнай ма? Себебін түсіндіріңдер.

3-4-сабақ



Ауыл – еңбек пен берекенің ошағы



1-тапсырма. Сурет бойынша берілген жауаптарға сұрақ қойып, диалог құрыңдар. Диалогтен сын есімдерді табыңдар.



– ... ?

– Мен өткен жазда атам мен апамның ауылында болдым.

– ... ?

– Иә, әрине, ұнады. Ауылда таза ауа, тыныштық. Далада емін-еркін ойнай аласың. Демалуға жайлы.

– ... ?

– Менің байқағаным, ауылдағы жергілікті тұрғындар өте еңбекқор. Ерте тұрып, іске кіріседі. Танның сұлулығын, күннің арайлап шығуын көре алады.

– ... ?

– Иә, әрине, қалада да көруге болады. Бірақ қалада үнемі қарбалас. Біз қалада мектепке асығып, үлкендер жұмысқа асығып, ол сұлулыққа аз мән беретін сияқтымыз.



2-тапсырма. Диалогке қатысушылардың пікірлерімен келісесіңдер ме? Ауыл мен қаланың тыныс-тіршілігінде айырмашылық бар ма? Өз ойларыңды білдіріңдер.



3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Мәтіннің тақырыбына, мазмұндық құрылымына мән беріңдер.

Сәдібектің бағы

Күн ыстық. Өзенге шомылып келген балалар сусын ішіп шөлдерін басқан соң, ауладағы ағаштардың көлеңкесіне келіп отырды. Саясы салқын! Сәлден соң ағаш басындағы жапырақтарды сыбдырлатып жел соқты. Жан жадыратар самал жел.

– Ой, қандай тамаша! – деп, қуанды мейман бала.

– Оған неге танданасын? – деді өзімен тетелес нағашы ағасының ұлы Темірлан.

– Желді айтам... Қатты ыстықтап едім...

– Ағаштардың көлеңкесі ғой салқын әкелген.

– Оның рас.

– Сендерде ондай емес пе? Ағаш жоқ па?

– Мәселе сонда ғой... Біздің үйдің маңайы жаланап, бір тал ағаш жоқ.

– Екпейсіңдер ме? Әлде су жоқ па?

– Өзен таяқтастам жерде, үйдің қасында құдық та бар. Ағаш өсіруге болады.

– Жай тал емес, жеміс ағашын отырғызу керек.

– Айтқаның жөн! Қай кезде еккен дұрыс?

– Дұрысы, көктемде отырғызыңдар. Күнде карап, суарып тұрыңдар. Жеміс ағашы аялап күткенді қалайды.

– Көшетті қайдан аламын?

– Кетерде бір талдан алма, шне, қарақат, қызылқат ағаштарын ала кет.

– Қурап қалмай ма?

– Жоқ, қурамайды. Сенің көкең «Нивамен» келеді ғой. Балапан көшеттерді тамырымен қазып, қапқа салып, жақсылап байлаймыз. Үстіне аздап су құямыз. Ауыл арасы үш-төрт сағаттық жер ғой, ештеңе етпейді. Бара сала бірден отырғызыңдар. Бәлкім, қар жауып, қыс түскенше ілігіп кетер.

Түсіндірме сөздік

Сая – көлеңкелі салқын жер.

Тетелес – жас мөлшері шамалас, қатар.

Мейман – қонақ.

Таяқтастам жер – жақын жер.

– Рақмет! – деді Сәдібек қуанып. – «Ағаш отырғызу – үлкен сауап», – дейді атам...

Т. Әбдірайым



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша пікір алмасындар.

1. Ағаштың қандай пайдасы бар?
2. Сәдібектің атасы неліктен «Ағаш отырғызу – үлкен сауап» дейді?
3. Қалай ойлайсындар, Сәдібек жеміс ағаштарын өсіре алды ма? Мәтінді өздерің аяқтап көріңдер.



5-тапсырма. Мына сөздерді қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

Күні-түні, қарбалас, отшашу, хауыз, ойын-сауық.



6-тапсырма. Өлеңді есте сақтап, жатқа айтыңдар.

Мен туған ауыл – Ай мекен,
Еске алмай жүрер күнім кем.
Баяғы достар қайда екен,
Бірге ойнап, бірге жүгірген?

Ф. Оңғарсынова



7-тапсырма. Туған жерлерің туралы мәтін жазыңдар. Сөзге қосымша жалғауда үндестік заңын ескеріңдер.



8-тапсырма. Берілген сын есімдерді мағынасына қарай бөліп, кестеге орналастырыңдар.

Сапалық сын есім	Қатыстық сын есім

Шымыр, нәзік, шулы, епті, тыныш, қалалық, жергілікті, қызық.

5-6-сабақ



Ауылда жүз түрлі жұмыс бар



1-тапсырма. Қоржындағы сөздерді оқып, тақырыптың не туралы екенін болжаңдар. Ойларыңды әсерлі, мазмұнды жеткізіңдер.



2-тапсырма. Суреттен қандай кәсіп иелерін көріп тұрсыңдар? Ауылда кездесетін тағы қандай кәсіп түрлерін білесіңдер? Диалог құрыңдар.



3-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдерді оқыңдар. Мұғалімнің көмегімен мағынасын түсініп, жаттап алыңдар.

Бейнетің қатты болса,
Татқаның тәтті болар.

Еңбек түбі – береке,
Көптің түбі – мереке.

Еңбегіне қарай өнбегі.

Бейнетсіз рақат жоқ.



4-тапсырма. Ауылдағы еңбек түрлерін атап, кластерді толтырыңдар.



5-тапсырма. «Ауыл» тақырыбына фотоколлаж жасаңдар.



6-тапсырма. Берілген сөздер қай кәсіп, мамандық иелеріне қатысты? Топтастырып айтыңдар.

1. Қой, қора, жайылым, қыстау, жайлау.
2. Егін, орақ, масақ, дән.

3. Мектеп, оқушы, білім, кітап, тақта.
4. Ине, мата, жіп, тігін мәшinesі.
5. Қармақ, ау, қайық, балық.



7-тапсырма. «Ауылым – алтын бесігім» тақырыбына эссе жазыңдар (90 сөз).

7-8-сабақ

Қала – мәдениет пен білімнің орталығы



1-тапсырма. Тақырыпқа назар аударыңдар. Сабақ не туралы болмақ?



2-тапсырма. Оң жақта берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қалада қандай мәдени орталықтар болады?
2. Білім орталықтарына нелер жатады?
3. Қалада демалысты қалай өткізуге болады?

ірі
белгілі
атақты
мәдениет
саябақ



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті ілік септігінің жалғауын жалғап, сөз тіркестерін толықтырыңдар.

Мәдениет... ордасы, қала... орталығы, ел... тірегі,
Алматы... тұрғыны, ауыл... баласы, қазақ... даласы,
жеңт... дәмі, отшашу... жаркылы, мұғалім... тапсыр-
масы.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Орталық мәдениет және демалыс саябағы

Орталық мәдениет және демалыс саябағы Алматы қаласының Медеу ауданында орналасқан. Саябақтың жобасын 1856 жылы ғалым Криштепенко салған және сол уақытта «Казенный сад» деп аталған.

1974 жылы саябақ қайтадан жөндеуден өтіп, суқоймасының жағалауына демалыс орындары мен аттракциондар салынды.

Саябақ аумағында балалар аттракциондары, балалар теміржолы, жазғы және қысқы демалыс орындары, хауыздар, спорт аланқайлары, хайуанаттар бағы, әртүрлі дәмханалар орналасқан.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



5-тапсырма. Сендер мәдениет және демалыс саябағына жиі барасыңдар ма? Саябақтағы демалысты қалай өткізесіңдер?



6-тапсырма. Берілген сөздерге көптік жалғауын жалғап, сөйлемдер құраңдар.

Аттракцион, жол, қала, алаңқай, саябақ, әткеншек, хауыз, дәмхана, хайуанат бағы.



7-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (6-аудио). Қандай ақпарат естеріңде қалды? Жұбыңның түсінген, түсінбегенін білу үшін, оған сұрақ қой.

Алматы – республикадағы ең сәулетті қалалардың бірі. Қала архитектурасы ұлттық элементтерімен ерекше. Қала аумағының табиғаты сұлу. Қалада Республика алаңы, Президент резиденциясы, Даңқ монументі, Республика сарайы, Қазақстанның Ғылым академиясының және Ұлттық кітапхана ғимараттары, Қазақ драма театры, «Қазақстан», «Отырар», «Рахат Палас», «Анкара», «Достық» қонақүйлері, Студенттер сарайы, Спорт сарайы, «Медеу» спорт кешені, Республикалық орталық мұражай т.б. көптеген мәдени, ғылыми және қала тұрғындарына арналып салынған ғимараттар бой көтерген.

1994–1996 жылдары Алматыда Тәуелсіздік монументі, әл-Фарабидің, Райымбек батырдың, Жамбылдың, Ә.Молдағұлова мен М.Мәметованың ескерткіш-мүсіндері ашылды.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



8-тапсырма. Үндестік заңын ескеріп, қосымшаны дұрыс жалғаңдар.

	-ды	-ның	-дің	-қа	-ке
мұражай					
кітапхана					
қонақүй					
ғимарат					
ескерткіш					

9-10-сабақ

Кітапхана – кемел дос



1-тапсырма. Елбасының сөзін зер салып оқып, жаттап алыңдар.

Мен жастарға тағы да айтамын: кітап оқыңыздар! Бүгінде ұлттың бәсекеге қабілеттілігі оның білім деңгейіне байланысты. Кітап адамды жан-жақты дамытады, ой-өрісін кеңейтеді.

Н. Назарбаев



2-тапсырма. Кітаптың адам өмірінде алатын орны жайлы өзара пікір алмасындар.



3-тапсырма. Берілген сөздерге сүйеніп, ауыл мен қала кітапханалары туралы әңгіме құраңдар. Әңгіме құрауда сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңдер.

Кітап, кітап қоры, каталог, іздену, сөре, сәулетті.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, ақпаратпен танысындар.

Елорда төріндегі Ұлттық кітапханаға келушілер саны жылдан-жылға өсіп келеді. Себебі бұл орталықта арнайы кітап бөлімдерінен бөлек, түрлі танымдық залдар, ал қорында миллионнан астам кітап бар. Кітап мұражайында көне қолжазбалардан бастап, құнды тарихи жәдігерлер де сақталған. Ыбырай Алтынсариннің хрестоматиясында, Әбілғазы Баһадүрдің шежіресін де осы жерден таба аласындар.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



5-тапсырма. Сендер тұратын жерде кітапхана, мұражай бар ма? Барып көрдіңдер ме? Несімен ұнады?



6-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тауып жазыңдар.

Негізгі сын есімдер:

Туынды сын есімдер:



7-тапсырма. Мақал-мәтелдерді аяқтаңдар.

Кітап пен ғылым – тілсіз

Кітап – алтын

Күш – білімде,

Білім –

Кітап – білім бұлағы,

Білім –

Кітап – көзі жұмыққа арзан,

Көзі ашыққа

Кітап – қаймақ, білім –

Кітап – оқығандікі, білім –

Керекті сөздер: қазына, өмір шырағы, кітапта, тоқығандікі, маржан, оймақ, мұғалім.



8-тапсырма. Қоржындағы сөздерді қатыстырып, кітапхана туралы шағын мәтін құраңдар.

11-12-сабақ

«Бәтенке, шұжық, балқаймақ»



1-тапсырма. Суретте не бейнеленген? Оларды сипаттаңдар.



Әнуарбек Дүйсенбиев (1931–1979) – қазақ балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, аудармашы. Балаларға арналған көптеген шығарманың авторы.



2-тапсырма. Өлеңді оқып, түсінгендеріңді айтыңдар.

Бәтенке, шұжық, балқаймақ

– Ақ сыыр-ау, ақ сыыр,
Ақиқатқа жақ сыыр.
Біз айтысып кеп тұрмыз,
Бір ақылды тап, сыыр.
Ақыл-ойға басыңыз,
Айтыңызшы шындықты,
Пайдалымыз қайсымыз,
Кім қадірлі, кім мықты?
Сыр сөйлей жөнелді,
Бір төңкеріп көздерін:

– Мына менен, әуелі,
Шыққансыңдар өздерін.
Шытынама, Балқаймақ,
Сені сүттен беріп ем.
Ал, Бәтенке, айқайлақ,
Жасалғансың теріден.
Сен де, Шұжық, безілдек,
Шығасың ғой етімнен.
Енді өзім, өзім деп
Екіленбе бетіңмен.

Сөйте тұра өзімді,
Мақтамаймын, таспаймын.
Әрқашанда сөзімді
Бақташыдан бастаймын.
Шалқытып ел табысын
Жайлауда жүр малшылар.
Қыс боранмен алысып,

Жаз жаңбырға малшынар.
Айтсам егер шындықты,
Сол қадірлі, сол мықты!
Көргін келсе бұларды,
Қазір бәрің ер маған! –
Олар асып қырларды,
Бір-ақ шықты фермадан.

Ә. Дүйсенбиев



3-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өлеңде қандай кейіпкерлер бар?
2. Олар не үшін таласты?
3. Спыр оларға не деп жауап берді?



4-тапсырма. Кестені толтырыңдар. Аталған өнімдер неден жасалған? Оларға сипаттама беріңдер.

Балқаймақ	Шұжық	Бәтенке

Күнделік

Күнделік – публицистикалық шығарманың бір түрі. Күнделік – жеке адамның әр күнгі оқиғаны, жай-жағдайды тізіп жазып отыратын дәптері. Қарапайым күнделіктерде көбіне жеке адамның өміріне қатысты деректер сөз етіледі. М.Мақатаев, Қ.Мырза Әлі, Л.Толстой, Ф.Достоевский т.б. ақын-жазушылар күнделік жүргізіп, оған өз ойларын мұқият түсіріп отырған.



5-тапсырма. Сендер күнделік жазасыңдар ма? Кешегі күндеріңнің елеулі оқиғаларын қағаз бетіне түсіріп, күнделік жазыңдар. Жазба жұмыстарыңда сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін орынды қолданыңдар.



6-тапсырма. Қай сөздерге көптік жалғауы жалғанады? Жалғанбаса, неліктен? Өз ойларыңды дәлелдеп жазыңдар.

сүт	бәтенке	балқаймақ	спыр
ақнқат	ақыл	ой	шұжық
ет	жаңбыр	боран	малшы



7-тапсырма. *Бәтеңке, шұжық, балқаймақ* сөздеріне төмендегі сын есімдердің қайсысы сәйкес келеді?

Сұйық, дәмді, сары, ақ, тұзды, қою, үлкен, қара, қалын, майлы.

13-14-сабақ

Еліміздің ірі қалалары



1-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, сұрақ-тарға жауап беріңдер.


- Өздерің тұратын қалада (ауылда) қандай көрікті орындар бар?
- Адамдар көрікті орындарға не үшін барады?
- Суреттерде қай қалалардың көрікті орындары көрсетілген?
- Суреттер бойынша 4 сөйлем құраңдар.

тамашалау
бас қала
серуендеу
ірі қала
тынығу





2-тапсырма. Төмендегі диаграммаға екі қаланың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын жазыңдар. Орфографиялық норманы сақтаңдар.



3-тапсырма. Төменде берілген сын есімдерге *-ырақ/-ірек; -лау/-леу; -дау/-деу; -тау/-теу* жұрнақтарын жалғап, сөйлем құраңдар.

Жана, үлкен, көп, суық, қызғылт, қатал, өзімшіл.



4-тапсырма. Өлеңді оқыңдар. Не түсіндіңдер?

Бәйтеректің басына сен шықтың ба?
Сарыарқаның саф ауасын жұттың ба?
Өзегінді жарып аппақ бір сезім,
Өз елінің ұлылығын ұқтың ба?..

Алатауда қалды жылдар ең асыл,
Есідін де жандай ыстық жағасы.
Жан даламның, –
Алматы мен Астана
Көздерінің ағы мен қарасы!

К. Ахметова



5-тапсырма. Өлең жолдарында сендер үшін қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестері кездесті? Сөздікті пайдаланып, олардың мағынасын ашыңдар.



6-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтар туралы сұхбаттасыңдар.

Күнделікті өмір, тыныс-тіршілігі, асығып-үсігіп, уақыт тапшы, бейімделу, құрт, кептеліс, жент, шопан, тынығу, шымыр.



7-тапсырма. «Астана мен Алматы – еліміздің бас қалалары» тақырыбына коллаж дайындаңдар.

15-16-сабақ

Ауыл мен қаланың тұрмыс-тіршілігі



1-тапсырма. Суреттерден не байқадыңдар? Өз пікірлеріңді білдіріңдер.



2-тапсырма. «Үшқоңыр» әнін мұғаліммен бірге айтып көріңдер.

Үшқоңыр

Сөзі: Нұрсұлтан Назарбаев

Әні: Алтынбек Қоразбаев

Үшқоңыр Алатаудың қойнауында,
 Әкемнің ізі қалған жайлауында.
 Қасқасу гүр-гүр тасып, гүлі еркелеп,
 Арқарлар жайылатын аймағында.

Қайырмасы:

Ай, Үшқоңырым, туған жерім,
 Рақым нұры тұнған жерім.
 Ай, Үшқоңырым, тал бесігім,
 Жүрегімде мәңгі есімін.

Бұл жерде тарих сырдың сынығы бар,
 Бабалар тұлпарының дүбірі бар.
 Бұл жерде Жамбыл – Жәкем өлең айтқан,
 Өнердің, ақындықтың тұғыры бар.

Шындары Төле бидің қалпағындай,
 Жазира жасыл әлем алқабындай.
 Жуасы, қарақаты, бүлдіргені
 Әжемнің шекер қосқан талқанындай.

Түсіндірме сөздік

Қойнау – таудың аңғары, іші.

Талқан – қуырылған бидай мен тарыдан жасалған майда ұнтақ.



3-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша сурет салыңдар. Суреттегі көріністі көршілеріңе сипаттап айтыңдар.



4-тапсырма. Сын есімдерді қатыстырып, бір күндерің туралы күнделік жазыңдар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін бойынша бір-бірлеріңе сұрақ қойыңдар.

Жазғы демалыс кезінде

Айнұр жазғы демалыс кезінде ауылға, әпкесі Айгүлдің үйіне қонаққа барды. Қалада өскен оған ауыл өмірі дәл бір ертегі сияқты.

Әр үйдің қорасында қой, ешкі, жылқы, сиыр бар. Олардың төлдері: козы, лақ, құлын, бұзау қандай әдемі, қандай сүйкімді!

Бір ешкінің кішкентай ғана ақ лағы бар еді. Айнұрға қатты ұнағаны сонша, жатса да, тұрса да оны қасынан тастамайтын болды. Емізікпен сүт те береді, шөп те жұлып аузына тосады.

Бір күні Сара апай: «Айнұр, саған осы ақ лақты сыйладық», – деді. Қуанғаннан Айнұрдың төбесі көкке жеткендей болды.

Лақ сондай әдемі, секіріп ойнақтап, кішкене мүйіздерімен Айнұрды сүзіп қояды...

«Балдырған» журналынан



6-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді теріп жазыңдар.



7-тапсырма. Топтық жұмыс. Ауыл мен қала өміріндегі жағдаяттарға мысал келтіріп, адамдардың іс-әрекетіндегі өзгешеліктерді сипаттаңдар.



8-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңдар.

1. Такырып бойынша не үйрендіңдер?
2. Сендер үшін такырыптың құнды жақтары қандай болды?
3. Сын есімдерді қаншалықты меңгердіңдер? Мысал келтіріндер.

3-ТАҚЫРЫП

ТАУЛАР СЫРЫ
М.Мақатаев. «Мен таулықпын»

1-2-сабақ

Таулар



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Бір-бірлеріңнің ойларыңды толықтырыңдар.

- Қазақстанда қандай таулар бар?
- Алматы қай таудың етегінде орналасқан?
- Таулы жерде нелер мекендейді?



2-тапсырма. Өлеңді түсініп оқыңдар. Автор тауды неге теңейді?

Тау – бір аңыз,
Тау – дастан.
Таусылмаған әу бастан.
Токтап қалған керуен,
Бір-бірімен жалғасқан.

М. Мақатаев



3-тапсырма. Екі қатардағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

Қар, тік, биік, асқар, жоғары.
Беткейі, шоқы, көшкіні, көтерілу, шын.



4-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, суреттегі көрініс бойынша шағын мәтін жазыңдар. Теңеу мен эпитеттерді қолданыңдар.

Өрлеу, гүріл, әдемілік, сарқырама.



РЕТТІК САН ЕСІМ

Реттік сан есім заттың саналу ретін, орын тәртібін білдіріп, *нешінші?* деген сұраққа жауап береді. Есептік сан есімдер дауыссыз дыбыстардан соң *-ыншы/-інші*, дауысты дыбыстардан соң *-ншы/-нші* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Бірінші байлық – денсаулық. Әлихан алтыншы сыныпта оқиды.*



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтарды қойып, берілген сөйлемдерді толықтырыңдар.

1. Қазақстанның бір... астанасы – Орынбор қаласы. 2. Екі мың он алты... жылы Рио-де-Жанейро қаласында жазғы ойындар олимпиадасы өтті. 3. Бурж әл-Араб қонақүйі биіктігі жағынан әлемде төрт... орын алады.



6-тапсырма. Берілген мәліметтерді толықтырыңдар. Таулар туралы тағы не білесіңдер?

Жер шарының төрттен бірін таулар алып жатыр. Ал адамдардың 10 пайызға жуығы таулы аймақта қоныстанған.

Таулар – өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін көптеген түрі үшін жайлы мекен. Сондай-ақ жердегі негізгі өзендердің бастауы.

Қазақстанда биік таулар оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарда таралған.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



7-тапсырма. Кім жылдам? Төмендегі сөздерден не байқадыңдар? Осы сөздерді не біріктіреді?

Жүзім, сегізкөз, Балтық, күшік, бірлік, тон, алтын.

3-4-сабақ

«Мен таулықпын»



1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, тірек сөздерді анықтаңдар. Өлеңде не туралы айтылған?

Мен таулықпын

Тау дейтін алып жүрек Ана туған,
Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.

Киіктің сүтін еміп ержеткенмін,
Қуат алып қыранның қанатынан.

Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам,
Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.
Күн алғашқы сәулесін маған шашып,
Маған келіп түнейді кара тұман.

Тау ұлымын,
Тау – менің дәу бесігім,
Мен оның әуресімін, сәулесімін.
Асқар шындар желпиді бесігімді,
Бір орамын ағытып сәлдесінін.

Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам,
Тау деген Ана туған дара тұлғам...
Тауға барып,
Көкке ұшып кетсем бе екен?
Ұстап алып қыранның қанатынан.

М. Мақатаев



2-тапсырма. Мен таулықпын, таудан жаратылғам, тау ұлымын деген сөз тіркестерінде кім туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар, неліктен автор өзін таулықпын дейді?



3-тапсырма. Өлеңнің бір шумағын жатқа жазыңдар.



4-тапсырма. Өлеңнің авторымен танысыңдар. Ақын туралы мәліметті толықтырыңдар.

Мұқағали Мақатаев (1931–1976) Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келген. Мұқағали – қазақтың лирик ақыны. Ақынның көптеген жыр жинағы бар. Өлеңдермен қатар көптеген поэманың авторы.





5-тапсырма. Мұғаліммен бірге төмендегі өлең жолдарының мағынасын ашыңдар.

Тау ұлымын,
Тау – менің дәу бесігім,
Мен оның әуресімін, сәулесімін.



6-тапсырма. Жұмбақтарды шешіп, сан есімдерді табыңдар.

Үш көзі бар қаз-қатар,
Кезек-кезек ашады.
Үшеуінен байқасаң,
Үш түсті нұр шашады.
(үштік)

Он екі көзі бар,
Тықылдақ сөзі бар.
Қос екі тілі бар,
Ал, кәне, біліп ал!
(саят)



7-тапсырма. «Тау баласымын» тақырыбына эссе жазыңдар (90 сөз). Әрбір азатжолды жүйелі құрастырып, мазмұнын ашыңдар.

5-6-сабақ

Әлемдегі биік таулар



1-тапсырма. Мәтінді оқып, өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.

Әлемде биіктігі 8 шақырымнан асатын 14 шың бар. Оларды «сегізмындықтар» деп те атайды. Олар Азияда көршілес Гималай және Қаракорым тау жоталарында орналасқан. Ең белгілі және ең биік тау жоталары – Гималай. Онда ең биік 10 шың бар. Гималай тауларын көру үшін Непал, Үндістан, Қытай (Тибет), Бутан, Пәкістан елдерінің біріне бару керек.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әлемде қанша биік шың бар?
2. Олар қандай тау жоталарында?
3. Бұл тау жоталары қай елдерді алып жатыр?

ЖИНАҚТЫҚ САН ЕСІМ

Жинақтық сан есім заттың жинақталған санын білдіріп, *нешеу?* деген сұраққа жауап береді. Жинақтық сан есімдер бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге *-ау (-еу)* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *Беретін мүлкің нешеу? Түйе біреу, ат екеу, қасқыр бесеу (І.Жансүгіров)*. Дауысты дыбысқа бітетін *екі, алты, жеті* деген есептік сан есімдерге *-ау, -еу* жұрнағы жалғанғанда түбірдің соңындағы *-ы, -і* дауысты дыбыстары түсіріліп қолданылады. Мысалы: *екеу, жетеу, алтау* және т.б. Жинақтық сан есімдер, әдетте, зат есімдермен тіркеспей, жеке қолданылады да, заттанып тұрады. Әрі сандық, әрі заттық мағынаны бірдей береді.



3-тапсырма. Цифрмен берілген сан есімдерді сөзбен жазып, кестеге орналастырыңдар.

4, 7, 9, 3, 5, 1, 2, 15, 86, 39.

Реттік сан есім	Жинақтық сан есім



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақтар қойып, диалог құрыңдар.

Мен демалыста тауға шықтым. Тастардың арасымен өрлеп, тау биігіне көтерілгенде, үңгірге кездестім. Үңгірдің аузы тар, биіктігі 2 метрден асады. 1–1,5 метр тар ауыздан өткен соң, әрі қарай кенеіе берді. Іші қап-қараңғы. Үшкір, тайғақ тастар өте көп. Тайғақ тастардан ақырын өтіп, шағын көлге тап болдым. Көлдің ені шамамен 15 метр, ұзындығы 20 метрдей. Көлдің суы сұп-суық екен...



5-тапсырма. Мәтінде берілген сан есімдерді реттік және жинақтық сан есімге айналдырыңдар.



6-тапсырма. 40, 1, 50, 6, 4, 7 сандары қатысқан мақалдар айтыңдар.



7-тапсырма. Сен білесің бе? Қазақтарда *жеті* киелі сан саналады. Жеті санымен байланысты табиғат құбылыстарын, аспан денелерін, туыстық атауларды атаңдар. Оларға түсінік беріңдер.

Үлгі: жеті ата – ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене.

7-8-сабақ

Қазақстан таулары



1-тапсырма. Суретте не бейнеленген? Сипаттаңдар.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Суреттер бойынша берген сипаттама, болжамдарың сәйкес келді ме?

Елімізде бірнеше танымал әрі табиғаты әсем таулар бар. Түрген шаткалы, Сарыарқа, Мұғалжар, Алтай, Тянь-Шань, Жонғар Алатауы – Қазақстандағы белгілі таулар. Сарыарқа Орталық Қазақстанда орналасқан. Орташа биіктігі – 500–600 метр. Сарыарқаның негізгі жауһары – Бурабай шипажай аймағы. Жергілікті тұрғындар бұл жерді «қазақстандық Швейцария» деп атайды. Мұғалжар – аса биік емес тас тізбегі, Орал тауларының оңтүстік сілемі. Мұғалжардың ең биік нүктесі – Үлкен Боқтыбай тауы (657 м). Маңғыстау таулары Каспий теңізіндегі Маңғыстау жартыаралында жатыр. Олардың құрамына Қаратаудың батыс және шығыс жоталары, Актаудың оңтүстік және солтүстік жоталары енеді. Қаратаудың ұзындығы – 117, Актаудың ұзындығы – 70 шақырым.

«Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығынан



3-тапсырма. Мәтінде айтылған таулардан бөлек, тағы қандай тауларды білесіңдер? Ойларыңды толықтырып, өзара сұхбаттасыңдар.



4-тапсырма. Мәтіндегі сан есімдерді реттік сан есімдерге айналдырып, сөйлемдер құраңдар.



5-тапсырма. Мәтіннен сан есімдерді теріп жазыңдар.

Төрт-бес үйлі ауылда үш-ақ бала. Ең кішкентайы – Ерік. Берік болса, күзде үшінші сыныптың есігін ашады. Оның інісі Серік бпыл бірінші сыныпты бітірді.

Балалар таң атса, үй көрмейді. Теңізде шалпылдатып шомылып жатқандары. Жиектен шырмауықтың собығын тереді.

Бүгін Берік оларды теңізге алып шықты. Мінгендері – ауқайық, су бетін ақырын сызып, жылжып келеді. Беріктің қолындағы қос ескек жалт-жұлт етіп, біресе жоғары көтеріледі, біресе төмен түседі...

З.Шүкіров



6-тапсырма. Сын есімдерді қолданып, өздерің тұрып жатқан елді мекеннің қандай жер екенін айтып беріңдер.



7-тапсырма. Жаңылташтарды жаңылмай айтыңдар. Сан есімдерді тауып, жинақтық сан есімге айналдырыңдар.

1. Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім.
Неше кіші ішік піштім?

2. Аркада алты арқар бар,
Қыркада қырық арқар бар,
Қырық арқарда қарт арқар бар.

9-10-сабақ



Алатау



1-тапсырма. Суреттен не көріп тұрсыңдар? Сипаттаңдар.





2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тірек сөздерді анықтаңдар.

Алатау тауы – Іле Алатауы, Күнгей Алатау, Теріскей Алатау, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы деген тау жоталары. Бұлар биік, шынды-құзды, жоғарғы жағы қалың мұздықтар мен қарлы шыңдар болып келеді. Көпжылдық қардан таулар үнемі ала болып жатады. Соған байланысты Алатау аталған.

Алатаудың табиғаты әсем, етегі толған ел, суы шпалы, ауасы таза, жері құнарлы. Жетпіс жылдай еліміздің астанасы болған жұмақ қала Алматы мен Талдықорған қалалары да осы таудың баурайында орналасқан. Тау қойнауындағы сандаған демалыс және сауықтыру орны, Медеу мұзайдыны, шаңғы спортына арналған кешенді орындар Алатаудың мәртебесін арттыра түседі.

«Экология жаршысы» кітабынан

Түсіндірме сөздік

Күнгей – күн сәулесі көбірек түсетін жағы.
Теріскей – сол-түстік жағы.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Алатау тауында қандай жоталар бар?
2. Ол жоталар қандай?
3. Неге Алатау деп аталған?
4. Алатаудың табиғаты қандай?



4-тапсырма. Топтық жұмыс. 1-топ мәтіннен ауыспалы мағынадағы сөздерді, 2-топ сын есімдерді, 3-топ деректі, дерексіз зат есімдерді теріп жазыңдар.



5-тапсырма. Өлеңді тыңдаңдар (7-аудио). Ақын тауды бейнелеуде қандай сөздерді қолданған?

Алатау

Тізілген таулары бар Жетісудың,
Ішінде орман, тоғай біткен нудың.
Дариядай сол таулардан тулап тасып,
Көресің тамашасын аққан судың.

Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.
Өрік пен алма, алмұрт, жемістер көп,
Бір татсаң, аузыңнан дәм кетпейтін.

Ж. Жабаев



6-тапсырма. Өлеңді негізге алып, Алатаудың суретін салыңдар. Кімнің салған суреті ұнады? Неліктен?



7-тапсырма. Кім жылдам? Құрамында «А» және «Р» әріптері бар төрт таудың атын атаңдар.



11-сабақ



Қарқаралы



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі негізгі және жанама ақпараттарды анықтаңдар.

Сарыарқаның көрікті жерлерінің бірі – Баянауыл таулары. Бір карағанда бұл таулар жазық даладағы арал сияқты көрінеді. Мұнда таңғажайып пішіндегі жартастар кездеседі: «Жалмауыз кемпір», «Шайтантас», «Тас бас» және т.б. Бұл жерде көрікті көлдер де жетерлік.

Баянауылдан оңтүстікке қарай Қарқаралы тауы орналасқан. Тауды шөлейттер қоршап жатыр. Бірақ қарағайлы сирек ормандар өскен беткейлер де кездеседі. Сонымен қатар саздардағы шөгінділерден жаз соңында қыстан сақталып қалған тоңды кездестіруге болады. Жергілікті халық мұндай жерлерді табиғи тоназытқыш ретінде пайдаланады.

Түсіндірме сөздік

Тоң – суықтан қатып қалған топырақ.

«Орталық Азия таулары» кітабынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Бір-бірлеріңнің ойларыңды толықтырыңдар.

1. Қарқаралы қай жерде орналасқан?
2. Қарқаралы несімен ерекшеленеді?
3. Баянауыл тауларында қандай жартастар кездеседі?



3-тапсырма. Теңеу мен эпитеттерді қолданып, Баянауыл тауын суреттеп жазыңдар.



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, мақалдарды оқыңдар.

- Асқар таудай ... бол,
- ... бұлағымен сәнді,
- Аппақ күндей ... бол.
- ... құрағымен сәнді.
- Асу бермес ... жоқ.
- Айғайлы жерде ... аз.

Керекті сөздер: жарық, көл, асқар, алып, тау, ақыл.



5-тапсырма. Жинақтық сан есімдерді қолданып, «Тау етегінде» деген тақырыпта шағын мәтін құраңдар.

12-13-сабақ

Оқжетпес



1-тапсырма. Суретте берілген көріністі сипаттаңдар.

- Бұл тау қалай аталады?
- Еліміздің қай өңірінде орналасқан?
- Ол жерге барып көрдіңдер ме?



2-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты өз сөздеріңмен жеткізіндер.

Оқжетпес тауы – Бурабайдағы ең танымал жер әрі Бурабай көлінің сәні. Биіктігі 300 метрдей. Оқжетпестің табиғаты көрікті. Төңірегінде бұғы, түлкі, шіл, құр мекендейді, ұшар басына бүркіт ұя салады. Қазақ халқының талай атакты акын-әншілері Оқжетпесті жырға қосқан, өздерінің ән-өлеңдерін арнаған. Оқжетпес маңы – туристік саяхат жасайтын өңір.

«Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығынан



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Оқжетпестің биіктігі қанша метр?
2. Ол жерде қандай көл бар?
3. Маңынан қандай жануарларды кездестіруге болады?



4-тапсырма. Сөздерді ретімен қойып, сөйлем құрастырыңдар. Сан есімдерді тауып, түрін анықтаңдар.

1. Желтоқсанның/таулар/халықаралық/он бірі/күні.
2. Үшеуміз/біз/бардык/Оқжетпеске.
3. Бурабайда/жолықтык/бүгін/екеуміз.
4. Жұмбақтаста/түстік/суретке/бесеуміз.



5-тапсырма. Мақалдарды түсініп тыңдап, жаттап алыңдар (8-аудио).

Жігітке жеті өнер де аз.

Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар.

Айла – алтау, ақыл – жетеу.

Біреу тоңып секіреді,

Біреу тойып секіреді.

Төртеу түгел болса,

Төбедегі келеді...



6-тапсырма. Мақалдардан сан есімдерді тауып жазыңдар. Олар қандай сан есімдер?



7-тапсырма. Тек сандардан сөзжұмбақ құраңдар.

С	А	Н		Е	С	І	М
---	---	---	--	---	---	---	---

14-15-сабақ

Тарбағатай тауы



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Бір-бірлеріңнің ойларыңды толықтырыңдар.

- Тарбағатай тауы туралы не білесіңдер?
- Бұл тау Қазақстанның қай өңірінде орналасқан?
- Бұл таудың Алатаудан қандай айырмашылығы бар?



2-тапсырма. Табиғат, тау, дала сөздерін қатыстырып, төрт жол өлең құраңдар.



3-тапсырма. Мәтінді оқып, Тарбағатай тауы туралы ақпаратпен танысыңдар.

Тарбағат ай тауы – Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы жерінде. Ең биік шыңы – Тастау. Биіктігі – 2991 метр. Жота батыстан шығысқа қарай 300 шақырымға созылып жатыр. Таудың етегіндегі шөлейтте – жусанды бетеге, бұта, тауаралық аңғарда – тау шалғыны және көктерек, жабайы алма, тобылғы, арша, солтүстік беткейінде тал басым өседі. Марал, тауешкі, арқар, аю, түлкі, борсық, қарсақ, суыр мекендейді. Таудың жоғарғы бөлігіндегі Альпі шалғыны – жазғы жайылым.

«Қазақстанның физикалық географиясы» оқулығынан



4-тапсырма. Кестеде берілген сөздерді ретімен қойып, сөйлем құраңдар.

Үлгі: Ең биік шыңы – Тастау.

А	Ә	Б	В
Тастау	биік	шыны	ен
етегінде	таудың	басым өседі	тал
биіктігі	шынның	метр	2991
көптеген	мекендейді	жануарлар	тауда



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тағы қандай табиғат апаттарын білесіңдер? Диалог құрыңдар.

Көшкін

Кейбір таулардың басында қар мәнгі жатады. Еріп жауған қар төмен қарай сырғып, бірте-бірте салмағы артып құлайды. Оған жолындағы қар қосылады да, ағылған қар көшкіні пайда болады.

Біреу тау шатқалын жанғырта айғайласа не қары қалың қия беттен аң жүгіріп өтсе, қар сусып, көшкің болады.

Қар көшкіні жолаушылар үшін өте қауіпті. Сол үшін радиодан ауа райы туралы хабар беріледі. Онда қар көшкінінің қаупі бар таулы аймақтар туралы да айтылады.

Қ. Қазыбеков



6-тапсырма. Берілген тіркестерді қолдана отырып, тақырыпты қорытындылаңдар.

Топырақтың үгілуі, судың гүрілі, абайсызда құлау, қияға өрлеу.



Өзіңді тексер!

1. «Отан» өлеңіне қатысты қатарды белгілеңдер.

а) мектеп, бала;	б) өлке, ата-ана;
ә) табиғат, құбылыс;	в) қоғам, әлеумет.
2. Деректі зат есімді табындар.

а) достық;	б) доп;
ә) балалық;	в) сыйластық.
3. М.Әуезовтің романы:

а) «Абайдан сон»;	б) «Еңлік-Кебек»;
ә) «Абай жолы»;	в) «Жетім».
4. Сапалық сын есімді табындар.

а) дәріс;	ә) таза;	б) бор;	в) гүл.
-----------	----------	---------	---------
5. Ә.Дүйсенбіевтің «Бәтенке, шұжық, балқаймақ» өлеңінің мазмұны бойынша әңгіме құраңдар.
6. Күнделік не үшін жазылады?

а) мәліметтер алу үшін;	б) бір адам туралы мәліметтердің нақты берілуі үшін;
ә) сауатты жазу үшін;	в) жеке адамның жазып отыратын дәптері.
7. Көптік мәнді білдіретін есімді табындар.

а) қалам;	ә) кесе;	б) кітап;	в) қол.
-----------	----------	-----------	---------
8. Жинақтық сан есімді табындар.

а) бірінші;	ә) алтау;	б) үш;	в) он жетінші.
-------------	-----------	--------	----------------
9. Алатау тауын сипаттап жазыңдар.

4-ТАҚЫРЫП

ҚУАТ КӨЗІН ҮНЕМДЕЙ
БІЛЕМІЗ БЕ?

М.Жұмабаев. «От»

1-2-сабақ

Электр қуаты



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Ойларыңды өзара толықтырыңдар.

- Біз қуат көздерінен не аламыз?
- Қуат көздерін үнемдеудің тиімділігі неде?



2-тапсырма. Ақпаратты тыңдаңдар (9-аудио). Мәтіннің мазмұнын түсініңдер.

Бүгінде электр үнемдейтін шамдар көп кездеседі. Қарапайым шамдардың орнына энергия үнемдеуші шамдарды қолданған жөн. Өйткені энергия үнемдеуші шамдар қарапайым шамдарға қарағанда электр қуатын 5-6 есеге аз тұтынып, бірдей жарық береді. Сонымен қатар энергия үнемдеуші шамдардың пайдалану мерзімі қарапайым шамдармен салыстырғанда сегіз есеге артық. Энергия үнемдеуші шамдар электр қуатын 80 пайызға жуық үнемдейді.

Түсіндірме сөздік

Тұтыну – пайдалану.

Ж. Амангелді

3-тапсырма. Тыңдалған мәтіннің негізгі және қосымша ақпараттарын анықтаңдар.



4-тапсырма. Тақырып бойынша диалогті жалғастырыңдар. Ойларыңды толықтырыңдар.

- Сәлеметсіз бе?
- Қалың қалай, балам?
- Жақсымын, аға. Не істеп жатырсыз?
- Электр шамын ауыстырып жатырмын.
- Не үшін ауыстырып жатырсыз?
- Себебі бұл қарапайым шам емес, электр қуатын үнемдейтін шам.
- Жақсы екен, мен де әкеме осындай шам орнатайық деп айтайын.
-



5-тапсырма. Төмендегі сөздерден сөйлем құраңдар.

Балауыз, жалғау, жұмсау, жылыту, күйю.



6-тапсырма. Төменде берілген сөздерді көп нүктенің орнына қойып, жұмбақтарды шешіңдер.

Кино менен концертті
 Үйде ... беремін.
 Жаналығын бар елдің
 Өз ... көремін. (*двопәргәл*)

(*тәңішәһәһәһә*)
 Іші салқын, ... бар,
 Күннен қашқан қой сыңды.
 Жылыда ... бұзылар,
 Барша тағам тығылар.

Еденді кеп жаласа,
 Қалдырмас ол түгін де.
 Аузына оның таласа
 Бар ... жүгінді.
 Тазалауы тамаша,
 Кілем мен ... ,
 Жайнайды қараса. (*тәңдәһәһәһә*)

Қызып кетсе ... ,
 Бар жалғыз-ақ алаңы.
 Бар жалғыз-ақ шатағы –
 (*шәһә*) Іздей бастар

Керекті сөздер: матаны, тез, алаша, көзіммен, кикым, қойып, табаны, мұзы.



7-тапсырма. Энергия туралы қызықты деректерді оқып, естеріңде сақтандар.

- Электр шамындағы энергияның 10 пайызы ғана жарық шығаруға жұмсалады. Қалған 90 пайыз энергия жылу шығаруға кетеді.
- АҚШ-тағы тоназытқыштардың пайдаланатын электр энергиясы елдегі 25 ірі электрстансысының шығаратын энергиясына тең.
- Күн жарығының энергиясы бүкіл адамзат баласының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жетеді.
- 2030 жылға дейін әлем халқы пайдаланатын энергияның мөлшері қазіргімен салыстырғанда 55 пайызға өседі деп болжанып отыр.

- Әлемдегі ең үлкен гидроэлектрстансы Қытайдағы «Үш Бөгет» болып табылады. Бұл алып стансы миллиондаған қытайлық тұрғынды энергиямен қамтамасыз етеді.

bilimland.kz сайтынан

ЕСІМДІК

Есімдіктер – зат есім, сын есім, сан есімнің атын да, белгісін де, санын да атамайтын, бірақ солардың орнына жұмсалатын сөз табы. Мысалы: *Ол енді қалада оқиды. Мен оған хат жазып тұрамын.*

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді. Олар: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, болымсыздық және белгісіздік есімдіктері.



8-тапсырма. Есімдіктерді қолдана отырып, «Электр қуатынсыз бір күн» тақырыбына шағын эссе жазыңдар (90 сөз).

3-4-сабақ



Болашақтың энергиясы



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтаңдар.

1. «EXPO-2017» көрмесі туралы не білесіңдер?
2. Оның еліміз үшін тигізген пайдасы қандай деп ойлайсыңдар?
3. «Болашақтың энергиясы» дегенді қалай түсінесіңдер?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (10-аудио). Негізгі ой не туралы?



«EXPO-2017» Қазақстанның елордасы Астана қаласында 2017 жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтті.

Біздің елдің ұйымдастырушыларының тарапынан ұсынылған «Future Energy», яғни «Болашақ қуаты» тақырыбы сарапшылардың көңілінен шығып, «EXPO-2017» халықаралық көрмесінің тақырыбы ретінде қолдау тапты.

Астанадағы «EXPO-2017» көрмесі ТМД елдері мен Орталық Азия аумағында өткізілген ең алғашқы халықаралық деңгейдегі көрмеге айналды.

bilimland.kz сайтынан



3-тапсырма. Тақырып бойынша диалогті жалғастырыңдар. Ойларыңды толықтырыңдар.

- Жа рас, қалайсың?
- Сәлем, Дина. Жақсымын. Өзің қалайсың?
- Жақсы. Астанаға барып, «EXPO-2017» көрмесін тамашалап келдім.
- О, қандай керемет! 115 павильоннан тұрады деген еді. Қай елдің көрмесі ұнады?
- Иә, түгел аралап шығуға бір күн жетпейді десе де болады. Маған Қазақстан мен Корея мемлекеттерінің экспонаттары қатты ұнады.
- Қандай тамаша! Қап, мен «EXPO-2017» көрмесіне бара алмай қалдым.
-



4-тапсырма. «Мен өнертапқыш болсам...» деген тақырыпта ой өрбітіндер.

Мен өнертапқыш болсам, ойлап табар едім. Оның жаңалығы Оның қоғам үшін пайдасы



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің қай түрі? Стыльдік ерекшелігін анықтаңдар.

EXPO-ның негізі н қалаушы болып ханзада Альберт есептеледі. Алғашқы Бүкіләлемдік көрме 1851 жылы Лондонда Гайд саябағында өткізілген. Көрменің назар аударарлық ғимараты таза шыны мен болаттан тұрғызылған.

Алғашқы көрмеде сол кезде әлемде өндірілген заттардың барлығы болған. Әсіресе құрал-жабдықтар бөлімі ерекше әсер қалдырған: бу-қозғалтқыштар, стереофотосуреттер, американдық Чарльз Гудьир ойлап тапқан ысытылған резенке, қойылтылған сүт, консервіленген азық-түлік, мүгедектерге арналған протездер, шыны көздер, стоматологиялық креслолар және басқа да заттар.

bilimland.kz сайтынан



6-тапсырма. «EXPO-2017» көрмесі туралы мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер құраңдар.

Түсініктеме

Түсініктеме еңбек тәртібі бұзылған жағдайда, оқу жағдайында болған іс-әрекеттің қалай өткенін түсіндіру мақсатында мекеме басшысына жазылады. Түсініктемені қысқа әрі тұжырымды жазу керек.

Түсініктеме жазу үлгісі

*№25 мектеп-гимназия
директоры С.Т.Талғатовқа
б «А» сынып оқушысының
ата-анасы
Г.С. Сақтағановадан*

Түсініктеме

Наурыздың алтысы күні ұлым Тоқтарұлы Мақсат отбасылық жағдайға байланысты сабаққа келе алмады. Алдағы уақытта сабақтан себепсіз қалдырмауға тырысамын.

Ата-анасы : _____ (қолы)

Күні, айы, жылы :



7-тапсырма. Сыныбыңмен бірге баратын іс-шараға белгілі себептермен келе алмай қалдың. Ертесіне сынып жетекшің келмегенің үшін түсініктеме жазуыңды талап етті. Сен түсініктемені қалай жазар едің?

5-6-сабақ



Электр қуатын үнемдеу – басты қажеттілік



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (11-аудио). Не туралы айтылған? Сұхбаттасыңдар.

Электр қуатын көп тұтыну – оны өндіруге жұмсалатын шикізат көздерін көп пайдалануға ғана емес, **жаһандық** экологияға да залал келтіруде. Сондықтан адамзат болашағы үшін алаңдайтын әрбір азамат электр қуатын күнделікті тұрмыста үнемдеуі керек. Ұялы телефон, ноутбук секілді құрылғылардың қуаттағышын токтан ылғи ажыратып отырған дұрыс. Өйткені ток көзіне қосылып тұрған құрылғы энергия **тұтынады**. Бірер күнге басқа жаққа кетерде шамды **өшіріп** қана қоймай, ток көзінен теледидар, музыкалық орталық, DVD ойнатқыштарды да суырып кеткен жөн. Олар токқа қосылып тұрса, аз да болсын энергия шығындап отырады. Қуат көзін керек

ететін заттарды пайдаланғанда да мұқият болындар. Мысалы, киім үтіктеп жатқанда телефон шырылдаса, үтікті суырып барып, коньрауға жауап беріндер.

Ж. Амангелді



2-тапсырма. Қарамен берілген сөздерді мағыналас сөздермен ауыстырып айтындар.



3-тапсырма. Тақырыпқа сай мәліметтерді жинақтай отырып, кластерді толтырындар.



4-тапсырма. Қиялға кезек берейік! Болашақта адам тұрмысын жеңілдететін тағы қандай техникалық құралдарды ойлап табар едіңдер?



5-тапсырма. Мақал-мәтелдердің жалғасын табындар.

- | | |
|-----------------------------|--------------------------|
| 1. Жеті рет өлшеп, | 5. Көрпене қарай |
| 2. Есептей білгеннің | 6. Ақыл азбайды, |
| 3. Судың да | 7. Ақшаны табудан |
| 4. Теңге | |

Керекті сөздер: бір рет кес, сұрауы бар, есесі кетпейді, тыннан құралады, шашу онай, көсіл, білім тозбайды.



6-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріңдер.

көмір	құрал
қуат	алабы
мұнай	шам
есептеуіш	көзі
балауыз	отыны



7-тапсырма. INSERT кестесін толтырыңдар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағаныма қайшы	Мен үшін жана ақпарат	Білгім келеді

7-8-сабақ

«Өзім – күнмін, өзім – от»



Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабаев (1893–1938) Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданында дүниеге келген. Ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі.



1-тапсырма. Өлеңнен үзінді тыңдаңдар (12-аудио). Не туралы айтылған?

Түсіндірме сөздік

Иман – адамгершілік, ізгілік.

От


Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от,
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәңірі – от.
Оттан басқа Тәңірі жоқ...

...Қараңғылық бұққанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын;
Жүрегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынменен жуғанмын.
Жүрегім де, жаным да – от,
Иманым да, арым да – от...

М. Жұмабаев



2-тапсырма. Өлең шумақтарын негізге алып, кластерді толтырыңдар.





3-тапсырма. Ақын неліктен өзін отқа теңейді? *От* сөзін естігенде сендерге қандай ой келеді?



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңдар.

Отты шашуға, ... болмайды. Отбасының берекесі кетеді.
Отты, ошақты Отқа Отпен

Керекті сөздер: аттама, ойнама, түкірме, басуға.

ӨЗДІК ЕСІМДІК

Қазақ тілінде өздік есімдікке жалғыз ғана өз сөзі жатады. Бұл есімдік көбінесе *өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз* деген сияқты оңаша және ортақ тәуелдеулі түрде қолданылады.

БЕЛГІСІЗДІК ЕСІМДІКТЕРІ

Белгісіздік есімдіктері деп мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздерді айтамыз.

Белгісіздік есімдіктердің жасалуына *бір, әр, әлде* деген үш сөз ұйытқы болып қызмет атқарады. Белгісіздік есімдіктері осы сөздердің кейбір басқа есімдіктермен бірігуі арқылы жасалады. Мысалы:

- 1) *біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме;*
- 2) *әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай;*
- 3) *әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан.*



5-тапсырма. Өлеңнен өздік есімдіктерді тауып, олардың қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.



6-тапсырма. Кестедегі есімдіктер мен сөз тіркестерін сәйкестендіріңдер.

өзіме-өзім	дауыс естіледі
әлдеқайдан	сабағымды дайындадым
бірдеме	от жақты
өзім	серт бердім
бірнеше	айтқысы келді
әлдекім	көлікті көрдім



7-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, «От» өлеңіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім.



8-тапсырма. Ребусты шешіңдер. Шыққан сөзге мысалдар келтіріңдер.



”



””



”



”

””



9-10-сабақ

Қуат көзі



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (13-аудио). Қандай ақпарат берілген?

1. *Жасырын сақтық қуат көзі.* Ұялы телефонының қуаты таусылып бара жатса, *3370# кодын тер, телефон қайта қосылғанда 1/2 қуатын қайта жинап алады. Жасырын сақтық қуат көзін қосқаннан кейін міндетті түрде телефонды зарядтау керек.

2. *Қуат көзін сарқа тауысып зарядқа қою қате.* Ұялы телефонды қолданушылар өз құрылғысының қуаты сарқа таусылғаннан кейін барып ток көзіне қосып жатады. Қазіргі телефондардың көбі никель сутекті қуат сақтағыш болғандықтан, батареяның қуаты әбден таусылғаннан кейін ток көзіне қосса, оның ғұмыры қысқаруы мүмкін.

bilimland.kz сайтынан



2-тапсырма. Ұялы телефонның басқа да құпияларын білесіңдер ме? Ойларыңды айтыңдар. Достарыңа сұрақ қойыңдар.



3-тапсырма. Тыңдалған мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңдар.

БОЛЫМСЫЗДЫҚ ЕСІМДІКТЕРІ

Болымсыздық есімдіктері, негізінен, *еш* деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады. Мысалы: *еш, ешкім, ешбір, ештеме, ешқашан, ешқандай, ешқайсысы*. Болымсыздық сөйлемде болымсыздық мағына білдіретін *емес, жоқ* деген сөздермен және етістіктің болымсыз түрімен байланысты қолданылады (*ешкім айтқан емес, ешкім айтқан жоқ, ешкім айтпады* т.б.).

ЖАЛПЫЛАУ ЕСІМДІКТЕРІ

Жалпылау есімдіктері деп мағына жағынан кем дегенде екі я одан да көп заттар мен құбылыстарды жинақтай атау үшін қолданылатын сөздерді айтамыз. Жалпылау есімдіктеріне *бәрі, барлық, барша, бар (бар адам), күллі, бүкіл, түгел* деген сөздер жатады.



4-тапсырма. Мәтінде қандай жоба туралы айтылған? Мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстырыңдар.

Қазақ тілін үйрететін мобильді қосымша жасаған екі дос

Қазіргі таңда IT технологиясын еркін меңгерген білімді, жасампаз оқушыларды қолдау мақсатында «Infomatrix жобасы» атты халықаралық жарыс өткізілді. Бұл халықаралық жоба 4 секциядан тұрады: Programming, Computer art, Hardware control, Robotics. Онда барлығы 10 мемлекеттен 50-ге тарта жоба қатысқан. Ал жалпы саны 4 секция бойынша 272 жобамен 500-ге жуық оқушы сайысқа түскен. Павлодардағы «Білім-инновация» лицейінің шәкірттері Шыңғыс Рахат пен Абдулғафар Берсүгір осы жобада өздерінің бақтарын сынап, үшінші орынға ие болды. Олар қазақ тілін үйрететін мобильді қосымша жасап шығарды. Ол үшін қазақ тілінің заңдылығын жазған ғалымдардың еңбектерін көмекші құрал ретінде қолданған. Ана тілімізді жаңадан үйреніп жатқан адамдар үшін қазақ тілінің ережелерін, заңдылығын бірден игеріп кету қиынға соғады. Бұл мобильді қосымшаға деңгейлік кезеңдер бойынша тапсырмалар мен көмекші сөздер енгізілген. Сондай-ақ қалыптасқан ауызекі сөйлеу тілінің бірнеше баламасы ұсынылған.

bilimsite.kz сайтынан



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Infomatrix жобасы» туралы көпшілік біле ме?
2. Бұл жоба қанша секциядан тұрады?

3. Біздің еліміздің атынан кімдер бақ сынады?
4. Қалай ойлайсыңдар, қазіргі кезде осындай мобильді қосымшаға сұраныс бар ма?
5. Болашақта қандай жетістіктерге жетуді армандайсыңдар?



6-тапсырма. Мәтіннен есімдіктерді тауып, мағыналық түрін ажыратып жазыңдар.



7-тапсырма. Сөздерге болымсыздық және жалпылау есімдіктерін қатыстырып, сөйлем құрап жазыңдар.

сұраным
тұтынушы

көмір
жап-жарық

шығын
жану

отын

11-12-сабақ

Электр шамдары



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тірек сөздерді анықтаңдар (14-аудио).

Электр қуатын үнемдеудің түрлі жолдары бар. Жарықтан бас тартпай-ақ электр энергиясын аз тұтынатын шамдарды кеңінен қолдануға болады. Жарық көздерінің барлығын жарықдиодты шамдарға алмастыру қажет. Жарықдиодты шамда газ бен қыздыру жібі болмайды, шыны сауыпы және қауіпті жылжымалы бөлшектері де жоқ. Жарығы тұрақты, көзге кері әсері жоқ. Қуат көзін үнемдеумен қатар, денсаулыққа да зиян емес.

А.Оспанбай



2-тапсырма. Тыңдаған ақпараттарың бойынша электр шамдарының қасиетін айтыңдар. Адам өміріне пайдасы мен зияны қандай?



3-тапсырма. Электр шамдарының басқа қандай түрлерін білесіңдер? Жарықдиодты шам туралы не білесіңдер? Тыңдалымда берілген электр шамдарымен салыстырыңдар. Артықшылығы мен кемшілігі неде?



4-тапсырма. Мақалдардағы есімдіктерді тауып, көшіріп жазыңдар. Есімдіктің қай түрі екенін ажыратыңдар.

Ана сүтін ақтамағанды
Ешкім мақтамайды.

Біреуді азаптағанын –
Өзінді мазақтағанын.

Жақсы болсаң, жердей бол,
Бәрін шыдап көтерген.
Таза болсаң, судай бол,
Бәрін жуып кетірген.

Өзге елде сұлтан болғанша,
Өз елінде ұлтан бол.



5-тапсырма. «Қуат көзін қалай үнемдейсің?» тақырыбына сауал (анкета) парағын әзірлеп, жұптарыңа беріңдер. Пікірлерін біліңдер.



6-тапсырма. Жұмбақтарды шешіп, өздік есімдіктерді табыңдар.

Зыр жүгіріп шегенің
Ізін қуып келемін.
Сол ізбенен өзімнің
Сырымды ашып беремін.



Көрінбейді көзіңе,
Тіл қатпайды өзіңе.
Жығады ол күн сайын
Балуандардың өзін де.

Өмірі шықпай үйден бір,
Өз үйін өзі сүйреп жүр.



7-тапсырма. Бүгінгі сабақтан қандай ой түйдіңдер? Электр қуатын үнемдеудің қандай тиімді жолдары бар екен? Ойларыңды дәлелдеп жазыңдар.

5-ТАҚЫРЫП

АСТАНА – МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ

Ә.Ысқақ. «Күн ұлымын»

1-2-сабақ

Ел жүрегі – Астана



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Астана қаласы басқа қалалардан несімен ерекшеленеді?
2. Астанада қандай монументтер мен ескерткіштер бар?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Сурет бойынша мәтінді жалғастырыңдар.



Астана – күн санап өсіп келе жатқан әдемі, көрікті жерлері көп қала. Бүгінде Астананың аты әлемге әйгілі.

Қазақ елі болашағының қаласы – мәдениеттің, ғылым мен білімнің ордасы. Қала әдемі Есілдің жағасында орналасқан. Көрме кешендері, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті, Назарбаев университеті қаланың ажарын аша түседі. Опера және балет театры, Президент орталығы, Тәуелсіздік пен Отан қорғаушылар құрметіне тұрғызылған тұғырлар, тарихи қайраткерлерге арналған ескерткіштер, көптеген спорт кешені, «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Президент сарайы», бизнес орталықтары – көзғартарлық әсем. Астананың көшелері кең әрі таза. Қаланың әсемдігіне қарап көзін тоймайды...

bilim_all.kz сайтынан



3-тапсырма. Астана қаласындағы мәдениет пен өнер ордаларын атап жазыңдар.



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындап, жұптарыңмен диалог құрыңдар.



5-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Астана

Астанам! Ару қалам, асқақ ордам,
Қалың жұрт, қазағыма қақпа болған.
Ту ұстап, тұлпар мінген бабаларым,
Бермеген ел намысын жатқа қолдан.
Сан ғасыр армандаған Алаш бабам,
Жалғанды жалт қаратты жаңа Астанам.
Бірлікті байрақ етіп болашаққа,
Барайын, уа, Жаратқан, жол аш маған!

Қ. Сарин



6-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдерін өлең жолдарынан тауып жазыңдар.

Халық, бас қала, шаһар, ту, келешек, ынтымақ.



7-тапсырма. «Синквейн» стратегиясы бойынша Астана қаласы туралы бес жолды өлең құрастырыңдар.

1. Зат есім: ...
2. Сын есім: ... , ...
3. Етістік: ... , ... ,
4. Сөйлем құрау:
5. СИНОНИМ: ... , ... + ... +

3-4-сабақ



Театр мәдениетін сақтай білеміз бе?



1-тапсырма. Театрға барып көрдіңдер ме? Қандай қойылымдарға барып көрдіңдер? Әртістердің ойындары ұнады ма? Астана қаласында қандай театрлар бар?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (15-аудио). Не туралы айтылған? Театр туралы тағы не білесіңдер?

Рухани кемелдік пен мәдени өсуге ықпал ететін бірден-бір орын – театр. Театр – өнеге көзі, тәрбие ошағы. Қазақ сахнаны киелі санайды. Бүгінде ірі қалалардың бәрінде театр бар.

Театр, бір жағынан, өнер, екінші жағынан, адам өмірінің сан алуан қырын шынайы бейнелейтін алаң.

Театр адамның ой-санасын жетілдіреді, өмірдің мұңды, қызықты сәттерін көрерменге жеткізеді.

«Ұлан» газетінен



3-тапсырма. Мәтінді әрі қарай өз ойларыңмен толықтырып жазыңдар.



4-тапсырма. Кім жылдам? Өнер туралы мақал-мәтел айтып жарысыңдар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде айтылған қағидаларды орындайсыңдар ма? Мәтін мазмұны бойынша жұптарыңмен диалог құрыңдар.

Кез келген ортаның өз заңы не мәдениеті болады. Театр – нағыз өнердің ордасы. Ал мұндай киелі де рухани ордада мәдениет сақтамау – ұят. Театрда сақталуы тиіс қағидалар:

- қойылымға уақытынан бұрын не кешікпей кел;
- үстіне сол ортаға сай киімді ки;
- қойылым басталар алдында ұялы телефоныңды дыбыссыз режимге қой не сөндіріп таста. Сырттан келген қоңырау сені ғана емес, қасыңда отырған көрермендерді де мазалайды;
- қойылым басталысымен-ақ басқа шаруаның бәрін қойып, бар көңіліңді сахнаға бұр;
- қойылым біткен соң көрермендермен бірге тұрып, қошемет көрсет.

И. Бөлекбаева



6-тапсырма. Театр дегенде алдымен ойларыңа қандай сөздер түседі? Тізімді жалғастырыңдар.

Күләш Байсейітова атындағы Опера және балет театры, Максим Горький атындағы Орыс драма театры, Қалибек Қуанышбаев атындағы Музыкалық драма театры, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры...



7-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сабақ барысында көңіл күйің қандай болды? Неліктен?
2. Бүгін сабақта не білдіңдер? Бұрын не білетін едіңдер?
3. Қандай тапсырма орындауда қиындық келтірді?

5-6-сабақ



Менің өмірбаяным



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өмірбаян деген не?
2. Сендер өздеріңнің өмірбаяндарыңды жазып көрдіңдер ме?
3. Өмірбаянда қандай мәліметтер беріледі?

Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жазылған ресми құжат. Өмірбаян оқуға түсу, жаңа қызметке орналасу кезінде жазылады. Ол таза қағазға қолмен, кейде арнайы бланкіге бірінші жақта жазылады. Онда азаматтың аты-жөні, туған жылы, күні, айы және туған жері, ұлты, отбасы жағдайы, білімі, бітірген оқу орындары, қызметі мен жұмыс тәжірибесі туралы және тағы басқа қосымша мәліметтер көрсетіледі.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (16-аудио). Кіммен таныстыңдар?

Өмірбаян үлгісі

Мен, Әмина Арманқызы Амантай, 2005 жылы 19 шілдеде Алматы қаласында тудым. Ұлтым – қазақ. 2011 жылы Алматы қаласындағы №15 мектеп-гимназиясының бірінші сыныбына бардым. Қазір осы мектептің алтыншы сыныбында оқимын.

Қосымша мәліметтер : орыс, ағылшын тілдерін жақсы білемін. Аздап түрікше сөйлеймін. Достарыммен оңай тіл табысамын. Бос уақытымда музыкамен, спортпен айналысамын, көркем әдебиетті көп оқимын.

Мекенжайым: Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 142-үй, 22-пәтер.



3-тапсырма. Әмина Арманқызы Амантай туралы мәліметтерді толтырыңдар.

Аты-жөні _____

Ұлты _____

Туған күні, айы, жылы _____

Туған жері _____

Оқитын мектебі _____

Тілдік дағдылары _____

Қосымша мәліметтер _____



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру арқылы өз өмірбаяндарыңды жазыңдар.

1. Сенің аты-жөнің кім?
2. Қай жерде және қашан дүниеге келдің?
3. Қай мектепте оқисың?
4. Нешінші сыныпта оқисың?
5. Қай тілде еркін сөйлейсің?
6. Бос уақытыңда немен айналысасың?

Түйіндеме (Резюме)

Түйіндемеде белгілі бір адам туралы мәліметтер ықшам, нақты түрде беріледі. Сауатты әрі толық жазылған түйіндеме жақсы әсер қалдырады.



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Түйіндеменің өмірбаяннан айырмашылығы неде?
2. Түйіндеме не үшін жазылады?
3. Түйіндемеде қандай мәліметтер болу керек?



6-тапсырма. Берілген үлгіге қарап, өздеріңнің түйіндемелеріңді жазыңдар.

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы

Мақатаев к-сі, 142-үйі, 22-пәтер
телефон: +77087010017

ӘМИНА АРМАНҚЫЗЫ АМАНТАЙ

Туған жылы:
Ұлты:
Білімі:

19.07.2005
казак
№15 мектеп-гимназиясының алтыншы
сынып оқушысы

Тілдік дағдылары:	қазақ тілі – ана тілі, орыс тілі – еркін, ағылшын тілі – өте жақсы
Компьютерлік сауаттылығы:	интернет
Жеке қасиеттері:	ұстамдылық, жауапкершілік, ұқыптылық, көшбасшылық, достармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік
Қосымша ақпараттар:	«Қазақ тілінен» олимпиада жеңімпазының дипломы (Алматы қ., 2015 ж.) Ағылшын тілінен «British Bulldog» ойын конкурсының арнайы сертификаты (Алматы қ., 2016 ж.)
Қызығушылығы:	музыка, би, кітап оқу, спорт, саяхат



7-тапсырма. Жұптарың жайлы қандай жаңа мәліметтер білдіңдер? Бір-бірлеріңмен әңгімелесіңдер.

7-8-сабақ



Кино әлемінде



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кинотеатрға жиі барасың ба?
2. Қандай кино көргенді ұнатасың?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннен тірек сөздерді табыңдар.

Кино өнері – өнердің бір саласы. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер: кинодраматург, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор, продюсер, каскадер, экономист, менеджер т.б. қатысады.



3-тапсырма. Мәтіндегі өздеріңе таныс мамандық иесі туралы сөйлем құраңдар.



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Отандық киноөнімдерден қай киноны атай алар едіңдер?
2. Қазақстанның қандай белгілі әртістерін білесіңдер?

3. Қай актердің әртістік шеберлігі ұнайды?
4. Суреттерд егі әртістер сендерге қай фильмдерден таныс?



5-тапсырма. Ақпаратпен танысып, қысқаша баяндаңдар. Негізгі ойды анықтаңдар.

«Ана ға апарар жол» («Дорога к матери») картинасының негізгі сюжеті – ана махабатының қуатты күші.

Оқиғаның негізгі желісі қазақ халқының басына түскен ауыр кезенмен тұспа-тұс келген: ұжымдастыру, жұт, соғыс және соғыстан кейінгі жылдар. Картинаның басты кейіпкері – Ілияс. Ол керемет қайсар мінез көрсетеді. Тағдырдың ауыр сокқыларымен бетпе-бет келеді: балалар үйі, сұрапыл соғыс, тұтқынға түсу, жазасын өтеушілер лагері. Осынау ауыртпалықтарды енсеруге оған анасым ең жүздесу мақсаты күш береді.

zharar.com сайтынан



6-тапсырма. Ана тақырыбына арналған тағы қандай киноларды білесіңдер? Ана мен бала махабаты дегенді қалай түсінесіңдер?



7-тапсырма. «Қазіргі таңдағы отандық кино» тақырыбында кластерді толтырыңдар.



8-тапсырма. «Менің сүйікті актерім» тақырыбына эссе жазыңдар (90 сөз). Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін орынды қолданыңдар.

9-10-сабақ

Астана күні



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Тақырыбы мен негізгі ойды анықтаңдар.

Ақмола қаласын ың негізі 1830 жылы қаланды. Оның атауы XIII–XIV ғасырларда тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған. 1956 жылы 26 желтоқсанда тың өлкесі құрылып, Ақмола оның орталығы болды. Қаланың аты 1961 жылы 20 наурызда Целиноград болып өзгертілді. Бірақ 1994 жылы қала Ақмола болып қайта ауыстырылды.

1997 жылы 20 қазанда Н.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлыққа қол қойды. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Ал 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жана астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Астана қаласы еліміздің басты қаласына айналды. Астана күніне орай арнайы кештер ұйымдастырылып, түрлі жарыстар мен қызықты ойында р өткізіледі.

Бүгінде Астана тәуелсіз Қазақстанның мәдени-рухани, экономикалық дамуының орталығына айналған.

Akorda.kz сайтынан



2-тапсырма. Оқылым мәтіні бойынша сұрақтар дайындаңдар.

НАҚ ОСЫ ШАҚ

Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай *жалаң* және *күрделі* болып екіге бөлінеді.

Нақ осы шақтың жалаң түрі *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген қалып етістіктердің тікелей жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен *жүрмін*. Сен *отырсың*. Ол *жатыр*.

Нақ осы шақтың күрделі түрі негізгі етістіктің *-ып, -іп, -п* және *-а, -е, -й* тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, жатыр, жүр, тұр* деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәнінде тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен *ойнап жүрмін*. Сен *оқып отырсың*. Ол *қарап жатыр*.



3-тапсырма. Суреттер бойынша Астана күні қалай аталып өтіп жатқанын нақ осы шақта жазыңдар.



4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Өлеңдегі негізгі ойды анықтаңдар.

Ертегідей елорда

Бала киял баяғы ғажап екен,
Кимелейтін киелі маза бөтен.
Көз алдымда шынылы шаһар салып,
Жер-жаһанда кезікпес бағалы етем...

Сол киялды өнімде көргендеймін,
Өзім жырдан жайнатып өргендеймін.

Танғажайып бір қала келеді өсіп,
Қалайша мен лапылдап өртенбеймін.
Бұқар жырау жырындай әр ғимарат,
Құйылып кеп түскендей ән ғибадат.
Енді келіп Еуропа елеңдейді,
Жүрген бұрын біздерге қалғи қарап...
Сән-салтанат айналам бүгіндегі,
Мақтаньшым – жүректің түбіндегі!
Ұлы дала ұлағат тұтып келіп,
«Астанам!» деп ардақтап жүгінеді.

Н. Ораз



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өлең неге «Ертегідей елорда» деп аталған?
2. Өлеңдегі етістіктерді нақ осы шаққа айналдырып айтып көріңдер. Мазмұны өзгерді ме?
3. Ақын Астана қаласын қалай сипаттайды?



6-тапсырма. Астана қандай қала? Үлгі бойынша жазыңдар.

Үлгі : Астана → әдемі қала.



7-тапсырма. Сөз тіркестерін қатыстырып, «Әсем қала – Астана» тақырыбына шағын мәтін құраңдар.

Шетелдік қонақтар, ән шырқалды, қаланы көріктендірді,
Елбасының алақан ізі, елорданың тыныс-тіршілігі,
сәулетті ғимараттар.

11-12-сабақ

«Күн ұлымын»



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (17-аудио). Қандай ақпарат естеріңде қалды?

Қызықты мәліметтер

- 1998 жыл ы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп, медальмен марапаттады.

- Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді.

- Астана – Азия елдерінің ішіндегі солтүстікте орналасқан қала. Астана – әлемдегі суық астаналардың қатарында. Ұлан-Батор қаласынан жылырақ, ал Оттавадан суық.
- Әлемдегі екі астана атауы «астана» деген мағына береді: Сеул және Астана қалалары.
- Әлемдегі екі елдің астанасы Солтүстік Мұзды мұхит бассейнінде орналасқан. Монғолия астанасы Ұлан-Батор қаласы – Енисей, ал Астана Есіл өзенінің бойында орналасқан.
- Қала жобасымен атақты жапон сәулетшісі Кисе Курокава айналысты.

bilimland.kz сайтынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. ЮНЕСКО Астана қаласын қандай атауға сай деп таныды?
2. Қаланың жобасымен кім айналысқан?
3. Астананың ауа райы туралы не білесіңдер?
4. Әлемде тағы қай елдің астанасының атауы «астана» деген мағына береді?



Әкім Ысқақ – ақын, сазгер. Ол 1960 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданында туған. Шығармалары орыс, өзбек, түрікмен, қырғыз тілдеріне аударылған.



3-тапсырма. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқыңдар. Өлеңде не туралы айтылған?

Күн ұлымын

Күн ұлымын, қолдаушым – Күнім менің!
Күннің нұры бойыма сіңіргенім.
Тұғыр бердің сен маған елді ойла деп,
Сол тұғырдан шығады үнім менің.

Ұғамысың, халайық, жүрек үнін,
Сен деп соққан сол үнді біледі кім?

Мен дағы ғаламшардың тұрғынымын,
 Сүйеуі – Жер, демеуі – Ай, тірегі – Күн!
 Биік... биік... мақсатым биік менің.
 Биігімді көреді киіктерім,
 Күй үнімді тыңдайды ұйып көлім.
 Өзің үшін өртенген жырларымды,
 Жеткізе алсам, арман не, сүйікті елім!

Ә. Ысқақ



4-тапсырма. Өлеңдегі қарамен берілген сөздерді төмендегі қандай сөздермен ауыстыруға болады?

Түсінемісін, тірек, ден қойып тыңдау, дауысын.



5-тапсырма. Өлеңде берілген теңеулердің мағынасын ашыңдар.



6-тапсырма. Нақ осы шақты қатыстыра отырып, өздеріңнің сүйікті қалаларың жайында әңгіме құраңдар.



7-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бүгін қанша сөз үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге назар аудару керек?

13-14-сабақ

«Мәңгілік Ел» алаңы



1-тапсырма. Астана қаласының тарихы туралы не білесіңдер?

- Қаланың бұрынғы атауы қандай?
- Астана болып қашан белгіленді?
- Астана қаласының символы не?



2-тапсырма. Әкім Ысқақтың «Күн ұлымын» деген өлеңіндегі мына образды сөздерді қалай түсінгендеріңді айтыңдар. Авторға мінездеме беріңдер.

Мен дағы ғаламшардың тұрғынымын,
 Сүйеуі – Жер, демеуі – Ай, тірегі – Күн.
 Биік... биік... мақсатым биік менің...



3-тапсырма. Төмендегі сөздерге сүйеніп әңгіме құраңдар.

Бәйтерек	«Тәуелсіздік» монументі
Хан Шатыр	«Мәңгілік Ел» алаңы
«ЭКСПО» қалашығы	«Думан» орталығы



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін бойынша жұптарыңа сұрақтар қойыңдар.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Еуразия жүрегінде» кітабы 2005 жылы жарық көрді. Ол Қазақстанның жаңа елордасы, жарқын келешектің нышаны – Астана қаласының даму тарихына арналған. Кітапта Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси оқиғалар баяндалады. Кітап «Астана ансары», «Қала шежіресі» және «Елорда эстетикасы» деген үш тараудан тұрады. Кітап Президенттің өзі бастаған іске қолдау білдірген халқына деген шынайы алғыс сезіміне толы.

akorda.kz сайтынан



5-тапсырма. Сұрақ-жауап кестесін толтырыңдар.

Сұрақтар	Жауаптар
... .. ?	2005 жылы
Кітапта не жайында баяндалады?
... .. ?	«Астана ансары», «Қала шежіресі» және «Елорда эстетикасы»
«Еуразия жүрегінде» кітабының авторы кім?



6-тапсырма. Демалысты қалай өткізгендерің туралы күнделік жазыңдар. Жазба жұмыстарыңда сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін орынды қолданыңдар.



7-тапсырма. Қоржындағы сөздермен сөйлем құраңдар.



6-ТАҚЫРЫП

ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫҚТАРЫ

Ө.Тұрманжанов. «Қарлығаш, дәуіт,
жылан»

1-2-сабақ

Еліміздегі қорықтар



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді орынды қолданыңдар.

1. Қорық дегеніміз не?
2. Қорықтар не үшін керек?
3. Суреттен не байқадыңдар? Бүгінгі тақырыппен қандай байланысы бар деп ойлайсыңдар?



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (18-аудио). Қандай қорықтың атаулары естеріңде қалды?

Ақсу-Жабағылы. Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы қорық Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Ақсу-Жабағылы қорығы Батыс Тянь-Шань тауының 850 шаршы метр аумағын алып жатыр. Қорықта өсімдіктердің 1279 түрі кездеседі. Оның 57 түрі Қызыл кітапқа енген. Онда сүтқоректі жануарлардың 51 түрі мекен етеді.

Көкшетау. Ақмола облысында орналасқан аймақ. Бұл аймақта Зеренді, Шалқар, Саумалыкөл, Имантау көлдері бар. Орманды алқап аймақтың 60 пайызын құрайды. Бұл аймақ арнайы қорғалып, күзетіледі. Орман-көлдері Көкшетау ұлттық саябағының құрамына кіреді.

Түсіндірме сөздік

Қорық – сирек кездесетін аңдар мен жануарларды, құнды өсімдіктерді қорғап өсіретін арнаулы аймақ.

Қорғалжың. Орталық Қазақстанда орналасқан. Кездесетін өсімдік пен жануар әлемінің барлық түрі Қызыл кітапқа енген. Су құстарының 300 түрі кездеседі. Қорғалжың қорығының табиғатымен танысу аймақтық мұражайдан басталады.

«Тәрбие құралы» кітабынан



3-тапсырма. Ақпараттарды мәтін бойынша сәйкестендіріңдер.

Ақпарат	Ақсу-Жабағылы	Көкшетау	Қорғалжың
Ол – Орталық Азиядағы алғашқы қорық.			
Су құстарының 300 түрі кездеседі.			
Аймақтың 60 пайызын орманды алқап құрайды.			



4-тапсырма. Берілген сөздерді өзара байланыстыра отырып, қорықтар туралы сөйлемдер құраңдар.

терісі ақбөкен аң-құс жер көл
қорықша шөлейт жойылу құнды камыс



5-тапсырма. Табиғатты қорғау маманы болсаңдар не істер едіңдер? Қорғау шараларын қалай ұйымдастырасыңдар?



6-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар.

Біз табиғатымызды көздің қарашығындай сақтап, анамыздай аялауымыз керек. Табиғат – сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулық пен әсемдікті талай ақын жырға қосып, әншілер ән арнаған. Бұл жайында қазақ халқының «Атаннан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсен, көзін аш», «Бір тал кессен, он тал ек» деген ұлағатты сөздері бар.

«Экология жаршысы» кітабынан



7-тапсырма. Мәтіннен мақал-мәтелдерді тауып, мағынасын ашып жазыңдар.



8-тапсырма. Бірнеше жылдан кейінгі еліміздің табиғатын қалай елестетесіңдер? Эссе жазыңдар (90 сөз). Теңеу, эпитет сөздерін қолданыңдар.

3-4-сабақ**Табиғатты аялайық!**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (19-аудио). Мәтінді әрі қарай жалғастырыңдар.

Табиғатты қорғау – әр адамның парызы. Халқым ыз табиғатты анаға теңеген. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді.

Өсімдік – тіршілік тірегі. Оның қызметін бірде-бір жетілген механизм атқара алмайды. Өсімдіктер әлемі, жасыл желектер ауаны улы газ бен шаннан тазартады.

Экология «тіршілік ету мекені, өмір сүретін орта» деген ұғымды білдіреді. Егер де сол өмір сүретін қоршаған ортаны тазартуды қолға алсақ...

«Экология жаршысы» кітабынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Халқымыз не үшін табиғатты анаға теңеген?
2. Жасыл желектердің қандай пайдасы бар?
3. *Экология* сөзін басқаша қалай айтуға болады?



3-тапсырма. Қоршаған ортаның адам денсаулығына әсері туралы достарыңмен ой бөлісіңдер. «Байқоңыр» ғарышайлағы, Семей аймағы, Арал теңізіндегі экологиялық апаттар жайлы не білесіңдер? Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданып, ойларыңды әсерлі, мазмұнды жеткізуге дағдыланыңдар.

АУЫСПАЛЫ ОСЫ ШАҚ

Ауыспалы осы шақ дағдылы түрде, яғни үнемі қайталанып тұратын іс-әрекетті білдіреді. Мысалы: *Бала ұйықтайды. Жаңбыр жауады. Ауыспалы осы шақ -а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен жүземін. Сен оқисың. Сіз барасыз. Ол жүреді.*



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қандай ой айтылған?

Ауа екі жолмен ластанады: табиғи және адамның іс-әрекеті арқылы. Ауаның табиғи жолмен ластануы жанартаулардың атқылауынан, тау жыныстарының үгітілуінен, шанды дауылдардан, орман өрттерінен болады. Жел арқылы бір аймақта пайда болған улы заттар шалғай жатқан екінші аймаққа таралады.

Ауаны ластаудың негізгі көздері: жылу электрстансылары, металлургия, химия өнеркәсібі, мұнай, цемент өңдейтін өнеркәсіптер т.б.

«Экология жаршысы» кітабынан



5-тапсырма. Ауыспалы осы шақты білдіретін етістіктерді қатыстырып, мәтіндегі ақпаратты жұбыңа әңгімелеп бер.



6-тапсырма. Ауаның ластану жолдарын кестеге толтырыңдар.

Табиғи жолмен ластану	Адамның іс-әрекеті арқылы ластану
жанартаулардың атқылауы, ...	коқыс лақтыру, ...



7-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, нақыл сөздерді толықтырыңдар.

Жер байлығы – ел

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ... болмас.

Адамдардың табиғатсыз ,
Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ.

Өз елінің тасын сыйламаған,
Өзге елдің тауын да

Күте білсең, ... жомарт.



8-тапсырма. Ребусты шешіңдер. Шыққан сөзбен сөйлем құраңдар.



5-6-сабақ



Құстар мен жануарлар әлемі



1-тапсырма. Суретке қарап, бүгінгі тақырыпты болжаңдар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, мазмұнына қарай ат қойыңдар (20-аудио).

Алматы қорығының жануарлар дүниесі алуан түрлі. Мұнда 39 түрге жуық сүтқоректі мен 200-ден астам құстың түрі бар. Шыршалы орманда бұғы, елік, Тянь-Шань сілеусіні, барыс, борсық, түлкі, қасқырлар мекендейді. Ну орман шегараларындағы биік шындар мен құздарда арқар мен таутеке көп. Сонғы уақыттарда қорықта тиін, сасықкүзен өсірілетін болды. Қорықты мекендеуші құстардың ең көбі – ұлар, кекілік, бұлдырық. Іле өзенінің бойындағы тоғайларда қырғауылдар, тарғақшалар бар.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



3-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырыңдар.

Аңдар	Құстар



4-тапсырма. Мәтіннің идеясын анықтаңдар. Сендерге қандай ой салды?

Халықаралық табиғатты қорғау одағы 1948 жылы тіршілікті қорғауды қолға алды. Бір жылдан соң сирек кездесетін түрлерді қорғайтын комиссия құрылды. Комиссияның қызметі жойылып

бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды қорғауға алу және оларды бір кітапқа топтастыру болатын. Комиссия төрағасы Питер Скотт адамдардың қып-қызыл түске назар салып, сәл де болса ойлануы үшін тізімді Қызыл кітап деп атауды ұсынды. Ең алғашқы Қызыл кітап 1963 жылы жарық көрді.

Қызыл кітапқа енген тіршілік түрлері жойылып бара жатқан түр, сирек кездесетін түр, анықталмаған түр, қайтып қалпына келе жатқан түр деп бөлінеді. Қызыл кітаптың ішінде қара кітап немесе қара тізім бар. Жер бетінен мүлдем құрып, жойылып кеткен тіршілік пелері осы кітапқа енген.

Тірек сөздер:

табиғат
жойылып кету
тіршілікті қорғау
Қызыл кітап
қара тізім

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



5-тапсырма. Мәтін мазмұнына сәйкес дұрыс және бұрыс ақпараттарды табыңдар.

Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
Халықаралық табиғатты қорғау одағы 1963 жылы тіршілікті қорғауды қолға алды.		
Комиссия төрағасы – Питер Скотт.		
Қызыл кітап 1950 жылы жарық көрді.		
Қызыл кітапқа жер бетінен мүлдем жойылып кеткен тіршілік пелері енді.		
Адамдардың қып-қызыл түске назар салуы үшін тізімді Қызыл кітап деп атауды ұсынды.		



6-тапсырма. Кім жылдам? Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Құстың негізгі мекені не?
2. Қандай құс хат тасушы атанған?
3. Қай құста мүлде ұя болмайды?
4. Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады?
5. Орман дәрігері деп қай құсты атайды?
6. Қандай құстың құйрығы айыр?
7. Қандай құс түнде ғана ұшады?
8. Қандай құстар ұша алмайды?



7-тапсырма. Суретте қандай жануарлар бейнеленген? Олар туралы не білесіңдер? Қазақстанның қай аумағында мекен етеді? Қызыл кітапқа енген бе?



8-тапсырма. Еліміздегі Қызыл кітапқа енген құстар туралы ізденіп, кластерді толтырыңдар.



9-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімді риза қылдым?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

7-8-сабақ

Өсімдіктер әлемі



1-тапсырма. Өлеңді тыңдаңдар (21-аудио). Өлеңде не туралы айтылған?

Ақ гүл

Жаз болды.

Көріктенді **кұлпырып** жер,

Оранып көк көрпеге бар өңірлер.

Төсінде Жер-Ананың толықсиды,

Сансыз көп, сары, жасыл өсімдіктер.

Атқанда таң бозарып алтын арай,

Аралап өсімдікті **жүрдім** талай.

Ашығы сүттен аппақ жалғыз түп гүл,

Алдымнан **болды** пайда әлдекалай.

Ақ гүлді қызықтым да алдым **жұлып**,

Орнаттым үйге әкеліп орнын құрып.

Бейне бір күнәсіз зат күлімдейді,

Тұрғандай жүрегімнің сырын ұғып.

Қараймын ақ гүліме күнде-күнде,

Көркінен **айырылып** кетті мүлде.

Ақ гүлім сарғыш тартып сала берді,

Мұнайып, назаланады әлдекімге.

М. Мақатаев



2-тапсырма. Өлеңнің мазмұны бойынша ақ гүлге сипаттама жазыңдар.



3-тапсырма. Өлеңде қарамен берілген жолдарды ауыспалы осы шаққа айналдырып жазыңдар.

Үлгі: жүрдім – жүр+е+мін.



4-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып қойыңдар. Мазмұнын айтыңдар.

Қазақ халқы әр өсімдіктің пайдасы мен зияны туралы білген. Дарқан даламызда жайыла өсетін қарапайым жусанды алайық. Бұл өсімдіктің дермене жусан атты түрін қазақтың халық емшілері ішеккүрт ауруын емдеуге қолданған. Бағзы заманда бабаларымыз бұл өсімдікті сауда керуендері арқылы шетелдерге жіберетін болған. Ал қара-

Түсіндірме сөздік

Жусан – ащы дәмді, көкшіл бозғылт түсті аласа шөп.

жусанның тамырын тәбет ашуға, ішек, асқазан, бауыр, өт ауруына пайдаланған. Яғни өсімдіктің әр бөлігін – тамырын, сабағын, жапырағын, гүлін жинау қағидалары сақталуы тиіс, әйтпесе оның құрамы өзгеріп, шпалы қасиеттері бұзылады.

Г.Жолартова



5-тапсырма. Мәтінді өмірдегі жағдаяттармен байланыстырыңдар. Қандай өсімдіктерді емдік шараға қолданып көрдіңдер? Дәрілік өсімдіктердің түрлерін атаңдар.



6-тапсырма. Төмендегі суреттерде бейнеленген аң-құстарды атаңдар. Олар қай топқа жатады? Пікір алмасыңдар.

- құстар
- жануарлар
- жәндіктер
- балықтар
- өсімдіктер
- жорғалаушылар





7-тапсырма. «Мен табиғат жанашырымын» тақырыбына шағын мәтін жазыңдар. Ауыспалы осы шақты қолданыңдар.

Қамтылатын ақпараттар :

- өсімдіктердің азаюына әсер ететін жағдайлар;
- өсімдіктерді қорғау үшін жүргізіліп жатқан жұмыстар;
- өсімдіктердің жойылып кетуіне адамдардың әсері;
- өсімдіктердің Қызыл кітапқа енуі.

Қазақстанда өсімдік дүниесінің 307 түрі Қызыл кітапқа енген және оның сақталуына мемлекеттік қорықтар қамқорлық жасайды. Сонымен қатар Қазақстанның Қызыл кітабының өсімдіктерге арналған бірінші басылымында өсімдіктердің 307 түрі тіркелген. Онда жабықтұқымдылардың – 288, ашықтұқымдылардың – 2, мүктердің – 3, саңырауқұлақтардың – 10, қыналардың 1 түрі берілген.



8-тапсырма. «БББ» кестесін толтырыңдар.

Бұрыннан білемін	Бүгінгі сабақта білдім	Тағы да білгім келеді

9-10-сабақ



«Қарлығаш, дәуіт, жылан»



1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді тыңдау арқылы бүгінгі көтерілетін мәселені болжаңдар (22-аудио).

Дос – ажарың, жолдас – базарың.

Дос сыртынан мақтар, дұшпан көзіне мақтар.

Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды.

Күлме досқа – келер басқа.

Досы көппен сыйлас,

Досы жоқпен сырлас.

Жаксы – жаныңа жолдас,

Жаман – малыңа жолдас.

Досыңды мақтағаның – өзінді жақтағаның.



2-тапсырма. Достық дегенді қалай түсінесіңдер? Достарың туралы шағын мәтін жазыңдар. Жеке эпизодтарды сипаттаңдар. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданып, ойларыңды әсерлі, мазмұнды етіп жеткізіңдер.



Ақын, жазушы Өтебай Тұрманжанов (1905–1978) Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген ауданының Жалғызағаш ауылында туған.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі негізгі және жанама ақпараттарды анықтаңдар.

Қарлығаш, дәуіт, жылан

Бір қарлығаш жардың қуысына ұя салып, өмір сүріпті. Қанаты қатпаған балапандары анасы азық әкелуге кеткенде шыдамсыздана күтумен болады екен. Бір күні балапандарды жемекке қарлығаштың ұясына жауыз жылан өрмелеп шығып бара жатады. Мұны көрген қарлығаш аспан мен жерді шарлап, шыр-шыр етіп, балапандарына арашашы іздейді.

Көкектен көмек сұрай барса:

– Бүркіт қонаққа шақырып еді, соған барғалы жатырмын, уақытым жоқ, – дейді.

Одан шығып, қарғаға барса:

– Үйленгелі жатқанымда мазамды алма, – дейді. Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келе жатады. Бір кезде дәуітті көреді. Дәуіт қарлығаштың шыр-шыр еткен дауысын естіп:

– Достым, неге зарлайсың? – деп сұрайды.

Сонда қарлығаш:

– Жауыз жылан балапандарымды жұтпақшы болып, ұяма өрмелеп жетіп қалды. Соған не істерімді білмеймін, – деп, көзінің жасын төгіп-төгіп жібереді.

– Олай болса, мені жеткіз тезірек, – дейді дәуіт. Қарлығаш канатын тосады. Дәуіт шығып алады.

Көзді ашып-жұмғанша ұясына жетеді. Жылан ұяға тақап қалған екен. Дәуіт пен қарлығаш енді бір сәт кешіксе, балапандарды қылғып сап, жұмсақ ұяда масайрап ұйықтамақшы.

Дәуіт аяғымен тырнап, жыланның екі көзін ағызып жібереді. Жауыз жылан сылқ етіп жерге құлап түседі де, мерт болады.

Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болыпты. Содан бері талай заман өтсе де екеуі бір ұяда тұрып, бірге өмір сүреді екен.

Ө. Тұрманжанов



4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға ауыспалы осы шақта жауап беріңдер.

1. Қарлығаш қайда ұя салады?
2. Қарлығаштың ұясына не өрмелеп шықты?
3. Қарлығаш нелерден көмек сұрады?
4. Қарлығашқа не көмектесті?



5-тапсырма. Мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, кейіпкерлерге жеке-жеке мінездеме жазыңдар.



6-тапсырма. Мәтіндегі оқиғаны шынайы өмірмен байланыстырыңдар. Қазіргі таңда мәтіндегі кейіпкерлер сияқты адамдар бар ма? Өз ойларыңды дәлелдендер.



7-тапсырма. Мәтіннің мазмұндық құрылымын дос туралы жазған мәтіндеріңмен салыстырыңдар. Не байқадыңдар?

11-12-сабақ

Қызыл кітап және оның рөлі



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кітапқа не үшін Қызыл кітап деген атау берілді?
2. Қызыл кітаптың міндеті не?
3. Қызыл кітапқа енген қандай өсімдіктер мен жануарларды білесіңдер?



2-тапсырма. Өлеңді мұқият тыңдаңдар (23-аудио). Автор қандай мәселені көтеріп отыр?

...Келеді кез,
 Күрделі біздің бұл кез!
 Жаутандайды адамға түзде мың көз.
 Қызыл кітап –
Опат боп кеткен аңның
 Бастарына қойылған қызыл күмбез.
 Қашқан кезде адамнан
Ізін қандап,
 Тауешкісі өтеді құзыңды аңдап.
 Қызыл кітап –
 Тірі жан тимесін деп,
 Хайуанатқа берілген қызыл мандат.
 Баяғыдай көбінің халі бірақ –
Мойындарын үзеді әлі бұрап.
 Қызыл кітап –
 Бұл өзі қызық кітап:
Тысы жұқа,
Астары қалыңырақ !

Түсіндірме сөздік

Аңдау – аңғару, абайлау, байқау.
Мандат – уәкілділік туралы құжат-қағаз.

Қ. Мырза Әлі



3-тапсырма. Өлеңдегі қарамен берілген тіркестерді қалай түсінесіңдер? Мағынасын ашыңдар.



4-тапсырма. Суретте бейнеленген хайуанаттарды сақтап қалу үшін не істер едіңдер? Үлгі бойынша жазыңдар.

Үлгі жауап:

– Бүркіттің саны азайып барады. Сондықтан оны қорғауға алу керек. Бүркітті атуға, оның ұясын бұзуға болмайды...



5-тапсырма. Кім көп біледі? Сәйкестендіріңдер.

кшк	алан
аю	кұралай
қасқыр	көжек
барыс	жаутан
қоян	бөлтірік
түлкі	торай
доңыз	қонжық



6-тапсырма. Ақпаратты зер салып оқыңдар. Өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстырыңдар.

Қазақстанның Қызыл кітабы – Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым.

Қазақстанның Қызыл кітабы 1978 жылдан шығарыла бастады. Үшінші басылымы қайта өңделіп әрі толықтырылып қазақ тілінде шықты. Бұл үшінші басылымның бірінші томы «Жануарлар», оның бірінші бөлімі «Омыртқалылар» деп аталды. Онда омыртқалы жануарлардың 125 түрі мен түр тармағы туралы деректер берілген. Қазақстанның Қызыл кітабының үшінші басылымында тіркелген жануарлар түрі 5 категория бойынша берілген:

- 1-категория – жойылып бара жатқан;
- 2-категория – саны жылдан-жылға күрт азайып бара жатқан;
- 3-категория – сирек кездесетін;
- 4-категория – ғылыми тұрғыдан толық зерттелмеген;
- 5-категория – қалпына келтірілген түрлер.

el.kz сайтынан



7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстанның Қызыл кітабы қашан жарық көрді?
2. Кітаптың нешінші басылымы қазақ тілінде шықты?

3. Ол басылымда омыртқалы жануарлар туралы қандай деректер келтіріледі?
4. Жануарлар түрі қанша категория бойынша тіркелген?



8-тапсырма. Қиялға кезек берейік! Адам бойындағы қасиеттерді тізімге алатын Қызыл кітап шықты. Сол кітапқа адам бойында жоғалып бара жатқан қандай қасиеттерді енгізер едіңдер?



9-тапсырма. Қызыл кітап туралы бес сөйлем жазып, сабақты қорытындылаңдар.

- | | |
|------------------|------------------|
| 1. Қызыл кітап – | 4. Қызыл кітап – |
| 2. Қызыл кітап – | 5. Қызыл кітап – |
| 3. Қызыл кітап – | |

13-14-сабақ

Табиғат – тал бесігім



1-тапсырма. Табиғат туралы сурет салыңдар. Салған суреттерің бойынша пікір алмасыңдар.



2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңдар. Не туралы айтылған?

Өсімдіктер өсіру

Үй өсімдіктерін өсіру Жер шарын мекендейтін барлық елде кен тараған. Құлпырып, жайнап тұратын үй өсімдіктерінің алуан түрі бар. Оларды біз бөлме терезелері алдынан, мектептерден, балабақшалардан, ауруханалардан, басқа да қоғамдық орындардан күнде кездестіреміз. Үйде өсімдік өсіру адамзатқа, біріншіден, өсімдіктің ерекшеліктерін білу үшін, сондай-ақ сыртқы табиғаттың оларға тигізетін әсерін байқау үшін қажет. Екіншіден, жасыл әлемнің өсу, көбею заңдарын үйрену әсіресе мектеп оқушылары үшін қажет.

«Әдептен озбайық» кітабынан



3-тапсырма. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын айтыңдар.



4-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, табиғатқа байланысты сөйлемдер құраңдар.

жасыл желек	аялау	тазалық
қоршаған орта	ластамау	сындырмау



5-тапсырма. Мәтіннің мазмұндық құрылымына сүйене отырып, өз ойларыңды айтыңдар.

Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев: «Туған жердің тағдыры толғантпаған, ол туралы ойламаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Туған жердің каратасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпак емес» деген. Сондықтан әр адам өз туған жерінің тағдырына немқұрайды қарамауы керек. Қоршаған ортаның тазалығына атсалысуы тиіс. Табиғаттың адам үшін маңызы зор. Қазіргі таңда табиғатты қорғаудың түрлі жолдары қарастырылған. Мәселен, ұлттық саябақтар, қорықтар санын молайту; Қызыл кітапқа енген өсімдік, жануар түрлерін қорғап, көбейту; табиғатты ұқыпты пайдалану; «Жасыл ел» ұйымының жұмысын нығайту, жандандыру.

«Экология жаршысы» журналынан



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қаныш Сәтбаев кім?
2. Ол кісі туған жер туралы не айтты? Одан не түйіндер?
3. Табиғатты қорғаудың қандай жолдары бар?



7-тапсырма. Ауыспалы осы шақ түрлерін қатыстырып, «Табиғатты қорғау – парызымыз» тақырыбына эссе жазыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы, «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?



Өзіңді тексер!

1. Есімдіктер қандай сөздердің орнына жүретін сөз табы?
 - а) етістік;
 - ә) шылау;
 - б) зат есім, сын есім, сан есім;
 - в) одағай.
2. Күнделік туралы дұрыс жауапты белгілендер.
 - а) шығарманың бір түрі;
 - ә) эссе;
 - б) мәтін;
 - в) сөйлем.
3. Ауыспалы осы шақтың жұрнақтарын белгілендер.

а) -а, -е, -й;	б) -ды, -ді, -ты, -ті;
ә) -ма, -ме, -ба, -бе;	в) -са, -се, -ша, -ше.
4. Әкім Ыскақтың қандай өлеңімен таныстыңдар?

а) «Күй»;	б) «Сүйікті елім»;
ә) «Күн ұлымын»;	в) «Астана».
5. Нақ осы шақтың ережесін айтыңдар.
6. Ең алғашқы Қызыл кітап жарық көрген жыл:

а) 1963 ж.;	б) 1925 ж.;
ә) 1980 ж.;	в) 1935 ж.
7. Қызыл кітапқа енген жануарлар туралы жазыңдар (3-4 сөйлем).
8. Ө.Тұрманжановтың «Қарлығаш, дәуіт, жылан» ертегісінің мазмұнын қысқаша жазыңдар (5-6 сөйлем).
9. Табиғат туралы 5 мақал-мәтел айтыңдар.
10. Астана туралы өздерін білетін қызықты мәліметтермен бөлісіңдер.

7-ТАҚЫРЫП

БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАРЫ А.Машанов. «Жер астына саяхат»

1-2-сабақ

Мамандықтар



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Қандай мамандық түрлерін білесіңдер?
- Қандай мамандық иелері ұнайды? Несімен ұнайды?
- Жаксы маман болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?



2-тапсырма. Болашақта қандай мамандық иесі болғыларың келеді? Болашаққа бағытталған армандарың туралы пікір алмасыңдар.



3-тапсырма. Жұмбақтарды оқыңдар. Қандай тақырыпқа арналған? Тірек сөздерін анықтаңдар.

Арқан байлап беліне,
Шымырлықпен бекіне,
Өрмелейтін қай өрен,
Шынның шырқау шегіне?



Күміс канат сұңқары,
Көкке еркін сүнгиді.
Бұлттан да тым әрі,
Кеткен жанды кім дейді?



Өрнектеп, сәндеп,
Тігістерін бүтетін.
Солпысын жөндеп,
Кім көйлек тігетін?



Қалпағы ақ карасан,
Дәрігер емес, бірақ ол.
Дәм мәзірін қаласаң,
Алға ұсынып тұрады ол.



Дабылға тез жететін,
Жалынға сүнгіп кететін.
Қақалса да түтінге,
Тайсалмайтын батыл кім,
Жасқ анбайтын батыр кім?



Жасыл желек көгалда,
Бірде артқа,
Бірде алға,
Желаяқ көп бала,
Таласып жүр бір допқа.



4-тапсырма. Жұмбақтардың мазмұнында айтылған мамандықтарды кластерге толтырыңдар.



5-тапсырма. Толға бөлініп, қалаған мамандықтарыңның артықшылығын қорғап шығыңдар.



6-тапсырма. Т.Молдағалиевтің «Кім болам?» өлеңінен үзінді тыңдаңдар (24-аудио). Ақын мамандықтар туралы қандай ой тастайды?

«Мен инженер боламын,
Жерден алтын табамын.
Жолын қуам әйгілі
Академик ағаның», –

«Мен ғарышкер боламын,
Жұлдызға ұшып барамын.
Жолын қуам атақты
Тоқтар сынды ағаның», –

«Мен дәрігер боламын,
Үлкеннің де, баланың.
Қиналғанда қасына
Бірінші боп барамын», –

«Ал мен акын боламын,
Сусылдаған қаламым.
Адамдардың жүрегін
Жырмен жаулап аламын», –

«Нан беретін баршаға
Жер маманы болам мен.
Барып жүрмін бақшаға
Агроном ағаммен...» –

Деді Құрман ойланып.
Мен құп алдым айтқанын.
Ал өзім-ақ қой бағып,
Дайындармын ет жағын.



7-тапсырма. Мамандықтарға байланысты кестені толтырыңдар.

Мамандықтар	Не істейді?
зангер	
қаржыгер	
сәулетші	
оқытушы	
бағдарламашы	
дінтанушы	



8-тапсырма. Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан...» деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?



9-тапсырма. Қиялға кезек берейік! Болашақта жаңадан қандай мамандықтар пайда болуы мүмкін? Осы ойды эссе жазу арқылы өрбітіңдер. Сөзге қосымша жалғауда дыбыстардың үндестігін сақтаңдар.

3-4-сабақ

Мамандық – кез келген еңбектің атауы



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің қай түріне жатады? Қосымша ақпарат көздерінен мәліметтер тауып, мәтін мазмұнымен салыстырыңдар.

«Мамандық» сөзі латын сөзінен шыққан, «жұрт алдында сөйлеу, жариялау» дегенді білдіреді. Ерте заманда мамандықтың қазіргідей түр-түрі болмады. Әр адам барлық жұмыспен өзі ғана айналысатын. Дегенмен әйелдер мен ерлерге деп бөлінетін жұмыстар болған. Ерлер аң аулап, үй тұрғызып, қару-жарак жасаса, әйелдер жеуге жарамды өсімдіктерді жинап, тамақ пісірген, киім-кешек тігіп, бала тәрбиелеген. Қазір қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше түрлі мамандықтар келді. Кез келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі – маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі – еңбегіңізге қарай жалақының төленуі.

Э. Бозекенова



2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Жұрт алдында сөйлеу» дегенді қалай түсінуге болады?
2. Кез келген еңбек мамандық па?
3. Маман атану үшін не істеу керек?



3-тапсырма. Мәтінді негізге алып, әйел адамдар мен ер адамдарға қатысты жұмыс түрлерін кестеге толтырыңдар.

Әйел адамдарға қатысты жұмыс түрлері	Ер адамдарға қатысты жұмыс түрлері



4-тапсырма. Қоржындағы сөздерге ауыспалы осы шақтағы етістіктерді қатыстыра отырып, мамандыққа байланысты сөйлемдер құраңдар.



5-тапсырма. Мәтінді әрі қарай жалғастырыңдар.

Болашақ бүгіннен басталады. Оны нұрландыра түсу өз қолымызда. Болашағымыз баянды да бақытты, нұрлы да шуақты болуы үшін, ең алдымен...



6-тапсырма. Үндестік заңын ескере отырып, қосымшаны дұрыс жалғаңдар. Үндестік заңына бағынбаса, не себепті екенін дәлелдеңдер.

егін	
аударма	
тәрбие	
құрылыс	-шы
кәсіп	-ші
сату	-гер
дәрі	-кер
талап	
хат	
ғарыш	



7-тапсырма. Стильдік ерекшелігін сақтап, отбасы мүшелерінің біріне мінездеме жазыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

5-6-сабақ



Саяхат



1-тапсырма. Ойқозғау. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Саяхатшы туралы не білесіңдер?
2. Саяхатшы болғыларың келе ме?
3. Қалай ойлайсыңдар, саяхатшы болу мамандыққа жата ма?



2-тапсырма. Сурет бойынша шағын мәтін дайындаңдар. Үндестік заңын ескеріңдер.



3-тапсырма. Саяхатшының жолдорбасында не бар деп ойлайсыңдар?



4-тапсырма. Саяхатшылар туралы мәтін құраңдар. Ойларыңды нақ осы шақ және ауыспалы осы шақта білдіріңдер.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, ойды жалғастырыңдар.

Әлемде сіз бен біз білмейтін қызықтар көп-ақ. Алайда саяхат туралы айрықша ақпараттардың орны ерекше. Өйткені кім болса да балалық шағында ертегі оқып, оған бойлау барысында ел танып, жер көрсем деген ой туады...



6-тапсырма. Топтық жұмыс (тауға, жер астына, ну орманға, көлге саяхат). Осы саяхаттың түрлері туралы мәліметтер жинап, саяхатшылар туралы ой бөлісіңдер.

ЖЕДЕЛ ӨТКЕН ШАҚ

Жедел өткен шақ қимыл, іс-әрекеттің жақында болғанын, орындалғанын білдіреді.

Жедел өткен шақ етістік түбіріне *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағының қосылып, жіктелуі арқылы жасалады.

Жедел өткен шақтың жіктелуі

	Жекеше	Көпше
I	сыйладым	сыйладық
II	сыйладың сыйладыңыз	сыйладыңдар сыйладыңыздар
III	сыйлады	сыйлады



7-тапсырма. Етістіктерді нақ осы шаққа, ауыспалы осы шаққа және жедел өткен шаққа айналдырыңдар.

Салыстыру, анықтау, тырысу, іріктеу, дамыту, талдату, армандау.



8-тапсырма. Жұптасып диалогті жалғастырыңдар.

- Сәлем, Дана.
- Сәлем.
- Ертең сыныптастармен саяхатқа шығатын болдық.
- ?

7-8-сабақ**«Жер астына саяхат»**

1-тапсырма. Жер асты туралы қандай қызықты әңгіме, ертегі білесіңдер? Диалог құрыңдар.



Ақжан Машанов (1906–1997) – геолог-ғалым, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, геология-минералогия ғылымының докторы, профессор.



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Автор шығармасы туралы ойларыңды толықтырыңдар.

1957 жылы А.Машановтың «Жер астына саяхат» атты ғылыми-фантастикалық кітабы жарық көрді. Шығарманың кейіпкерлері Жабай мен Қабай туған еліміздің тарихи аймақтарына сапар шегеді. Жерасты қойнауындағы сыры әлі ашыла қоймаған еліміздің тарихы осы шығарманың тууына себеп болды. Олар жерасты әлеміне қызығушылық танытады. Кейіпкерлердің ынта-ықыластары мен батыл әрекеттері шығарманың идеясын аша түседі. Бұл еңбекте Күн жүйесінің пайда болу тарихы, Жер шарындағы тіршілік туралы көріністер тартымды суреттеледі. «Жер астына саяхат» еңбегі оқырманға болашақ жайлы ой салады.

Ж. Сақурпағы



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Жер астына саяхат» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Кімдер жерасты әлеміне қызығушылық танытады?
3. А.Машановтың еңбегінде не туралы суреттеледі?



4-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді тауып, қай шақта тұрғанын айтыңдар.



5-тапсырма. «Жер астына саяхат» тақырыбына өздерің көрген фильмдер бойынша фантастикалық мәтін құрастырыңдар.



6-тапсырма. Өлеңнен жедел өткен шақты тауып, жекеше және көпше түрде жіктеп жазыңдар.

Жазда

Талай қызық бар мұнда,
Тамашаға тоймадық.
Жасыл кілем – шалғында
Аударыспақ ойнадық.
Ойыннан еш жалықпай,
Доп кууға жөнелдік.
Суға сүнгіп балықтай,
Қуанышқа кенелдік.

А. Шаяхмет



7-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менін ойлағаныма қайшы, кереғар	Мен үшін жана ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

9-10-сабақ

Жер астындағы қызықты оқиғалар



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (25-аудио). Не туралы айтылған?

Егінді өзі орып, өзі басып, өзі ұшырып тазартып, дәнді төгіп беретін мәшине комбайн ғой. Мұнда тау комбайны бар екен. Ол көмірді тілгілеп-жіктеп алады, өзі құлатады және өзі жинап, бірден конвейерге тиіп беріп отырады.

Тау комбайнының болат сары тістері көмірді тілгілегенде босаған көмір өзі құлап түседі, ол көмірді жерге түсірместен қағып әкетіп тұратын үлкен қалағы бар. Осындай тамаша мәшиненің тілін жақсы біліп жүргізетін кенші жұмысшыларды көріп, Ақылбай үйренсем деп қызықты.

Көмір пластарының қалай бет алғанын, қалай қазу керек екенін көрсетіп, өлшеп инженер, геологтер де жүр. Ақылбай мен

Шәкенге олар көмірдің орман, тоғай өсімдіктерінен пайда болғанын дәлелдейтін көмір ішіндегі ағаштың көмірге айналған сабауларын көрсетті.

А.Машанов. «Жер астына саяхат»



2-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді тауып, жедел өткен шаққа айналдырып жазыңдар.



3-тапсырма. Кен істеріне қатысты қандай мамандықтарды білесіңдер? Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлемдер құраңдар.

Шахта, жерасты, көмір, білікті, қазба байлық, сәйкес, қауіпсіздік.



4-тапсырма. Бұл қандай ертегі екенін еске түсіріңдер. Жер астында болған қызықты оқиғаны жалғастырыңдар.

...Төстік қашып келеді. Кемпір қуып келеді. Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшады, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қаратас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай, кара жер қақ айырылады. Шалқұйрық пен Ер Төстік жер астына түсіп кетеді.

Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітеді:

– Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады ...



5-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдердің қай шақта тұрғанын айтыңдар.



6-тапсырма. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, жер астына саяхат туралы қызықты оқиғалар табыңдар.



7-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырыңдар.

«V»	«—»	«+»	«?»
Мен білемін	Мен үшін түсініксіз	Мен үшін жана ақпарат	Мені таңғалдырды

11-12-сабақ

Мамандықтың бәрі жақсы



1-тапсырма. Мамандыққа байланысты жұмбақтың шешуін табындар. Шешуінің бірін таңдап, суретін салындар.

Көкке ұшқан шарықтап,
Шаңырақтың бауынан
Ұстап түсем қалықтап.
(*тұщотарға*)

Көрінбейді радиодан өзі,
Естіледі тек оның сөзі.
(*доушпұл*)

Құрып қойып өрмегін,
Ұршықтарын ойнатып.
Сәнді маға өрнегін,
Жасайтын кім жайнатып?
(*тәттікүйеу*)

Екі шекпен күмбірлеп,
Көңіл сазын сапырады.
Тұлпар шабыс дүмбірлеп,
Желпіндіріп отырады.
(*тұлға*)



2-тапсырма. Өлеңді толықтырып жазындар.

Зәулім мектеп аланы,
Көркем үйлі қаланы,
Балалардың бақшасын,
... салады.
Мәрмәр тасты дінгекті,
Театрды көрнекті
Әсем ою-өрнекті,
... салады.

... ағам – жақсы адам,
Еңбегіне мақтанам.
Көмір қазып, кен қазып,
Ел сенімін ақтаған.
... ағам – сыйлы адам,
Тау-тау кенді жинаған.
Ері бол деп еңбектің,
Маған қасқа сыйлаған.



3-тапсырма. Мәтінді оқып, етістіктердің қай шақта тұрғанын анықтаңдар. Мәтінге ат қойындар.

Егін пісті. Астықты алқапта қаздай тізіліп комбайндар кетіп барады. Комбайн бидайды орып, оны бастырады. Таза дән комбайнмен қатар келе жатқан мәшиненің қорабына құйылады.

Қазір егіс алқабындағы барлық жұмысты мәшинелер атқарады. Осы мәшинелерді жүргізетіндер – механизаторлар. Олар мәшине, трактор, комбайн жұмысын жетік меңгерген. Егер осы мәшинелердің бірі бұзылып қалса, қалай жөндеу керек екенін жақсы біледі. Астықты дер кезінде жинап алудың барлығы мәшинелер мүлтіксіз жұмыс істегенде ғана жүзеге асады. Бұл күнде механизатор мамандығы – ауылшаруашылығындағы құрметті мамандықтардың бірі.

Түсіндірме сөздік

Бастыру – орылған егіннің дәнін сабағынан ажырату.

«Ол кім? Бұл не?» кітабынан



4-тапсырма. Кім жылдам? Сұрақтарға жауап беріңдер.

Ол кім?
Бұл не?

Өз ойынан музыка жазады.
Газет-журнал, кітаптар басып шығаратын мекеме.
Хорды, оркестрді басқарады.
Ғарыш кемелері ұшатын жер.
Бау-бақшаны күтуші адам.
Шындарды бағындырады.
Қазба байлықтарды зерттейді.
Жалпы білім беретін оқу орны.



5-тапсырма. Қоржындағы сөздерді пайдаланып, жедел өткен шақ тұлғасында сөйлемдер жазыңдар.



6-тапсырма. Төмендегі сөзге мамандық атауларынан сөзжұмбақ құраңдар.

М	А	М	А	Н	Д	Ы	Қ
---	---	---	---	---	---	---	---



7-тапсырма. Мамандық атауларына байланысты «Мен таңдаған мамандық» тақырыбына эссе жазыңдар.



8-тапсырма. Ойтаразы. «ПОПС» формуласын қолданып, тарау бойынша өз пікірлеріңді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Төртінші сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім.

8-ТАҚЫРЫП

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҰЛЫ
ЖІБЕК ЖОЛЫ

Д.Досжан. «Жібек жолы»

1-2-сабақ

Жібек жолы



1-тапсырма. Ойқозғау. Суреттен не көріп тұрсындар? Жұптарыңа сұрақ қойындар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (26-аудио). Қандай ой айтылған? Көтерілген мәселені болжаңдар.

Тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. «Ұлы» сөзінің қосылуы жолдың кең-байтақ шығыс өлкелерінен батыс өлкелеріне дейін созылып, оларды байланыстырып жатуынан. Сондықтан «Ұлы Жібек жолы» болып тарихқа енді.

Ұлы Жібек жолы – әлемдік өркениет тарихындағы неғұрлым елеулі жетістіктердің бірі. Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін Еуропа мен Азияны кесіп өтті. Сондай-ақ сауда байланыстары мен Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы тілдесуінің маңызды құралы қызметін атқарды. Жолдың неғұрлым ұзақ үзгі Қазакстан мен Орта Азия арқылы өтті...

Түсіндірме сөздік

Керуен – алыс жерге жүк тасуға немесе сауда жасауға арналған көлік тізбегі.

Д.Досжан. «Жібек жолы» романынан



3-тапсырма. Тыңдалым бойынша диалогті жалғастырыңдар.

- Жібек жолына «Ұлы» сөзі не үшін қосылған?
- Себебі
- Сен Ұлы Жібек жолы туралы не білдің?
-



4-тапсырма. Тыңдалым мәтінінен зат есімдерді теріп жазып, олардың деректі, дерексіз екендігін анықтаңдар.



5-тапсырма. Мәтінде не туралы айтылғанын баяндаңдар.

Ұлы Жібек жолы – Қытай жерінен басталып, Қыыр Шығыс пен Еуропа елдеріне беттеген керуен жолы.

Жібек жолы б.з.д. III ғасырда сауда магистралі ретінде пайда болып, XVI ғасырға дейін қызмет етті. Жібек жолының бойында орналасқан көне қалалар бірталай соғыс, өрт, аштық, апат-ойранның куәсі болды.

Ұлы Жібек жолы арқылы тек сауда жүйесі дамып қана қоймай, Шығыс пен Батыс өркеннеті тоғысып, мәдениет пен дипломатиялық қарым-қатынас орнады.

АУЫСПАЛЫ КЕЛЕР ШАҚ

Ауыспалы келер шақ та ауыспалы осы шақ сияқты көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады (*барады, оқиды*).

Ауыспалы келер шақтың ауыспалы осы шақтан айырмашылығы:

1) іс-әрекеттің келер уақытта болатынын білдіреді; 2) сөйлемде мезгіл мәнін білдіретін үстеулермен тіркесіп жұмсалады. Мысалы: Мен *ертең* барамын. Ол сабағын *кешике* оқиды.



6-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді ауыспалы келер шаққа айналдырып жазыңдар.



7-тапсырма. Берілген сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

қаланың
шығыстан батысқа
жібектің
керуен
сауда
жүкті

жалғасқан
жолы
гүлденуі
тнеу
таралуы
жәрменкесі

3-4-сабақ

Тарихи жолдың атауы



1-тапсырма. Екі бағанды сәйкестендіріп, сөйлемдер құраңдар.

Тарихи жолдың атауы ...
«Жібек жолы» аталған.

сауда ғана емес, мәдениет пен дипломатиялық қарым-қатынас орнады.

Ұлы Жібек жолының басымы бөлігі

жібек саудасына байланысты

Ұлы Жібек жолында

Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтті.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Отырар, Тараз, Сайрам (Исфиджаб), Түркістан (Ясы), Суяб, Баласағұн т.с.с. көне қалалар тек сауда ғана емес, мәдениет және ғылым орталықтары болды.

Ертеде Тараз қаласындағы сауда базарын көргендер «Тараз базары – әлем айнасы» дейтін. Себебі бұл жақта кез келген дүниені айырбастауға, сату мен сатып алуға болатын. Мыстан жасалған тұрмыстық бұйымдар мен қару-жарақтар, киім-кешек пен ертұрмандар саудаға түсетін.

Отырар алқабына жүз елуден астам кішкентай қала кіретін. Бұл елді мекен қорған сарайларға бай болатын. Саудамен қатар, бұл аймақта білім мен ғылым саласы дамыды.

Түркістан (Ясы) ертеден «Екінші Мекке» деп аталып кеткен. Бүгінгі таңда көне қала әлемдік туризм орталығына айналды.

Суяб пен Баласағұн қалаларында жыл сайын кең көлемде сауда жәрменкелері өткізілетін. Әртүрлі елден жиналған саудагерлер бас қосып, сауда қарым-қатынасын орнататын...

Д. Досжан. «Жібек жолы» романынан



3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырыңдар.

Қалалар	Ерекшеліктері
Тараз	
Суяб пен Баласағұн	
Түркістан	



4-тапсырма. Тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

1. Ұлы Жібек жолы ... басталады.
2. Саудадағы басты тауар –
3. Жібек сатуда ... Қытаймен бәсекеге түскен.
4. Сауданың басты орталықтары –

Тиісті сөздер: Қытай жері, Жапония, жібек құрты, көне қалалар.



5-тапсырма. Достарыңнан «Ұлы Жібек жолы» туралы сұхбат алыңдар. Сұхбаттың сұрақтарын өздерің дайындаңдар.



6-тапсырма. Қоржындағы сөздермен сөз тіркесін құрап жазыңдар.



7-тапсырма. Өздерің тұрған аймақтағы көрнекті жерлер туралы жазыңдар. Теңеу, эпитет сөздерін қолданыңдар.



5-6-сабақ

«Жібек жолы» романы



Дүкенбай Досжан (1942–2013) – Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Құланшы ауылында дүниеге келген.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, мәліметтерді есте сақтаңдар. Мазмұндық құрылымын қараңдар.


Сығанақ та қыпшақтың ежелгі қаласы. «Туман жазбалары» дейтін көне шежіреде шаһар Х ғасырда Сунак деп аталыпты. Бұл «суын нақ», «қоналқы» деген ұғымнан шыққан көрінеді. Бертін келе, XI ғасырда бұл қала туралы кезбелер көбірек жазады. Махмұт Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі» деген еңбегінде «Сутнак гуздар еліндегі қала» деген түсініктеме бар. Кейіннен өзі білетін араб

тарихшылары сол Сығанақ пен Отырарды салыстыра дәріптейтінді шығарды. Расында, Сығанақ, олардың ұғымынша, «кос өзеннің» арғы жағындағы (Мәуереннахр) елдің тағдырын білдіріп тұратын бірден-бір Темірқазық жұлдызы іспетті еді. Шаһарды елшілер мен жазушылар Дешті Қыпшақтың екінші шаһырағы, Ұлы Жібек жолының алтын қақпасы деп санады.

Д. Досжан. «Жібек жолы» романынан



2-тапсырма. Сызба бойынша жауап беріңдер.



3-тапсырма. Ойқозғау. Сұрақтарға жауап беріңдер. Жауаптарыңда хабарлы, лепті сөйлемдер болсын. Сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңдер.

1. Қандай қаланы (шаһарды) Дешті Қыпшақтың екінші шаһырағы деп атады?
2. «Ұлы Жібек жолының алтын қақпасы» дегенді қалай түсіндіңдер?
3. Ежелгі қалалар туралы қандай деректер білесіңдер?



4-тапсырма. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, «Жібек жолы» романының авторы Дүкенбай Досжанның қысқаша өмірбаянын жазыңдар.



5-тапсырма. Ауыспалы келер шақта Ұлы Жібек жолы туралы шағын мәтін құраңдар. Мәтінде қоржындағы сөздер болсын.



6-тапсырма. «Шығу парағын» толтырыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сөздік қорларыңды қанша сөзбен толықтырдыңдар?
3. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
4. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

7-8-сабақ

Дешті Қыпшақ елінде



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің негізгі ойын анықтаңдар.

Дешті Қыпшақ елінде атам заманнан бері үш жылда бір мәрте Батыр Сайыс деген дәстүрлі жиын өтіп тұратын. Сайыста батырлардың білек күші, жарак жұмсау тәсілі сынға түсетін. Қолбасылардың ауызбірлігі сыналатын. Сайыстың арты үлкен той-думанға ұласатын, батырлар бір-бірімен төс қағыстырып достасып, қариялар ұл-қыздарын атастырып, ел-елдің арасына сыйластық енетін. Енді осы сайысқа түсер қол шығынын, жеңіп шыққандардың шапан-шапқытын, тойшыл жұрттың сойысын қыпшақтың белгілі билері, майлыауыз байлары кезек көтерісіп жатады.

Түсіндірме сөздік

Атам заман – ертеде, баяғыда.
Ұлан-ғайыр – ұшы-қиырсыз үлкен, есепсіз мол.

Д. Досжан. «Жібек жолы» романынан



2-тапсырма. Мәтіндегі оқиғалар қай кезеңді суреттейді? Жұптарыңмен ақылдаса отырып, жауабын айтыңдар. Жұптарыңмен болған диалогте сұраулы, бұйрықты сөйлемдер болсын және интонациялық ерекшеліктері сақталып айтылсын.



3-тапсырма. Сөзмаржан. Мәтінде кездесетін төмендегі сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктің көмегімен ашыңдар.

Қолбасы, атастыру, сайыс, майлыауыз, би.

Үлгі : Қыпшақ – ру.

Қол – әскер.

Шапан-шапқыт – сый, жора.



4-тапсырма. Қазақстандағы өздерің білетін жер-су атауларына қатысты мәліметтер жинаңдар.



5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша оңай және күрделі сұрақтар құрап, кестені толтырыңдар.

Оңай сұрақтар	Күрделі сұрақтар



6-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемді ауыспалы келер шаққа айналдырып жазыңдар.



7-тапсырма. Ребусты шешіңдер. Шыққан сөзбен сөйлем құраңдар.



9-10-сабақ

Боран жолы



1-тапсырма. Мәтінді тыңдай отырып, автордың идеясына болжам жасаңдар (27-аудио). Автор не айтқысы келді?

«Ұлы Жібек жолының» Қызылқұмды көктеп өтетін тармағы «Боран жолы» деп аталатын; аталмыш қалалардың ұстасы мен зергері бұйым жасап, сол керуен жолына шығаратын, ағылып жатқан саудагерлерге сататын. Жиегіне жақұт тастарын қондырған шолпы, алтын тана, жыланбас білезік, қып-қызыл маржан тасынан тізген шолпы, берісі Бұхар, әрісі Бағдат базарында қараған көзді сүріндірді, делдалдың қолын дірілдетті, саудагерді сақылыққа үйретті. Түгіскен ұсталарын дүниеге мәшһүр етті...

Д. Досжан. «Жібек жолы» романынан



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер. Ойларыңды әсерлі жеткізіңдер.

1. «Боран жолы» қайда орналасқан?
2. Зергерлік бұйымдарды қайда шығарып отырған?
3. Мәтінде қандай зергерлік бұйымдар аталған?



3-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді шақтарға айналдырып, кестені толтырыңдар.

Ауыспалы осы шақ	
Жедел өткен шақ	



4-тапсырма. Түсіндірме сөздік пен мұғалімнің көмегіне сүйеніп, сөз тіркестері мен сөздердің мәнін ашыңдар.

Көзді сүріндірді, жақұт, қолын дірілдетті, шолпы, сақылдыққа үйретті, мәшһүр, көктеп өту.



5-тапсырма. Мәтінде аталған зергерлік бұйымдардың бірінің суретін салыңдар.



6-тапсырма. «Жібек жолы» тақырыбына эссе жазыңдар (90 сөз). Етістіктің шақтарын орынды қолданыңдар.



7-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

Пікір . Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен айт.

Дәлел . Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал . Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды . Тақырып бойынша қорытынды жаса.

11-12-сабақ

Құт-береке дарыған өңір



1-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Тірек сөздерді атап, мағынасын түсіндіріңдер.

Алтын мен жібекке малынған хан сарайында жас ақын Хисамеддин Отырардың әкімі Іланшы Қадырханға ширатпа шежіредегі шабытты жырларды дестелей оқиды. Жібек жолымен шығыстан батысқа, батыстан шығысқа үзбей шұбап жатқан көпестердің, кезбелердің, елшілердің, **жансыздар** мен шабармандардың тізбегі үзіліп бітер емес. **Құт-береке дарыған** өңірді өңдеп жатқан еңбекқор дикан. Інжу жағасында сазбалшықты илеп, ғаламат берік қыш құйып, оны отқа өртеп жатқан сунақтар, есімі **беймағлұм** сәулетші уақытқа бас имейтін, күнге күймейтін, желге мүжілмейтін **ғажайып** кесенелер мен сарайларды қыштан қалап тұрғызумен әуре.

Д. Досжан. «Жібек жолы» романынан



2-тапсырма. Мәтіндегі еңбек адамдарының іс-әрекетін бағалап, мінездеме беріңдер.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Оқиға қай жерде болып жатыр?
2. Жырларды кім оқыды?
3. Қыштан не қалады?
4. Кімдер Жібек жолымен үзбей өтіп жатыр?



4-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді төмендегі сөздердің қайсысымен ауыстыруға болады?

Керемет, тыншы, белгісіз, молшылыққа кенелген.



5-тапсырма. Түсіндірме сөздіктің, мұғалімнің көмегімен мына тіркестердің мағынасын жазыңдар.

Күнге күймейтін, желге мүжілмейтін, өңірді өңдеп жатқан, жырларды дестелей оқитын.



6-тапсырма. Ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтың айырмашылығы неде? Мысал келтіріңдер.



7-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

9-ТАҚЫРЫП

ЖЕР БАЙЛЫҒЫНА АЯУЛЫ КӨЗҚАРАС

Ш.Айтматов. «Ана – Жер-Ана»

1-2-сабақ

Жері байдың – елі бай



1-тапсырма. Суреттен не көріп тұрсыңдар? Төмендегі картаны пайдаланып, Қазақстанның пайдалы қазбалары туралы әңгімелеңдер.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңдар.

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстанның жері ұлан-байтақ. Жерімізде пайдалы қазбалар көп. Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығындағы мемлекет. Табиғаты әр алуан. Мұнда жазық дала да, орман да, тау да, өзен де, көл де, шөлді аймақтар да бар. Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астана. Ол Есіл өзенінің бойында, қасиетті Сарыарқа жерінде орналасқан. Астана – үлкен, әсем, таза қала. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында бидай масағы мен қанатты пырақ бейнеленген. Бұл – туған жерімізге деген терең сүйіспеншілік. Өсімдіктер мен жануарлар әлемін қадірлеп-құрметтеуден туындаған.

Біздің ғажап өлкеміздің аң-құстарымен қоса, жер қойнауындағы қазба байлықтарын айтсаңызшы!..

bilim_all.kz сайтынан



3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, жұптарыңмен диалог құрыңдар.



4-тапсырма. «Байлық» және «жер байлығы» дегенді қалай түсінесіңдер?



5-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазыңдар. Мазмұндық құрылымына мән беріңдер.

Жері байдың – елі бай. Қазақстанда табиғи байлықтар өте көп. Соның бірі – мұнай. Мұнай – біздің еліміздің байлығы. Мұнайшылар оны жер астынан бұрғылау арқылы алады. Мұнай біздің елімізде мол өндіріледі.

bilim_all.kz сайтынан



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Жері байдың – елі бай» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Мұнайдан басқа қандай қазба байлығын білесіңдер?
3. Туған жердің байлығын қалай қорғау керек?



7-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құраңдар.

Топырақ, құмтас, арпа, бидай, жез, күріш.

3-4-сабақ

Пайдалы қазбалар



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (28-аудио). Мазмұнын айтыңдар.

Жер байлығы пайдалы қазбалары – жер қойнауында кездесетін табиғи минералды заттар. Өзінің физикалық қасиеті бойынша қатты, сұйық және газ тәрізді болып үшке бөлінеді. Пайдаланылуына байланысты олар мынадай топтарға бөлінеді: жанғыш – көмір, мұнай, жанғыш газдар мен тақтатастар; құрылыстық – гранит, мәрмәр, утас, құм және тағы басқалар; химиялық шикізат – күкірт, калий тұзы, апатит, графит және тағы басқалар; отқа төзгіш шикізат – кара, түсті және сирек металл кендері және тағы басқалар.

Тірек сөздер:

жер байлығы
пайдалы қазбалары
жердің минералды ресурстары

«Қазақстан кен орындары» анықтамалығы



2-тапсырма. Мына топқа жататын пайдалы қазбаларды жазыңдар.

Жанғыш:

Химиялық шикізат:

Құрылыстық:

Отқа төзгіш шикізат:



3-тапсырма. Жер байлығына нелер жатады? Топқа бөлініп, олардың пайдасы мен зияны туралы пікір алмасындар.



4-тапсырма. 1-тапсырмадағы мәтін мазмұнын «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып жазындар.

Пікір . Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел . Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал . Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды . Тақырып бойынша қорытынды жаз.



5-тапсырма. Суреттен не көріп тұрсындар? Жұптарыңа сұрақтар қойыңдар. Жұптарың суреттің мазмұнын түсінді ме?



6-тапсырма. Ауыспалы келер шақты қатыстырып, сурет бойынша үш сөйлем құраңдар.



7-тапсырма. «Жер байлығына аяулы көзқарас» тақырыбына эссе жазындар (90 сөз). Орфографиялық норманы сақтаңдар.

5-6-сабақ

Қазақстанның байлығы



1-тапсырма. Қазақстанда қандай жер байлығы бар? Топтастырып жазындар.





2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (29-аудио). Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Қазақстан аумағы (2,7 миллион шаршы шақырым) ұлан-байтақ. Оның әр аймағының табиғат және экономикалық жағдайларына байланысты бір-бірінен біршама ерекшеліктері бар. Еліміздің бір өңірінде металл өндіру, машина жасау, химия өнеркәсібі болса, екінші өңірінде мақта, қант қызылшасы өсіріледі немесе мұнай, газ шығарылады.

Қазақстан аумағының үлкендігі сонша, оған Еуропаның Франция, Испания, Португалия, Италия, Грекия, Швеция, Норвегия, Финляндия сияқты елдері сыйып кетеді.

Қазақстан Республикасы жерінде көмір, мұнай, темір, мыс, мырыш мол. Біздің елімізде бірталай өндіріс қаласы бар. Олар – көмір мен темірге бай Қарағанды, Теміртау, мыс алыбы Балқаш.

«Тәрбие құралы» кітабынан



3-тапсырма. Мәтінді қайта оқыңдар. Қанша сөз естеріңде қалды? Тілдік ерекшелігін салыстырыңдар.

СЫН-ҚИМЫЛ (БЕЙНЕ) ЖӘНЕ МӨЛШЕР ҮСТЕУЛЕРІ

Сын-қимыл (бейне) үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің амалын, сынын, бейнесін, тәсілін білдіріп, *қалай? қайтіп? қалайша? кімше?* деген сұрақтарға жауап береді. Олар: *әрең, әзер, жедел, шапшаң, тез, жылдам, тікелей, зорға, ақырын, бірден, шалқасынан, балаша, емін-еркін, бостан-бос*. Сын-қимыл (бейне) үстеуі көбінесе етістікпен тіркесіп жұмсалады. Мысалы: *ақырын жүрді, тез келді, бірден сөйледі, шалқасынан құлады, балаша мәз болды, емін-еркін отырды, бостан-бос жүрді* т.б.

Мөлшер үстеуі қимылдың немесе сынның мөлшерін, көлемдік дәрежесін, шама-шарқын білдіреді де, *қанша? қаншама? қаншалық? қаншалар? және кейде қалай? қалайша?* сияқты сұрақтарға жауап береді. Олар: *онша, сонша, мұнша, анағұрлым, едәуір, біраз, бірталай, неғұрлым, бірен-саран, азды-көпті*. Мысалы: *онша жараспайды, анағұрлым көбейді, едәуір өсіпті* дегенде *онша, анағұрлым, едәуір* мөлшер үстеулері *жараспайды, көбейді, өсіпті* деген етістіктермен тіркесіп, *қалай? қанша?* деген сұрақтарға жауап беріп, қимылдың шама-шарқын білдіріп тұр.



4-тапсырма. Мәтіннен мөлшер үстеулерін табыңдар.



5-тапсырма. Төменде берілген сын-қимыл үстеулерін қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

Ақырын жүгірді, бірден айтты, емін-еркін сөйледі, тез еріді, зорға жетті.



6-тапсырма. Қазақстанның байлығы туралы диалог құрыңдар.



7-тапсырма. «Бай болсам, не істер едім?» деген тақырыпта бір күндерінді қалай өткізетіндерің жайлы күнделік жазыңдар.

7-8-сабақ

Менің елім



1-тапсырма. Мақалдарды оқыңдар. Мағынасын жұптарыңа түсіндіріңдер.

- | | |
|---|--|
| 1. Бейбіт елде береке бар. | 4. Келісті кеңес ерде бар,
Қымбат қазына жерде бар. |
| 2. Азығымен жер мүсінді ,
Еңбегімен ер мүсінді . | 5. Көл жағалаған аштан өлмес. |
| 3. Жері семіздің – малы семіз. | |



2-тапсырма. Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктің немесе мұғалімнің көмегімен ашыңдар. Қайсысы тура мағынадағы сөз, қайсысы ауыспалы мағынадағы сөз екенін анықтаңдар.



3-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (30-аудио). Тірек сөздерді табыңдар.

Елімізде кен орындары көп. Ересен байлығымен княлынды қайран қалдыратын Кенді Алтай, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Торғай, Қостанай облыстарын мақтанышпен атауға болады.

Кенді Алтайдың сирек және шашыранды элементтер орналасқан бірнеше жүздеген қорғасын, алтын, күміс кен орны белгілі. Оның байтақ қойнауында халықшаруашылығының қай саласына болмасын қажетті пайдалы қазбалардың басқа түрлері де жеткілікті. Мысалы, шымтезек, газ, жанғыш тақтатастарға өте бай.

«Қазақстан кен орындары» анықтамалығы



4-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша жұптарыңмен диалог құрыңдар.



5-тапсырма. Сын-қимыл және мөлшер үстеулерді қолданып, мәтіндегі екінші азатжолдағы сөйлемдерді өзгертіп жазыңдар.



6-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, «Менің елім – бай ел» тақырыбына эссе жазыңдар (90 сөз). Үндестік заңын ескеріңдер.

Құбыр, мәрмәр, кеніш, жанғыш, шкізат.



7-тапсырма. Ойтаразы. 3-2-1 критерийі бойынша анықтаңдар.

3 маңызды ақпарат

Қиындық келтірген 2 мәселе

Тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе

9-10-сабақ

«Ана – Жер-Ана»

Шыңғыс Төрекұлұлы Айтматов (1928–2008) – қоғам және мемлекет қайраткері, Қырғызстанның халық жазушысы. Ш.Айтматовтың шығармаларындағы кейіпкерлер шындық өмірден алынған.



1-тапсырма. Керекті сөздерді қойып, мақал-мәтелдерді толықтырып айтыңдар. Бүгінгі тақырып не туралы екенін болжаңдар.

1. Ананың сүті – бал 3. Ананың көңілі ... ,
Баланың тілі – Баланың көңілі

2. Алып ... туады. 4. Ағайын – ... , ана –

Керекті сөздер: біреу, анадан, балада, бал, далада, алтау.



2-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтаңдар.

Ш.Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» шығармасында соғыстан кейін зардап шеккен халықтың жағдайы, қиын кезенді бастан кешірген аяулы аналар тағдыры баяндалады. Повестегі басты кейіпкер Толғанай – ержүрек, батыл, еңбеккор ана. Осы шығарма арқылы Ұлы Отан соғысы кезінде үш ұлынан айырылған, қиындық пен ауыртпашылықты жене білген ана туралы білуге болады.

А.Тогжан



3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Жеке эпизодтарды сипаттап, тілдік ерекшелігіне салыстыру жасаңдар.

Ана – Жер-Ана

(үзінді)

Толғанай. Уа, армысың, кнелі далам!

Жер. Дені-қарның сау ма, Толғанай! Өзің бе келген?

Толғанай. Бүгін шейіт кеткен бауырларымды еске алатын күнім еді.

Жер. Білем, білем. Мен де күтіп жатқанмын, Толғанай! Япырау, бұл жолы да жалғызбысың?

Толғанай. Қайтейін, тағы да жалғыз келдім.

Жер. Демек, немереңе тіс жарып ештеңе айтпаған сынайың бар ғой, Толғанай?

Толғанай. Айтпадым. Аузым бармады.

Жер. Болған оқиғаны оған баяндайтын бір адам өмір бойы табылмас деймісің? Халық аузына қақпақ қоя алмайсың. Туған анасының қасіретті күйде кеткенін, әкесінің кім екенін, әдейі болмаса да, әлдебіреудің айта салу қаупін ойладың ба?

Толғанай. Жоқ, онда не тұр? Ерте ме, кеш пе, әйтеуір бәрі мағлұм болары анық. Шүкір, өзі де азамат болып қалды ғой. Ендігі жерде өзгеден есті қалғанда да оғаштығы жоқ. Айтайыншы-ақ деп бел байласам да, шынтуайтқа келгенде, бойымды бір қорқыныш билейді де, ауыз аша алмай қала берем.

Жер. Не десең о де, адам болған соң өзі туралы шындықты біліп жүруі шарт, Толғанай!

III. Айтматов



4-тапсырма. Мәтінде берілген сөз тіркестерінің мағынасын ашыңдар.

шейіт кеткен –	аузына қақпақ болу –
шынтуайтқа келгенде –	ауыз аша алмау –
тіс жару –	мағлұм болу –
аузым бармады –	оғаштығы жоқ –



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңдар.

1. ... шалшық сулардың басында отырған топ-топ қаздарды көресің. 2. Аттың жортысына ... , ауырып келе жатқан іш те ұмытылғандай болды. 3. Маған қарағанда өзі ... көпті көрген үлкен

адам болып көтеріліп қойды. 4. Асан екеуміз ... әнгімелесіп келеміз.
5. Дереу бізді көріп, ... үйге тарқаса бастады.

Б. Майлин

Керек сөздер: шайқалып, бірен-саран, недәуір, тез, асықпай.



6-тапсырма. Берілген үстеулерді орфографиялық нормаға сай жазыңдар.

Не құрлым, бірен-саран, азды көпті, шапшан, бір талай, ауысша, түгөл, бір аз, қолмақол.



7-тапсырма. Ана туралы өлең жолдарын тауып, үзінді жаттаңдар.

11-12-сабақ

Толғанай – аяулы бейне



1-тапсырма. Мәтінді түсініп, рөлге бөліп оқыңдар.

Жер. Көтер басынды, Толғанай, өзінді-өзін ұстай біл!

Толғанай. Жарайды, жарайды, қайтейін, қолымнан келер істен мен танбаймын. Сол бір күн есінде ме, Жер-Ана?

Жер. Есімде болғанда қандай... Мен еш нәрсені ұмытпаймын ғой, Толғанай! «Тарихтың бәрі тек кітап ішіне сыйып, халық жадында ғана қалады» деу – қате. Бар әлем тарихы мына менің қойнымда. Сенің бар өмір шежірең де, Толғанай. Мен де, менің жүрегім де, құлағым да сенде, Толғанай! Бүгін сенің бауырларыңды еске алатын күнің еді ғой.

Толғанай. Ертеңіне күн шықпай тұрып біз жұмысқа кірісіп кеттік. Жаппай қаз-қатар түскен орақшылар енді ғана бір-екі десте сала бергенде, алыстан құйындата шауып келе жатқан біреу көрінді. Төменгі жақтағы көпірден өтумен жұмысы жоқ, өзеннің жартасты шаппа жарына салып келеді...

Ш. Айтматов



2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.


1. Толғанай кім?
2. Жерді не үшін анаға теңейді?
3. Жер-Ананың «Бар әлем тарихы менің қойнымда» деуінің мәнісі неде?



3-тапсырма. Мәтіннен ауыспалы мағынадағы сөздерді табыңдар.



4-тапсырма. Венн диаграммасы арқылы Толғанай мен Жер-Ананы салыстырыңдар.



5-тапсырма. Берілген тіркестермен сөйлемдер құраңдар.

Жер бедері, мұнай қорының таусылуы, табиғи тозу, қалпына келтіру.



6-тапсырма. Төмендегі сөздерді не байланыстырады? Әрқайсысының мағынасын ашып жазыңдар. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерін орынды қолданыңдар.



7-тапсырма. «Ана – өмірдің тірегі» тақырыбына эссе жазыңдар (90 сөз). Эсседе тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді орнымен қолданыңдар.

10-ТАҚЫРЫП ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ – ҚАЗАҚСТАН МАҚТАНЫШЫ

М.Әлімбаев. «Шынық саң, шымыр боларсың»,
Ә.Дүйсенбиев. «Күшті болсам мен егер»

1-2-сабақ

Олимпиада тарихы



1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар. Тақырыбы мен негізгі ойды анықтаңдар.

Олимпиада

Пьер де Кубертеннің ұсынысы бойынша, Олимпиаданың эмблемасы бір-бірімен өріле қосылған бес сақинадан тұрады. Олар көгілдір, қара, қызыл (жоғарғы қатары), сары және жасыл (төменгі қатары) түстен құралады. Бұл бес құрлық спортшыларының «Олимпиадалық қозғалысқа бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып күш жұмсайық!» деген ниетін аңғартады. Мұнда сонымен бірге «Читиус», «Альтиус», «Фортиус» (жылдамырақ, биігірек, күштірек) ұраны да бар. Сондай-ақ мұнда 5 сақинамен бірге, олимпиаданың өткен жылы және оны ұйымдастырушы қаланың символикалық белгісі болады.

Бірінші олимпиада жалауы 1914 жылы Парижде көтерілді. Олимпиада алауы ертедегі олимпиадалық ойындар өткен Грекиядағы Олимп тауында күн нұрынан тұтатылады. Содан кейін факелді эстафеталық алып жүру рәсімі басталады. Олимпиадалық ойындар басталатын орталық стадиондағы үлкен табакка алаудан от тұтатылады. Осы от ойындар аяқталғанша жанып тұрады. Мұндай дәстүр 1936 жылдан бері жалғасып келеді.

С. Шаманбаев



2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар дайындап, жұптарыңмен диалог құрыңдар.



3-тапсырма. Олимпиада сөзіне кластер түзіп көрсетіндер.



4-тапсырма. Олимпиада эмблемасының суретін салыңдар. Кімнің салған суреті ұнағанын айтыңдар.



5-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлемдер құрап жазыңдар.

Жігер, жанкүйер, ұту, мәре, озу.

ТАЛҒАУЛЫҚТЫ МӘНДІ БІЛДІРЕТІН ЖАЛҒАУЛЫҚТАР

Талғаулықты мәнді білдіретін жалғаулықтар: *біресе, кейде, болмаса, әлде, не, немесе, я, яки, мейлі, бір.*

Мысалы: *Біресе ол жүгіреді, біресе мен жүгіремін. Ол бос уақытында газет не кітап оқиды. Кітапты кейде ол оқиды, кейде мен оқимын.*



6-тапсырма. Талғаулықты мәнді білдіретін жалғаулықтарды қатыстырып, сөйлемдер құраңдар. Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар.



7-тапсырма. «Спорт – денсаулық кепілі» тақырыбына эссе жазыңдар (90 сөз). Әрбір азатжолды жүйелі құрастырып, мазмұнын ашыңдар.

3-4-сабақ

Спорт түрлері



1-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, сурет бойынша әңгіме құраңдар. Саған қай спорт түрі жақын?



Тірек сөздер:

жұдырықтасу
жаттықтырушы
көздеу
ұпай
жеңу



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Онда не туралы айтылғанын жұптарыңа айтыңдар.

Қазақ халқы ерте кезден-ақ дене тәрбиесіне жоғары көңіл бөлген. «Бәйге», «Қазақша күрес», «Аударыспақ», «Тенге алу», «Көкпар» сияқты ұлттық спорт ойындары аса зор дайындықты, шеберлікті, күшті, ақыл-айланы қажет еткен. Осындай дәстүрлі ұлттық спорт ойындары уақыт өте келе дами бастады. Қазіргі кезде елімізде грек-рим, еркін күрес, нысана көздеу, бокс, ауыр атлетика, шаңғы тебу сияқты спорт түрлері бар. Бұл спорт түрлерінен

Қазақстан спортшылары Олимпиада ойындарында, Әлем және Азия чемпионатында, Азия ойындарында ерекше көзге түсті.

«Атақты спортшылар» кітабынан



3-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толтырыңдар. Өздерің білетін спорт түрлерімен толықтырыңдар.

Көне спорт ойындары	Қазіргі спорт ойындары



4-тапсырма. «Мен жеңімпаз боламын» деген тақырыпта жұбыңмен диалог құр.



5-тапсырма. Талғаулықты мәнді білдіретін жалғаулықтарды қатыстырып, сөйлемдер құраңдар.

Мен дүйсенбі күні театрға *не* саябаққа барамын.
 *немесе* ?
 *болмаса* !
 *я*
 *яки* ?



6-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (31-аудио). Мәтінде не туралы айтылған?

Спорттың денсаулыққа пайдасы зор. Спорт адамды күшті болуға, жылдамдыққа, табандылыққа, тез ойлануға, тынымсыз еңбек етуге баулиды.

Елімізде дамыған спорт түрлері: қазақша күрес, бокс, шанғы спорты, суда жүзу, жеңіл-ауыр атлетика, мәнерлеп сырғанау, тоғыз-қумалақ және т.б.

Қазақстанның мерейін көтерген, көк туын желбіреткен белгілі спортшылар өте көп. Олар: Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыханов, Александр Винокуров, Серік Сәпиев, Бекзат Саттарханов, Әлия Юсупова және т.б. Еліміз олармен мақтанады.

«Атақты спортшылар» кітабынан



7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, мәтін құраңдар. Тыныс белгілерін орынды қолданыңдар.

1. Қай спортшыны үлгі тұтасың? Неге?
2. Ол спортшының қандай жетістіктері бар?
3. Оның айналысатын спорт түрі саған ұнай ма? Не үшін?

5-6-сабақ

Бірінші байлық – денсаулық



1-тапсырма. Мәтінді жалғастырыңдар. Тақырыбы мен негізгі ойды анықтаңдар.

Бірінші байлық – денсаулық. Денсаулық – адамның ең қымбат дүниесі. Біз денсаулығымызды нығайту үшін спортпен айналысуымыз керек. Спорт түрлеріне футбол ойнау да, шанғы тебу де, гимнастикамен айналысу да жатады. Спортпен үнемі айналысуды ұмытпайық! Өйткені...

«Балдырған» журналынан



2-тапсырма. *Спорт* сөзіне ассоциация құрыңдар.



3-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлемдер құраңдар. Талғаулықты мәнді жалғаулықтарды қолданыңдар.

Зілтемір, мерей, үлес, пегер, сайыс.



4-тапсырма. Сыныпта спортпен айналысатын оқушылар туралы сұхбаттасыңдар. Сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңдер.



5-тапсырма. Қосымша дереккөздерден Қазақстан жеңімпаздары туралы мәлімет жинаңдар.



6-тапсырма. Іздене отырып, кестені толтырыңдар.

Мақал-мәтелдер	Тақырыптары
Денсаулық – зор байлық.	...
...	Өнер
Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады.	...

...	Еңбек
Ер жігіт ел үшін туады, Ел үшін өледі.	...
...	Ата-ана



7-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімді риза қылдым?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

7-8-сабақ



Универсиада



1-тапсырма. Сурет бойынша сөйлемдер құраңдар.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (32-аудио). Тірек сөздерді тауып, мағынасын ашыңдар.

2011 жылғы 29 қарашада Брюссельде Универсиаданы Алматыда өткізу туралы ресми шешім қабылданды. Осылайша Алматы бұрынғы кенестік елдердің ішінде бірінші болып, 2017 жылы өтетін

XXVIII қысқы Универсиаданың астанасына айналды. Бұған дейін 1973 жылы Мәскеу және 2013 жылы Қазан қаласы жастардың тек жазғы спорт ойындарын қабылдаған болатын. Универсиада туын Алматы қаласына беру салтанатты рәсімі 2015 жылғы 15 ақпанда Испанияның Гранада қаласында өтті.

akorda.kz сайтынан



3-тапсырма. Мәтін бойынша диалогті жалғастырыңдар.

- Универсиаданы Алматыда өткізу туралы шешім қашан қабылданды?
- Универсиаданы Алматыда өткізу туралы шешім 2011 жылы 29 қарашада қабылданды.
- ?
-



4-тапсырма. Мәтінмен танысып, мазмұнын айтыңдар.

Қазіргі қазақ спортының дамуына «Көкпар», «Қыз қуу», «Белбеу тартыс», «Арқан тартыс», «Күрес» сынды ұлттық ойындар ықпал етті. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, әнұранымызды өзге ұлт өкілдеріне тыңдатқан спортшыларымыздың есімдерін біліп, олардың аттарын келер ұрпаққа жеткізу – әр азаматтың борышы. Қандай спорт түрі болмасын халқымыз **қайсарлығымен, жігерлілігімен** көзге түсіп, сан сайыс та жеңіс тұғырынан көрініп жүр.



5-тапсырма. Қарамен берілген сөздер мен талғаулықты мәнді білдіретін жалғаулықтарды қатыстырып сөйлемдер құраңдар.



6-тапсырма. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, мәтінде берілген қазақтың ұлттық ойындарының біріне анықтама жазыңдар.



7-тапсырма. Өлеңді тыныс белгілерін дұрыс қойып көшіріп жазыңдар. Бұл қандай ойын түрі? Ойнап көрдіңдер ме?

Ақ серек пен көк серек
Тауып алдым бәйтерек
Жалындаған күн керек
Жалпы достан кім керек
Анау тұрған ұл керек
Оның аты Еркебек
Келсін бізге ертерек

*«Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы»
кітабынан*



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (33-аудио). Онда кімдер туралы айтылған? Тақырыбына назар аударыңдар.

Қазақстанның жеңімпаз спортшылары

Ермахан Ыбрайымов – Олимпиада чемпионы, Атланта Олимпиадасының қола жүлдегері. Ольга Шишигина – Олимпиада чемпионы. Ол кедергілермен 100 м жүгіру бойынша байрақты спорт додасының жеңімпазы атанды. Марина Вольнова – Олимпиаданың қола жүлдегері, боксшы. Гюзель Манюрова – Олимпиаданың қола жүлдегері, еркін күрес шебері. Иван Дычко – Олимпиаданың қола жүлдегері. Ақжүрек Танатаров – Олимпиаданың қола жүлдегері, еркін күрес шебері. Василий Жиров – Олимпиада чемпионы, боксшы. Олимпиада нәтижесі бойынша Вэл Баркер кубогіне қол жеткізген алғашқы Қазақстан боксшысы. Юрий Мельниченко – грек-рим күресі бойынша Олимпиада чемпионы.

«Атақты спортшылар» кітабынан



2-тапсырма. Мәтінде аталған жеңімпаз спортшылар қатарын толықтырыңдар.



3-тапсырма. Мәтінді 1-тапсырмадағы мәтінмен салыстырып оқыңдар. Ұқсастық бар ма? Негізгі ойды анықтаңдар.

Қазақ халқының мақтанышының бірі – Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Қажымұқан бала кезден күреспен айналысқан. Той-томалақтарда қарсыластарымен белдесіп, жеңіске жеткен. Уақыт өте келе, Мұқан кәсіпқой балуан болып, халықаралық жарыстарда қазақтың намысын қорғаған. Қажымұқан 28 мемлекетті аралап, қоржынына 56 медаль салып, қазақтың атын бүкіл әлемге танытқан.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстанның спорт жеңімпаздары туралы тағы не білесіңдер?
2. Болашақта олар сияқты жеңімпаз болғыларың келе ме?
3. Олимпиада чемпионы болу үшін не істеу керек?



5-тапсырма. Жеңімпаз болу үшін спортшының бойында қандай қасиеттер болуы керек? Төмендегі сын есімдерді қатыстырып, шағын мәтін құраңдар.

Күшті, мықты, керемет, жүделі, табанды, тынымсыз, еңбекқор.



6-тапсырма. Адасқан әріптерді орнына қойып, ойын түрлерін айтыңдар.

еүкйіска

алаққғұобытмз


акынаблта

ркапөк

садркыапау

ркеүс

етркыюске



аксүйек



7-тапсырма. Мақал-мәтелдерде кездескен сын есімдерді қатыстырып, ауызша шағын мәтін құраңдар.

Жаман жолдас жауға алдырар,

Жаман би дауға қалдырар.

Ел-елдің бәрі жақсы,

Өз елің бәрінен жақсы.

11-12-сабақ

«Шынықсаң, шымыр боларсың»



1-тапсырма. Суретке қарап сұхбаттасыңдар. Пікірлеріңді салыстырыңдар.



Мұзафар Әлімбаев (1923–2017) – Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Екінші дүниежүзілік соғысына қатысқан қаламгер.



2-тапсырма. Өлеңді тыңдаңдар (34-аудио). Мазмұнын айтыңдар.

Шынықсаң, шымыр боларсың

Сағаттың тіліндей
 Іліп солға бір,
 Сағатқа қарап ап
 Жаттығу оңай-ақ!
 Қақпаға туралап,
 Теп допты, оң аяқ!
 Қақпаға туралап,
 Теп допты, сол аяқ!
 Оң аяқ!
 Сол аяқ!
 Жаттығу оңай-ақ!
 Доп безек қағады
 Секіріп еденде,
 Біресе жоғары,
 Біресе төменге.
 Секіріп сондай-ақ
 Жаттығу оңай-ақ!

М.Әлімбаев



3-тапсырма. Өлеңді бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескере отырып оқыңдар.



4-тапсырма. Спорт, денсаулық тақырыптары бойынша диалог құрыңдар.



Білгенге маржан...

Азия ойындары – 1951 жылдан бері төрт жыл сайын Азия елдерінің арасында өткізілетін спорт жарысы. Уақытын есептеу Нью-Делиде өткен бірінші ойыннан бастап жүргізіліп келеді.



Ойындардың жалпы ұзақтығы ашылу және жабылу салтанатын қоса есептегенде, жеті күннен аз емес, он алты күннен артық емес. Азия ойындары Халықаралық олимпиада комитетінің қадағалауымен, Азиялық Олимпиада кеңесімен реттеледі. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Азияның бірнеше елі тәуелсіздік алды. 1949 жылы Азия ойындары Үндістанда өтетін болып шешім қабылданған.



5-тапсырма. Еліміз Азия ойындарына қашаннан бері қатысады? Мәлімет жинаңдар.



6-тапсырма. «Мен шымыр боламын» деген тақырыпта эссе жазыңдар (90 сөз).

13-14-сабақ

Күшті болсам...



1-тапсырма. *Күшті адам* деген сөзді қалай түсінесіңдер? Сұхбаттасыңдар.



2-тапсырма. Өлеңді тыңдаңдар (35-аудио). Қандай ой айтылған?

Күшті болсам мен егер

Елен қылмай күнді ыстық,
 Ойнап жүрген батырмыз.
 Көл шетінде тыныштық,
 Өңгіме айтып жатырмыз.
 – Теңдесі жок жалғанда,
 Мықты болсам мен тіптен,
 Екі-үш ұрттап қалғанда,
 Құрғай қалса көл біткен, –
 Дейді Ақан:
 – Үйінді
 Екі-ақ теуіп жояр ем.
 Пойызды сол күйінде
 Жұтып қояр ем.
 – Мықты болсам, – дейді Асқар,

Соған тиіп сөз енді, –
 Алып келіп дәу тастар
 Бөгер едім өзенді.
 Үйлерді сен құлатқан,
 Қайта салып қояр ем.
 Ағаш егіп,
 Ұнатқан
 Жемісіне тояр ем.
 «Жолаушылар жолынан
 Кешігеді-ау көп калып», –
 Деп пойызды қолынан
 Жіберер ем құтқарып.

Ә. Дүйсенбиев



3-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Кейіпкер	Мықты болса не істемек?	Кейіпкер туралы көзқарасын
Ақан		
Асқар		



4-тапсырма. 1-тапсырма мен 2-тапсырма арасындағы байланысты салыстырыңдар. Сұхбаттарың мен өлеңнің мазмұнында байланыс бар ма? Ойларыңды өзара толықтырыңдар.



5-тапсырма. Қиялға кезек берейік! Сендер әлемдегі ең мықты адам болсаңдар не істер едіңдер? Ойларыңмен бөлісіңдер.



6-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып жазыңдар.

Пікір . Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел . Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал . Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды . Тақырып бойынша қорытынды жаз.



7-тапсырма. «Мен үшін ең күшті адам» деген тақырыпта эссе жазыңдар (90 сөз).



Өзіңді тексер!

1. Т.Молдағалиевтің өлеңін табындар.
 - а) «Менің мамандығым»; б) «Мен ақын болам»;
 - ә) «Кім болам?»; в) «Менің арманым».
2. Д.Досжанның қандай романынан үзінді тындадыңдар?
 - а) «Жібек жолы»;
 - ә) «Боран жолы»;
 - б) «Тараз қаласы»;
 - в) «Шығыс пен Батыс жолы».
3. Сын-қимыл (бейне) үстеуінің сұрақтарын табындар.
 - а) қалай? қайтп? қалайша? кімше?
 - ә) не істеді? қайтті?
 - б) кім? не?
 - в) қандай? қай?
4. Мөлшер үстеуін табындар.
 - а) ақырын; б) балаша;
 - ә) азды-көпті; в) бірден.
5. «Жер байлығына аяулы көзқарас» тақырыбына өз ойларыңды жазындар.
6. Талғаулықты мәнді жалғаулықтарды атаңдар.
 - а) я, яқи; б) ақырын, тез;
 - ә) әрең, әзер, жедел; в) онша, соншама.
7. Ш.Айтматовтың шығармасы:
 - а) «Ана – Жер-Ана»; б) «Тау ұлымын»;
 - ә) «Абай жолы»; в) «От».
8. М.Әлімбаевтың «Шынықсаң, шымыр боларсың» өлеңінде не жайында айтылған?
9. Денсаулық туралы мақал-мәтел жазындар.
10. Қажымұқан Мұңайтпасұлы туралы не білесіңдер?

11-ТАҚЫРЫП

АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!

А.Құнанбайұлы. Табиғат лирикасы,
«Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс»

1-2-сабақ

Абай



1-тапсырма. Абай Құнанбайұлы туралы не білесіңдер? Қандай өлеңдері бар?

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845–1904) – белгілі қазақ ақыны, ағартушы, ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (36-аудио). Сұрақтарға жауап беріңдер.

Абайдың бойына әкесінің батылдығы мен қызуқандылығы, жігерлілігі мен алғырлығы дарыған. Алайда болашақ ақынның балалық шағы, негізінен, қос ананың – әже мен шешенің бауырында, тәрбиесінде өсті.

Сүйікті немересінің Ибраһим деген атына тілі келмей, оны «ойлы болсын, аңдағыш болсын, абайлағыш болсын» деген тілекпен Абай атандырған да сол аяулы кәрі әжесі еді.

Абай өңі қара торы, екі көзі тостағандай үлкен әрі өткір, кең маңдайлы бала болды. Мінезі жағынан ширақ, аса ұғымтал, бір көргені мен естігенін ұмытпайтын, зерделілігімен айрықша көзге түсетін.

М.Әуезов

1. Әжесі не үшін Ибраһимді Абай деп атады?
2. Абай кімнің тәрбиесінде өсті?
3. Абай қандай бала болды?



3-тапсырма. Мәтін бойынша сызбаны толтырыңдар.

Абайдың бойындағы қасиеттер  батылдык



4-тапсырма. Абайдың өлеңін оқыңдар. Тақырыбына қарап, ақынның не айтпақ болғанын жұптарыңа түсіндіріңдер.

Түсіндірме сөздік

Күндес – бақталас, бәсекелес.
Шапқат – аяу.

Әсемпаз болма әрнеге

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға...

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегін кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

СЕБЕП-САЛДАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫ БІЛДІРЕТІН ЖАЛҒАУЛЫҚТАР

Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: *себебі, өйткені, сондықтан*. Мысалы: *Мен досымды сыйлаймын, себебі оның адамгершілігін құрмет тұтамын. Інім Асқарды барлығымыз жақсы көреміз, өйткені ол – үйдің кенжесі.*



5-тапсырма. Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтарды қолданып, Абай аталарыңның не айтқысы келгенін болжаңдар. Сөйлемдерді аяқтаңдар.

Әсемпаз болма әрнеге,
Артылам деме өзгеден,
Ақырын жүріп, анық бас,
Ұстаздық қылған жалықпас,

себебі
өйткені
сондықтан

... ..



6-тапсырма. Абайдың тағы қандай өлеңін білесіңдер? Жатқа айтыңдар.



7-тапсырма. Төменде берілген сөздерді пайдаланып, төрт жол өлең құрап көріңдер.

... .. шаттан,
... .. талаптан.
... .. мақтан,
... .. данышпан.

3-4-сабақ

«Құлақтан кіріп, бойды алар»



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (37-аудио). Тірек сөздерді анықтаңдар.

Абайдың ерекше көңіл бөлген тақырыптарының бірі ән болатын. Ол әнге ерекше мән берген. Абай тек ән шығарушы ғана емес, ән-күйдің әділ сыншысы да бола білген. Мысалы, «Құлақтан кіріп, бойды алар, Жаксы ән мен тәтті күй...» атты өлеңінде ән күдіретіне терен мән берген.

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жаксы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді-өзім ұмытып.
Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып...



2-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша жұптарыңмен диалог құрыңдар. Сұрақтарын өздерің дайындаңдар.



3-тапсырма. Берілген сұрақтарға себебі, сондықтан, өйткені жалғаулықтарын қолданып, жауап беріңдер.

1. Абайдың ерекше көңіл бөлген тақырыптарының бірі не?
2. Сен ән тыңдағанда қандай әсер аласың?
3. Күй деген не? Күй тыңдайсыңдар ма?



4-тапсырма. Мағыналас сөздерді сәйкестендіріңдер.

зейінді
әділдік
әлек
әсем
ұғу
надандық
рақымшыл

қайырымды
түсіну
көркем
шыншылдық
әуре
алғыр
білімсіздік



5-тапсырма. Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін мұғаліммен бірге айтыңдар.

Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы.
Бітпейді іштегі,
Ғашықтық жарасы.

Қазақтың данасы,
Жасы үлкен ағасы.
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде,
Қалқама сөз дайын...



6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, пікірлесіңдер.

1. Абай туралы нені білдің?
2. Тағы не білгің келеді?
3. Қанша жаңа сөз үйрендің?



7-тапсырма. «Абай кім?» деген сұраққа синквейн әдісі арқылы жауап беріңдер.

Зат есім (кім?) –

Сын есім (қандай?) –

Етістік (не істеді? не қылды? қайтті?) –

Сөйлем – төрт сөзден тұратын бір сөйлем.

Синоним –

5-6-сабақ

Табиғат лирикасы



1-тапсырма. Топтық жұмыс. Жыл мезгілдері туралы постер әзірлендер.



2-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңдар. Мазмұнын түсініңдер.

Абай өлеңдерінің бір алуаны – табиғат лирикасы. Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Абай асқан шеберлікпен жылдың төрт мезгіліне де арнап өлең жазды. «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» атты өлеңдерінде табиғаттың тылсым құбылыстарын шынайы өмірмен астастыра суреттейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық тұманды күзін не болмаса сақылдаған аязы мен қарлы боранын өзін көріп тұрғандай боласың.

Абайдың өлеңдерінде күнделікті өмір, адамдардың күнкөрісі мен іс-әрекеті және өзінің де көңіл күйі анық көрінеді.

«Абайтану» кітабынан



3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрап, сұхбаттасыңдар.



4-тапсырма. Өлеңді оқындар. Мазмұнын қарасөзбен жазындар.

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі.
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жержүзі...



5-тапсырма. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңінің мазмұны бойынша сурет салындар.



6-тапсырма. Сөз тіркестерін пайдаланып, табиғат көрінісін суреттеңдер.

Жайдары жаз, тұманды күз, сақылдаған аяз, қарлы боран, желсіз түн, терең сай, тасыған өзен, жасыл жержүзі.



7-тапсырма. Кім жылдам? Бұл қай мезгілде болады?

Сөйлемдер	Күз	Қыс	Көктем	Жаз
Құстар жылы жаққа кетеді.				
Шық түседі.				
Жер беті жасыл түске боялады.				
Жеміс-жидек пісіп, егін орылады.				
Жапырақтар сарғаяды.				
Сай-сала суға толады.				
Кейбір аңдар ұйқыға кетеді.				
Ағаштар бүршік атады.				
Боран соғып, аяз болады.				

7-8-сабақ

Күз – береке бастауы



1-тапсырма. Өлеңнен алынған үзіндіні мәнерлеп оқыңдар. Қай мезгіл бейнеленген? Тақырыбы мен негізгі ойды анықтаңдар.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тонғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, қурай...

Қаз, тырна қатарланып кайтса бермен,
Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен.
Қай ауылды көрсең де жабырқанқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сөйіл-серуен...

Абай



2-тапсырма. Өлеңдегі күздің белгілерін айтыңдар. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданыңдар.



3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Негізгі және қосымша ойды анықтаңдар.

Күзгі күн еді. Күнұзаққа екпіндетіп соққан
долы жел кешке қарай басылып, әлем жүзі құлақ-
қа ұрған танадай мүлгуде.

Дала көңілсіз. Сарғайған шөп, мал тұяғымен
қырқылып, тақырланған жер. Қызықты жаздың
құлпырған жері жоғалған секілді. Мына кішкене
шалшық су бұдан екі-үш ай бұрын шалғыны балбырап жатқан көгал
еді. Енді шалғынның әр жерінде бір түбірі ғана қалыпты. Бұл түріне
қарап, мына жерде көгөрай шалғын болды деп кім айтады?!

Б. Майлин

Түсіндірме сөздік

Құлаққа ұрған
танадай – тып-
тыныш.



4-тапсырма. Мәтіннен алынған ауыспалы мағынадағы тіркестердің тура мағынасын тауып жазыңдар. Мұғалімнің және түсіндірме сөздіктің көмегін пайдаланыңдар.

долы жел –
қызықты жаз –
әлем жүзі мүлгуде –

көңілсіз дала –
балбыраған көгал –



5-тапсырма. Оқылым мәтіні мен өлеңді салыстырып, ортақ ойды жазыңдар.



6-тапсырма. Жұмбақтарды шешіңдер. Шешуімен сөйлемдер құраңдар.

Қыр басында әрқилы,
Сары теңіз толқиды.

(Е...н)

Жезге ұқсас сабағы,
Дәні – халық тамағы.

(Б...і)

Жапырақты бояды,
Атырапты бояды.
Бояп-бояп барлығын,
Сап-сары ғып қояды.

(К...з)

Қара суық жел есті,
Күннің көзі көмескі.
Ауыл егін орады,
Бұл қай кезде болады?

(К...з)



7-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Күз мезгіліне қандай айлар жатады?
2. Күзде не жауады?
3. Ауа райы қандай болады?
4. Күзде оқушылар қайда барады?
5. Адамдардың күздегі іс-әрекеті қандай?

9-10-сабақ



Қыс



1-тапсырма. Сурет бойынша қыс мезгілі туралы сұхбаттасыңдар.





2-тапсырма. Өлеңнен үзінді тыңдаңдар (38-аудио). Мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтаңдар.

Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген окшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты канат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды...

Абай



3-тапсырма. «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды...», «Үсті-басы ақ қырау, түсі суық...» деген өлең жолдарының мазмұнын мұғалімнің көмегімен түсініңдер.



4-тапсырма. Мәтінді себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтарды қатыстырып жазыңдар.

Қыс айларында жануарларға тамақ тауып жеу онай емес. Құстар жылы жаққа кетеді. Сауыскандар, алақарғалар және торғайлар қалады. Табиғаттың сұрапыл жағдайынан сақтану үшін арқар, елік, қарақұйрық, кнік және марал сияқты аңдардың жүні күзден бастап ұзарып, қалындайды. Кейбір аңдардың терісінің астында май қабаты сақталады. Бұл оның бойындағы жылулықты сақтап, қыста тоңдырмайды.

С.Махмұтов



5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар дайындап, жұптарымен диалог құрыңдар.



6-тапсырма. Кестені толтырыңдар.

Маған қыс мезгілі өте ұнайды,	себебі ...
...	өйткені шаңғы теуіп, шанамен сырғанаймыз.

Далада қатты аяз болады,	сондықтан ...
...	себебі тоқтаусыз қар жауып тұр.



7-тапсырма. Абайдың «Қыс» өлеңінен тірек сөздер тауып, қыс мезгілі туралы шағын мәтін жазыңдар.

11-12-сабақ

Бұл қай мезгіл?



1-тапсырма. Өлеңді оқыңдар. Ақынның сөз қолданысына көңіл аударыңдар.

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
 Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
 Жан-жануар адамзат анталаса,
 Ата-анадай елжірер күннің көзі...

Түйе боздап, қой қоздап, қора да шу,
 Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.
 Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
 Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су...



2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өлеңде қай мезгіл суреттелген?
2. Бұл мезгілде қандай өзгерістер болады?
3. Бұл мезгілдің басқа мезгілдерге қарағанда қандай ерекшеліктері бар?



3-тапсырма. Өлең бойынша сәйкестендіріңдер.

Күннің	сызы
Жердің	көзі
түйе	қоздап
қой	жүзі
қыстың	боздап



4-тапсырма. Өлеңнің мазмұны бойынша әңгіме құраңдар. Өлеңді жаттап алыңдар.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жазыңдар.

... келді. Қар еріп, ... жылынды. Өзендерде ... жүре бастады. ... бүршік атты. Жылы жақтан ... ұшып келді. ... көкте жүріп ән шырқайды. Осының бәрі ... келгенін білдіреді.

Керекті сөздер: ағаштар, бозторғайлар, көктемнің, күн, сен, көктем, құстар.



6-тапсырма. Жыл мезгілдерінің ерекшеліктері туралы сұхбаттасыңдар.



7-тапсырма. Жаңылтпашты кім жаңылмай тез айтады?

1. Көкпенбек көктем кеп,
Көптен-көп төкті еңбек!
Төкті еңбек көптен-көп,
Көңілді кетті еңбек,
Кетті еңбек көктем боп!
2. Шөмеленбеген шөпті
Мен шөмелемей,
Кім шөмелейді?

13-14-сабақ

Жаз



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (39-аудио). Қай мезгіл суреттелген? Пікір алмасыңдар.

Жаздығу н шілде болғанда,
Көгорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұркырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңкылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,

Арасында құлын-тай,
Айнала шауып бұлтылдап...

Абай



2-тапсырма. Жаздың әдемі көрінісін беріп тұрған тірек сөздерді айтыңдар. Сол сөздерге сүйеніп, әңгіме құраңдар.



3-тапсырма. Өлеңді қайталап оқыңдар. Сұрақтар дайындаңдар. Ақынның не айтқысы келгенін жұптарыңнан сұраңдар. Сұрақтарыңда төмендегі мәселелер болсын.

- Өзенге ауылдың көшіп келуі
- Ауылдың жанында малдың жайылып жүруі
- Жаздыгүнгі табиғат



4-тапсырма. Жаз және күз мезгіліне байланысты 3-4 сөйлемнен тұратын мәтін құраңдар.



5-тапсырма. Жыл мезгілдеріне қатысты мақал-мәтелдер тауып айтыңдар.



6-тапсырма. Табиғат аясында болған бір күндерің жайлы күнделік жазыңдар.



7-тапсырма. «Табиғат» тақырыбына арналған қандай өлеңдерді білесіңдер?

15-сабақ



Табиғат құбылыстары



1-тапсырма. Жұмбақтарды шешіп, бүгінгі тақырыпты болжаңдар.

Қыстыгүні аппақ,
Жаздыгүні сұп-сұйық.

(Қар, су)

Қуып едім, мойнын бұрмады,
Ұстайын деп едім, қолға тұрмады.

(Ирбиз)

Таудан топ түсті,
Аяқ-колы жоқ түсті.

(Амандық)

Айдаһар аузын ашса, арс етеді,
Гауһары жерге түссе, жарқ етеді.

(Найзағай)



2-тапсырма. Әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарын сипаттап айтыңдар.



3-тапсырма. «Не істейді?» сұрағына жауап беріңдер.

Бұлт
Найзағай
Жаңбыр
Көшкін
Жанартау
Қар

не істейді?



4-тапсырма. Кім жылдам? Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Абай кім?
2. Абайдың шын есімі кім?
3. Абай кімнің тәрбиесінде өсті?
4. *Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тат та, бар қалан* деп ақын не айтпақшы болды?
5. Ақынның табиғат лирикасына арналған өлеңдерін атаңдар.
6. Абай әнге қандай баға берді?



5-тапсырма. Себеп-салдар жалғаулықты қолданып, жыл мезгілдеріне байланысты мәтін жазыңдар.



6-тапсырма. Стыльдік ерекшелігін сақтап, Абайдың өмірбаянын жазыңдар.

12-ТАҚЫРЫП

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ

О.Бөкей. «Апамның астауы»

Ф.Оңғарсынова. «Оюлар»

1-2-сабақ

Қазақ қолөнері



1-тапсырма. Суретке қарап, бүгінгі тақырыпты болжаңдар.



2-тапсырма. Қазақтың ұлттық қолөнері туралы не білесіңдер? Оң жақтағы сөздерді пайдаланып, пікір алмасыңдар. Хабарлы, лепті сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріңдер.

білезік
сақина
құрақ
тұскиіз
кесте
жасау
көрпе



3-тапсырма. Мәтінді түсініп тыңдаңдар (40-аудио). Мәтін мазмұны бойынша сұхбаттасыңдар.

Қазақ ұлттық мәдениетінің көне әрі аса құнды салаларының бірі – қолөнер, оның ішінде ою-өрнек. Ою-өрнектер – әсемдік пен сәнділіктің белгісі. Сонымен бірге халықтың арман-ойының, тілек-мүддесінің нышаны. Ою-өрнектің мазмұнды ерекшеліктері сан алуан. Сонау жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда адам өз ойын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып, қашап түсіріп отырған. Қазіргі қолөнер саласындағы *сүйек ою өнері*, *ағаш ою өнері* деген сөздер – сол ерте заманда қалыптасқан ұғымдар. Қолөнердің сала-саласында кең қолданылып келген, өнердің өте көне әрі күрделі түрі – ою-өрнек өнері.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ою-өрнектер ненің белгісі?
2. Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы түрі қандай өнер?
3. Ерте заманда адамдар өз ойын қайда түсірген?



5-тапсырма. Ою-өрнек ненің белгісі, нышаны? Мәтінді негізге алып, кластерді толтырыңдар.



СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі белгілі бір ережеге бағынады. Бастауыш сөйлемнің басында келеді, баяндауыш сөйлемнің аяғында келіп, ойды аяқтап тұрады. Мысалы: *астық (не?) – біздің байлығымыз (неміз?)*. Анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады. Мысалы: *Құстар шыршалы (қандай?) орманды жақсы көреді*. Толықтауыш және пысықтауыш баяндауыш болатын сөздің алдында келіп жұмсалады. Мысалы: *Бұл жазушының байқағыштығын (нені?) көрсетеді. Ол бүгін (қашан?) келеді*.



6-тапсырма. Сурет бойынша мәтін жазыңдар.





7-тапсырма. Үйлеріңде қолдан жасалған заттар бар ма? Мәлімет жинаңдар.

3-4-сабақ

«Апамның астауы»

Оралхан Бөкей (1943–1993) Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. Жазушы, драматург О.Бөкейдің шығармалары көптеген шет тіліне аударылған.



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (41-аудио).

Ол кезде мен бала едім, Апам жастау еді. Әкешешеміз мал сонында жүретін. Айында-жылында ғана болмаса, бет-жүзін үнемі көре бермейтінбіз. Соғыстан кейінгі жылдарда есін жнып, езілген еңсесі көтеріле бастаған елдің берекелі де бейбіт тірлігі жар жағасында отырған жалғыз үй, әрине, бізге де ортақ. Қос бөлмелі шатырланбаған тоқал ағаш тамның манайы қысы-жазы айғайлап шулаған балалардың базарына айналатын. Біздің үйден тас лақтырым жерден арқырап ағып жатар ағыны қатты Бұқтырма жаз шыға суға шомылған, қыста сырғанақ тепкен баланың жер-көкті шарқ ұрып шарласа таба алмас қызыққа толы мекені еді. Тоң боп қатқан шимасын, сүнгілесе су болған көйлек-дамбалын біздің үйге келіп кептіретін. Сонда Апам менің ғана емес, мұқым ауыл балаларының абзал анасы сықылданатын.

Түсіндірме сөздік

Мұқым – бүкіл.
Пима – жүннен басылған қысқы аяқкиім.
Тоқал там – шатыры жоқ үй.

О. Бөкей. «Апамның астауы»



2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әңгімеде қай кезен суреттеледі?
2. Әңгімені кім айтып отыр?
3. Бала кейіпкер неліктен Апасын ауыл балаларының абзал анасына теңеді?



3-тапсырма. Мәтіннен төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің баламасын тауып, сөйлемдер құраңдар.

Жақын жерде, үнемі, тыным таппай іздеу, сияқты, үйдің жаны.



4-тапсырма. Мәтінді кезектесіп оқыңдар. Қай мәтіннің жалғасы екенін анықтаңдар.

Жаз шыға, бәріміз (әпкелерімді айтамын) Апам есіп берген жіпті алып, тоғайға отынға аттанатынбыз. Бір-бір арқа отын көтеріп, ең алда Апам, содан кейін күндыздай шулаған біздер күліп-ойнап келе жатар едік. Ол шақта қыстық шөпті де ала жаздай арқалап тасып, қораны маяға толтырып қоятынбыз. Қысқы соғым мен ұн ғана әке-шешеміздің мойнында... **Шынымды айтсам, бізді, тіпті бізді ғана емес, ертеректе әкемізді, оның іні-қарындастарын асыраған Апамның теректен ойып жасаған келісі мен ескі астауы еді...** Осы келі мен астау тіпті әкемнен де үлкен...

Түсіндірме сөздік

Мая – үйілген шөп.

Келі – дәнді дақылдарды ұнтақтауға арналған ағаш құрал.

Астау – ағаштан жасалған ыдыс.

Қазір Апам жоқ! Қара жер қойнына алған. Былтыр мен кигізген атлас көйлекті ала кеткен жоқ, арулаған адамдар киіп жүр. Сексен жыл жолдас болған жыртық астау да қаңсып қалды, әне... Апам ала кеткен жоқ. Апам менің...

Апам менің... Сенен не қалды? **Жарық астау ма? Иә, адам өмірі де сол жарық астау секілді қаңсып қалады екен-ау ...**

О. Бөкей. «Апамның астауы»



5-тапсырма. Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерді теріп жазып, мағынасын ашыңдар.



6-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, сұраулы, лепті, хабарлы және бұйрықты сөйлемдер құраңдар. Сөйлемдерінде сөздердің орын тәртібін сақтаңдар.

Келі, астау, соғым, қора, отын, шөп, тоғай.



7-тапсырма. Оралхан Бөкейдің қандай шығармалары бар? Мәлімет жинаңдар.

5-6-сабақ



«Оюлар»

Қазақ ақыны Фариза Оңғарсынова (1939–2014) – көптеген өлең жинағының авторы. Шығармалары шет тілдеріне аударылған.



1-тапсырма. Өлеңнен үзінді тыңдаңдар. (42-аудио). Өлеңде қандай жаңа сөздер мен сөз тіркестері кездесті? Дәптерлеріңе жазыңдар.

Оюлар

Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!
 Үнілдім үнсіз ғана басымды алмай.
 «Келе ғой, қошқаным, өзіме!» – деп,
 Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.

Күйімді кешсеңдер-ау сол беттегі,
 Тұрғандай ана көңіл тербеп мені.
 Жан бітіп жайрандады жан-жағымнан
 Қазақтың кошкармүйіз өрнектері.

Ансаумен күнім өтті қанша менің,
 Желбауда, басқұрда ма ансау емім.
 Әжемнің көзіндей бұл оюларды
 Таба алмай дала кезіп шаршап едім.

Елестеп көз алдымда сән шақтарым,
 Келгенде құлағыма аңсатқан үн.
 Түрінен текемет тін көріп тұрмын,
 Әжемнің тарамысты саусақтарын...

Ф. Оңғарсынова



Білгенге маржан...

Текемет – бетіне ою-өрнек басылған киіз.

Басқұр – киіз үйдің ішін сәндеу үшін керегелерінің басын айналдыра орап байлайтын жалпақ бау.

Желбау – киіз үйдің шаңырағына тағылатын өрнектелген шеш ақты бау.



2-тапсырма. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Акын өлеңінде казактың қолөнеріне байланысты қандай сөздер кездеседі?
2. Акын оюларды көргенде кімді есіне түсіреді?
3. Қазак халқының қолөнері туралы не білесіңдер?



3-тапсырма. Сөйлемді сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жазыңдар.

1. Сипағандай, жай, шашымнан, әжем.
2. Текеметтің, тарамыс, түрінен, тұрмын, әжемнің, көріп, саусақтарын.
3. Көзіндей, бұл, әжемнің, таба, оюларды, алмадым.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Тағы қандай ою түрлерін білесіңдер?

Ою-өрнек латынша «орнамент» деген ұғымды білдіреді. Мағынасы – сәндеу, әсемдеу деген сөз. Оның әрбір элементінде терең мағына, үлкен мән бар. Қазак халқы ою-өрнек үлгілеріне өте бай.

«Қошқармүйіз» өрнегі қошқардың піріліп біткен қос мүйізіне ұқсайды. Бұл ою халықтың арман-тілегін білдіреді. «Қошқармүйіз» оюы текемет, сырмақтың ортасына, кебеже, сандықтың беттеріне салынады. «Қосмүйіз» оюы өмірде жұбы жазылмасын дегенді ұқтырады. Ал «сұңқармүйіз» оюы қонақжайлылықты білдіреді.

Ғ. Аманова



5-тапсырма. Өздерің білетін ою-өрнектің суретін салыңдар.



6-тапсырма. Ою-өрнектер туралы мақал-мәтелдер тауып жазыңдар.



7-тапсырма. Орын тәртібін сақтай отырып, қоржындағы сөздермен сөйлем құраңдар.



7-8-сабақ

Ұлттық қолөнер бұйымдары



1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мазмұнын түсініңдер.

Қазак халқының қол өнері ерте кезден-ақ әлемдік мәдениеттің көрнекті қайраткерлерін қызықтырған. Геродот тіпті былай деп жазған: «Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған. Садақтың

металды бөлшектері, оғы, айбалталары мыстан, ал басқимдері мен белдік әшекейлері атынан жасалған. Сондай-ақ ат омырауындағы өмілдіріктер де мыстан соғылған. Жүген сулығы, ауыздығы тағы да басқа бөліктері түгелдей алтынмен әшекейленіп безендірілген». Қазақ халқының қолөнері туралы Ресей ғалымдары да сүйсіне әңгімелейді. Мысалы, М.А.Леваневский: «Қазақтың қандай кәсіпке болмасын табиғаттан қабілеттігіне сүйсінесін... Қазақтың тіккен аяққимдері өте берік, қиюға ыңғайлы», – деп жазады...

Б. Әбілдаұлы. «Талас-Тараз» тарихи-деректі романынан



Білгенге маржан...

Өмілдірік ер-тоқымның жылжып кетпеуі үшін аттың кеудесіне кигізіледі.

Жүген қайыстан (теріден) жасалып, жылқының басына кигізіледі.

Ауыздық – жүгеннің ат аузына салынатын темір бөлігі.



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Геродот қазақтың қолөнері туралы не жазған?
2. Заттар неден жасалған?
3. Қазақтың тіккен аяққимдері қандай болған?



3-тапсырма. Дереккөздерді пайдаланып, төмендегі қатарды жалғастырыңдар.

Металдан жасалатын бұйымдар: сақина, ...

Қиізден жасалатын бұйымдар: текемет, ...

Теріден жасалатын бұйымдар: өмілдірік, ...



4-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңдар. Келесі мәтін не туралы екенін болжаңдар.





5-тапсырма. Сурет пен мәтіннің арасындағы байланысты табыңдар.

Қазақтың ағаш ыдыстарының өзіндік ерекшеліктері – оның көлемділігі. Мысалы, бұрын қазақ ауылдарында бір қойдың еті тұтас сыйып кететін керсен тәрізді ыдыстар болды. Қазір де оның кейбір түрлері ел ішінде сақтаулы. 1871 жылы Семейдегі көрме ұйымдастыру комитеті өзінің хаттама құжаттарында қазақтың тек қашау мен пышақ арқылы қайың ағашынан ыдыстарды өте шебер жасайтынын жазып қалдырыпты. Жалпы қазақ халқында қолөнер шеберлері жасаған ыдыстардың 65 түрі кездеседі.

«Тәрбие құралы» кітабынан



6-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

Былғары, ер-тұрман, құрал-сайман, киімлігіш, жиһаз.



7-тапсырма. «Қазақтың қолөнері» тақырыбына эссе жазыңдар (90 сөз). Теңеу, эпитет сөздерін қолданыңдар.

9-10-сабақ

Өнер – таусылмас азық



1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқып, пікір алмасыңдар. Мәтінді өздерің аяқтаңдар.

«Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық» деген халық даналығы. Әр халықтың өзіндік ұлттық өнері болады. Өнер адамның дүниетанымына, эстетикалық сезіміне, алға қойған мақсатының айқындалуына әсер етеді...

«Тәрбие құралы» кітабынан



2-тапсырма. Мәтіндегі мақалдың мағынасын ашыңдар.



3-тапсырма. Топқа бөлініңдер. Әр топ қолөнер бұйымдарының бірін таңдап, жарнама жасаңдар.

Талаптары :

- бұйымның неден жасалғанын;
- оның қандай мақсатта пайдаланылатынын санамалап айтыңдар.



4-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазыңдар. Керекті мәліметті есте сақтаңдар.

Ою-өрнек – тұрмыста бір бұйымның бетін әшекейлеу үшін қолданылатын накыш өрнек. Заттың бетін өрнектеу үшін ісмерлер әртүрлі тәсілді қолданады.

Ою-өрнек үлгісінде әр халықтың ерекшеліктері, халықтық келбеті айқын танылады. Бізге жеткен ою-өрнек үлгілері – бай мұра, сарқылмас қазына. Қазақ қолөнерінде ою-өрнек өте кеңінен қолданылады.

Б. Әбілдаұлы



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Зергерлік әшекей бұйымдар туралы не білесіңдер?
2. Шебер адам деп кімдерді айтамыз?
3. Әйел адамның әшекейлеріне, сәндік бұйымдарына не жатады?



6-тапсырма. Жону, басу, әшекейлеу етістіктерін қатыстырып, шеберлер туралы үш сөйлем жазыңдар.



7-тапсырма. Мақал-мәтелдерді жаттап алыңдар.

Ер қадірін ел білер,
Зер қадірін зергер білер.

Ана көрген тон пішер,
Ата көрген оқ жонар.

Өнершінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын.

Қолөнер – сырлы өнер.



8-тапсырма. Берілген ойды жалғастырып, эссе жазыңдар. Әрбір азатжолды жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашыңдар.

Қазақтың қолөнері – қазақ халқының асыл қазынасы. Осы асыл қазынаны жоғалтпай, әрі қарай дамыту – біздің, болашақ жастардың міндеті. Ол үшін...

13-ТАҚЫРЫП

САЯХАТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Ш.Уәлиханов. «Жоңғария очерктері»

1-2-сабақ

Туризм



1-тапсырма. Еліміздің қай өңіріне саяхатқа барғыларың келеді? Неліктен?



2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, саяхат туралы ойларыңды толықтырыңдар.

Біздің елімізде саяхатқа шығып, аралап көретін ғажайып жерлер өте көп. Көрікті орындармен танысуға, адамдармен **жауығып әңгімелесуге**, халықтың салт-дәстүрін танып білуге, еліміздің көне қалалары мен ескерткіштерін көріп, тамашалауға тілек білдірушілер саны жыл сайын көбеюде. Бірақ саяхатшыларды тек осы айтылған жайлар ғана қызықтыра ма? Әрине, олай емес. Саяхатшылықтың танымдық қызметімен бірге тәрбиелік, сауықтырушылық және спорттық қызметтері де бар.

bilimland.kz сайтынан



3-тапсырма. Үндестік заңын ескеріп, қосымшаны дұрыс жалғандар.

Саяхат

- ты
- қа
- мен
- дың
- ға
- шы

Табиғат

- тан
- ке
- пен
- ді
- тың
- та



4-тапсырма. Қарамен берілген сөйлемді талғаулықты және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықты сөйлемдерге айналдырыңдар.



5-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар.

Кең даламыз да саяхаттың сан алуан түрін дамытуға мүмкіндік мол. Бүгінгі таңда белсенді тынығудың кең тараған түрі – саяхат. Саяхат – белгілі бір аймақпен танысу, оны зерттеу және т.б. мақсаттармен іске асырылатын шаралар. XVIII–XIX ғасырларға

дейінгі саяхаттар елдердің табиғатын, халқын, тарихын және шаруашылығын зерттеу үшін жасалды. Саяхаттар дала жағдайындағы географиялық зерттеулерді ұйымдастырудың бір түрі – географиялық экспедициямен де тығыз байланысты.

bilimland.kz сайтынан



6-тапсырма. Сөздерді қатыстырып сөз тіркестерін құраңдар.

Бағдар, өзара, жоспарлау, анықтама, мүмкін.



7-тапсырма. Қиялға кезек берейік! Қай мемлекетке саяхат жасағыларың келеді? Сол елдің көрікті жерлері туралы мәлімет жинаңдар. Сол бойынша төмендегі сөздерді қатыстырып мәтін жазыңдар.

Керемет жер, көркем ғимараттар, әйгілі мейрамхана, танымал нысандар, таңғаларлық оқиға.

3-4-сабақ



Шоқан зерттеулері



1-тапсырма. Шоқан туралы не білесіңдер? Оның қандай еңбектері бар?

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835–1865) – ғалым, шығыстанушы, тарихшы, этнограф, географ, ағартушы.



2-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (43-аудио). Қандай ақпарат естеріңде қалды?

Шоқанды әкесі жеті жасында ауыл мектебіне оқуға береді. Зерек бала сабаққа алғыр болады. Әсіресе тарих, өлкетану пәндерін өте жақсы оқиды.

Шоқан мектепте жүрген күннен-ақ қазақ тарихын көп зерттейді. Халық мақалдарын, аңыз-әңгімелерін жақсы біледі. Жастайынан ғылымға жақын болады.

Мектеп ұстаздары Шоқанды үлкен ғалым болады деп, оның келешегінен үміт күтеді.

Шоқан 22 жасында Орыс жағрапия қоғамының мүшесі болып сайланады. Ол 1858–1859 жылдары Қашқария сапары арқылы дүниежүзілік ғылымға үлес қосты.

Қазақ фольклорын жинау, зерттеу саласындағы Шоқан туындыларының мәні зор.



3-тапсырма. Мәтін бойынша ғалым Шоқанға мінездеме беріңдер.



4-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Қандай жанрда жазылған (мақала ма, күнделік пе, очерк пе)?

1859 жылы менің қоқан саудагерінің атын жамылып қоқан керуенімен Қашқарға өтуімнің сәті түсті. Әйгілі Марко Поло (1272 ж.) және португалдық иезуит Геос Бенедиктен кейін бұл елде екі-ақ еуропалық болған. Оның бірі – ост-үнді қызметінің офицері, аты-жөні белгісіз, бірақ саяхаты жайында қызғылықты жазбалар мен жолсапар жобасын қалдырған неміс те, екіншісі – прусс ғалымы Адольф Шлагинтвейт...

Қашқар Қытайдың түстік желісіндегі провинциясының округтік қалаларының қатарына жатады. Былайша айтқанда, Зұлқарнайын қолбасшысы Птолемей заманынан бері үлкен керуен сарайларымен, әсіресе кең өрістеген шай саудасымен аты шыққан шаһар. Азия үшін Қашқар бізге Қияқты, еуропалықтарға Шанхай мен Кантон қандай болса, сондай. Осынау даңқына орай бұл Азия саудагерлері құрлықтың шалғай-шалғайынан ағылып келіп жататын орынға айналған. Мұнда парсылық пен тибеттікті, Еділ татары мен үндісті, ауғандарды, армяндарды, жөйттерді, сығандардың мультандары мен лулуларын және қашып жүрген Сібір казак-орысы, өзіміздің отандасымызды ұшыратуға болады...

Ш. Уәлиханов. «Жоңғария очерктері»



5-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтін үзіндісі нешінші жақтан баяндалады?
2. Шоқан Қоқан саудагерінің атын жамылып қайда өтті?
3. Қашқарға Шоқаннан басқа тағы қандай саяхатшылар сапар шеккен?
4. Қашқар қай жерде орналасқан?
5. Ол жерде кімдерді кездестіруге болады?



6-тапсырма. «Мен саяхатшы болсам, ...» тақырыбына шағын мәтін жазыңдар.



7-тапсырма. Ойтаразы. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап беріңдер.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім? Кімді риза қылдым?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?

5-6-сабақ



Жоңғария очерктері



1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар (44-аудио). Мәтінде не туралы айтылған?

...Мен өзімнің Алатау қырғыздары ордасына саяхат жасап барып қайтқан сапарымның нәтижелерін ғана баяндап бергім келеді.

Басып өткен жерлерінің ыңғайына қарай менің саяхатымды екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңге менің Жоңғарияға барған сапарым, яғни Жетісу, Іле өлкелерін аралап, Ыстықкөлде болуым жатады. Бұл жерлердің табиғи сипаты Сібір штабының түсірген тәп-тәуір суреттері арқылы бұдан бұрын да таныс-тын. Ғылыми тұрғыдан бұны Шренк, Влангали, Семенов және Голубев мырзалар әжептәуір зерттеген-ді. Әйткенмен бұл ақпарат хабарлар физикалық жағрапия деректерімен ғана шектеліп, этнографияға мүлдем соққан жоқ. Мен Жоңғарияда алғаш рет 1856 жылы болып, полковник Коментовскийдің Ыстықкөл бағытындағы бірінші экспедициясына қатысқанмын. Сонан соң үш ай Құлжада тұрдым. Жоңғарияда мен ұзын саны бес ай болып, бұл өлкені ерсілі-қарсылы шарлап, Алакөлден Тянь-Шаньға дейін бардым. Ал Тянь-Шаньға сол жылы Шырғалаң өзенін бойлай отырып көтерілдім...

Ш.Уәлиханов. «Жоңғария очерктері»



2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша Шоқан жүрген жердің картасын сызып көріңдер.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Шоқанның саяхатын неше кезеңге бөлуге болады?
2. Жонғарияда алғаш рет қай жылдары болған?
3. Бұл сапарға не үшін шыққан?
4. Жонғария сапары кезінде Шоқан қай өлкеде болды?



4-тапсырма. Мәтінді талдаңдар. Шоқанның зерттеулері жайында көршілеріңмен ой бөлісіңдер.

Жонғар Ала тауының бөктерінде терең із бар. Бұны, қазақтардың айтуына карағанда, құландарды қыру үшін Жәнібек хан қаздырған екен. Ханның жас баласы атқа отыруға үйреніп жүрген кезінде оның атын құландар өз үйіріне ілестіріп әкетіп, баласы қаза тауыпты. Содан кейін Тарбағатайдан Ілеге дейін ор қаздырып, Жонғарияның барлық құланын соған құлатып өлтіріпті. Қазіргі уақытта Жонғарияда екі түрлі халық тұрады. Буряттар немесе нағыз қырғыздар және үйсін деп аталатын Ұлы жүз қазақтары. Көптеген қырғыз-қазақтардың ертегілерін, мифтерін, эпос, жырларын және аңыздарын жинап жүріп, олардың Еуропа халықтарының, әсіресе славяндардың сол сияқты шығармаларына ұқсастығына таңғал дым...

Түсіндірме сөздік

Құлан – жылқы тектес жабайы аң.

Ш. Уәлиханов. «Жоңғария очерктері»



5-тапсырма. Мәтіндегі бірнеше сөздің түбірі мен қосымшасын ажыратып, нормаға сай жазылып тұрғанын түсіндіріңдер.



6-тапсырма. Шоқанның әңгімесі бойынша күнделік жазыңдар. Тыныс белгілерін дұрыс қолданыңдар.



7-тапсырма. Сұрақтарға 3-2-1 критерийі бойынша жауап беріңдер.

- 3 маңызды ақпарат;
- қиындық келтірген 2 мәселе;
- тапсырмадағы ұнаған 1 мәселе.

7-8-сабақ

Шоқан саяхаты



1-тапсырма. Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтаңдар.

Халық аузындағы нақыл сөздердің этнография үшін маңызы орасан зор. Өйткені нақыл сөздерден халықтың тұрмысы мен әдет-

гүрпы айкын көрінеді. Нақыл сөздер ру ескерткіштері ретінде, яғни гүрып, аңыздар ретінде, қариялар аузында қасиеттеліп сақталды. Сонымен қатар халық жыры түрінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа белгілі жыршылар арқылы жеткізіліп отырды. Қазіргі уақытта қолданылмайтын, айтылмайтын толып жатқан сөз жүйелері өздерінің өте ерте уақытта шыққандығын көрсетеді...

Ш. Уәлиханов. «Жоңғария очерктері»



2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар дайындап, бір-біріңмен диалог құрыңдар.



3-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашыңдар.

Сөздер мен сөз тіркестері	Мағынасы
аныз	
нақыл сөз	
халық аузында	
жыршылар	
сөз жүйесі	



4-тапсырма. Қандай нақыл сөздерді білесіңдер? Олардың мағынасын ашыңдар.



5-тапсырма. Берілген сөздерден сөз тіркесін құраңдар.

Көшбасшылық, ұйым, көпшілік, әуесқой.



6-тапсырма. Саяхатқа шыққан сәттерің туралы ой бөлісіңдер. Қандай қызықты жағдайларды бастан кештіңдер?



7-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Мәтіндегі сұрақтарға жауап бере алдыңдар ма?
3. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
4. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

9-10-сабақ

Құнды еңбек



1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Алдыңғы мәтіндерден айырмашылығы бар ма?

Ш.Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» өзінің Жоңғарияға жасаған экспедициясының материалдары негізінде Орыс географиялық қоғамының алдында жасаған баяндамасы еді. Мұнда Шоқан саяхатшыға тән жүріп өткен жолына, ондағы тұрғын халықтардың этникалық құрамы мен тұрмыс-тіршілігіне айрықша тоқталады. Соның ішінде әдебиет туралы бөлек тоқталып, өте құнды пікірлер айтқан. Шоқан осы еңбегінде ауыз әдебиеті ескерткіштерін этнографиялық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығын айтады. «Жоңғария очерктері» ғылымға белгісіз болып келген өлкені жан-жақты танытады және сол кезеңдегі құнды еңбек деп бағаланған. Шоқанның бұл еңбегі бүгінгі күнде де маңызын жойған жоқ.

«Шоқан асулары» кітабынан



2-тапсырма. «Жоңғария очерктері» туралы достарыңнан сұхбат алыңдар. Сұхбат сұрақтарын өздерің дайындаңдар.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Шоқан қандай жерлерге саяхат жасады?
2. Шоқанның зерттеу еңбектері хат, мақала, очеркке жата ма?
3. Зерттеу еңбектерінен естерінде не қалды?



4-тапсырма. Сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, сөйлемдер құраңдар.

Шатқал, үңгір, аспалы, шырағдан.



5-тапсырма. «Шоқан – зерттеуші ғалым» деген тақырыпта эссе жазыңдар (90 сөз). Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерін орынды қолданыңдар.



Өзіңді тексер!

1. Абайдың өздерің білетін бір өлеңін жатқа жазыңдар.
2. О.Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесінен үзінді айттыңдар.

3. Ф.Оңғарсынованың «Оюлар» өленінің мазмұны негізінде ою-өрнектер туралы мақал-мәтелдер жазыңдар.
4. Өздеріңе ұнайтын жыл мезгілін сипаттап жазыңдар.
5. Өздік есімдігінің жасалу жолы:
а) бір, әр, әлде; б) әрқалай, әркім;
ә) өз; в) әлдекім, әлдене.
6. Болымсыздық есімдікке 5 мысал келтіріңдер.
7. *Бәрі, барша, барлық* жалпылау есімдігіне сөйлем құраңдар.
8. Шокан Уәлихановтың зерттеулері жайында сипаттап жазыңдар.
9. Болашақта кім болғын келеді? Ойларыңмен бөлісіңдер.
10. Ұлттық колөнер туралы ойларыңды жазыңдар.

ЛЕКСИКАЛЫҚ-ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ БОЙЫНША ҚАЗАҚША-ОРЫСША СӨЗДІК

Отан отбасынан басталады М.Әуезов. «Абай жолы» романы, «Қайтқанда» тарауы (үзінді)

ағайын – родственник, родня	отбасылы – семейный
ал – а, но	өзімшіл – эгоист
асығу – торопиться, спешить	өнеге – пример, поучение
аяқталу – заканчиваться	пікірлесу – обмениваться мнениями
басталу – начинаться	сезімтал – чувствительный
береке – благодать, достаток	тәрбиелеу – воспитывать
бір-бірімен – друг с другом	туыс – родня, родственник
еркелеу – ласкаться	түсу – 1) спускаться; 2) слезать; 3) поступать
ескеру – учитывать	түсіну – понимать, вникать
жасырыну – скрываться, прятаться	тілеу – желать, просить
жауапкершілік – ответственность	үйлену – жениться
қайту – возвращаться	үйрету – обучать, научить
қатал – строгий	хабарласу – связаться
қолдау – поддерживать	шағын – небольшой
нағашы – родственник по линии матери	шәкірт – ученик, воспитанник
намыс – честь	шыдау – терпеть, выдержать

Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі

Ә.Дүйсенбиев. «Бәтенке, шұжық, балқаймақ»

айырмашылық – разница	қарбалас – суета
ауылдық – сельский	қармақ – удочка
бақташы – пастух	қора – крытое помещение для скота
балқаймақ – сметана	нәзік – нежный
бейімделу – адаптироваться, приспосабливаться	ойын-сауық – развлечение
дайын – готовый	отшашу – фейерверк
епті – умелый, ловкий	тынығу – отдыхать
жент – жент (десерт казахской национальной кухни)	тыныс – дыхание
жергілікті – местный	тыныш – тихий
жидек – ягода	хауыз – бассейн
кептеліс – пробка	шулы – шумный
күні-түні – днем и ночью	шұжық – шұжық
қалалық – городской	шымыр – крепкий

ұйымдастыру – организовать
шаһар – город
шетелдік – иностранный

шырқау – петь громко
іскери – деловой

Қазақстан қорықтары

Ө.Тұрманжанов. «Қарлығаш, дәуіт, жылан»

алуан – разный
аң-құс – животные
бекіре – осетр
бұлақтай – как родник
дәуіт – богомол
жар – обрыв
кесіртке – ящерица
көлем – объем
күзет – охрана
камысты – камышовый
қорық – заповедник
құнды – ценный
күру – исчезать

мекендеуші – житель, обитатель
молаю – увеличиваться, вырастать
ну – лес
өсіп-даму – 1) размножаться;
2) расти
парыз – обязанность, долг
сазан – сазан
суыр – сурок
таутеке – горный козел
шөлейт – полупустынная
местность

Болашақ мамандықтары

А.Машанов. «Жер астына саяхат»

анықтау – определять
армандау – мечтать
бағдарламашы – программист
білікті – квалифицированный
ғой – же
дамыту – развивать
дәріс – лекция
дінтанушы – геолог
зангер – юрист
кәсіп – профессия
қаржыгер – финансист
мүмкіндік – возможность

оқытушы – преподаватель
сала – отрасль
салыстыру – сравнивать
сәйкес – соответствующий
сәулетші – архитектор
сұраныс – спрос
талапкер – абитуриент
талдау – анализировать
тәжірибе – опыт
тырысу – стараться
шығармашыл – творческий
іріктеу – отбирать

Қазақстан және Ұлы Жібек жолы

Д.Досжан. «Жібек жолы»

бағалы – ценный
базар – рынок
барқыт – бархат
гүлдену – процветать
жалғасу – продолжаться
жәрменке – ярмарка
жібек – шелк
кнім-кешек – одежда
қорған – крепость

мақпал – плюш
мақта – хлопок
мата – ткань
мейіз – изюм
негізгі – основной
отырықшы – оседлый
өрік – абрикос
саудагер – торговец
созылу – тянуться

соқпақ – тропинка; дорожка
таралу – распространяться
тауар – товар

тнеу – грузить
торап – перекресток
торғын – тонкий шелк

Жер байлығына аяулы көзқарас
Ш.Айтматов. «Ана – Жер-Ана»

арпа – ячмень
бедер – рельеф
бидай – пшеница
еру – 1) таянше; 2) следовать, ізгіп
 следом (за кем-, чем-либо)
жанғыш – легковоспламе-
 няющийся
жез – латунь
келтіру – приводить
кен – руда
кеніш – рудник
күріш – рис
казба – ископаемое

қалпы – состояние
қаспеггі – священный
қорғасын – свинец
құбыр – труба
мәрмәр – мрамор
мұнай – нефть
мырыш – цинк
сарғыш – желтоватый
таусылу – иссякать
тозу – изнашиваться
топырақ – почва
шікізат – сырье

Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы
М.Әлімбаев. «Шынықсан, шымыр боларсын»,
Ә. Дүйсенбиев. «Күшті болсам мен егер»

алайда – но, однако
баулу – тренировать
жанкүйер – болельщик
жару – колоть, раскалывать
жаттықтырушы – тренер
жеңу – победить
жеңімпаз – победитель
жұдырықтасу – драться
жүлде – приз
жүлделі – призовой
жігер – энергия
зілтемір – штанга

негер – обладатель
көздеу – целиться
мәре – финиш
мәрте – раз
мерей – честь
озу – опережать; обгонять
сайыс – соревнование
табанды – стойкий
тынымсыз – беспокойный
ұпай – очко
ұту – выигрывать
үлес – доля

Абайды оқы, танырқа!
А.Құнанбайұлы. Табиғат лирикасы,
«Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс»

арқылы – через
әділдік – справедливость
әділетсіздік – несправедливость
әлек – возня; хлопоты
әсемпаз болма әрнеге – не увле-
 кайся чем попало
әуес – увлекающийся чем-либо

данышпан – гений
денелі – крупный, рослый
дымқыл – влажный
ертеден – издавна, заранее
жирену – гнушаться, брезгать,
 брезговать
зейінді – сообразительный

көну – соглашаться
 көгорай – местность, богатая
 травой
 мәнерлеп оқу – выразительно
 читать
 надандық – невежество
 өнерпаз – искусник, умелец
 рақымшыл – милосердный

сипаттау – охарактеризовать
 суреттеу – описать
 сөз – сырость
 талаптану – стремиться
 таңырқау – удивляться
 шаттану – радоваться
 шеберлік – мастерство

Қазақ ұлттық қолөнері
О.Бөкей. «Апамның астауы»,
Ф.Оңғарсынова. «Оюлар»

әйел – женщина
 әшекейлеу – украшать
 басу – 1) здесь: валять (войлок);
 2) давить, прессовать
 былғары – кожа
 білезік – браслет
 ер-тұрман – верховая сбруя;
 упряжь
 жасау – прищаное
 жиһаз – мебель
 жону – обстругать; обтесывать
 жіп – нитка
 ине – игла
 кесте – вышивка
 кнiмiлгiш – вешалка

көрпе – одеяло
 қайшы – ножницы
 құрак – курак (изделие, сшитое
 из разных лоскутов)
 құрал-сайман – снаряжение
 сақина – кольцо
 сәукеле – сәукеле (головной
 убор невесты)
 сүйек – кость
 сырмақ – вышитая кошма
 тұскізіз – гобелен, настенная
 кошма
 ши – чий (песчаный тростник)
 ілмек – 1) петля;
 2) крючок

Саяхат және туризм
Ш.Уәлиханов. «Жоңғария очерктері»

анықтама – сведения
 аспалы – висячий, подвесной
 әйгілі – известный
 әуесқой – увлекающийся
 бағдар – направление
 ғажайып – чудесный
 жоспарлау – планировать
 заңғар – высочайший
 керемет – замечательный
 көпшілік – общество, публика
 көркем – изящный
 көркемдеу – украшать
 мән – значение, смысл
 мәселе – проблема

мейрамхана – ресторан
 мүмкін – возможно
 немесе – или
 нысан – объект
 өзара – взаимно
 өлкетану – краеведение
 танымдық – познавательный
 таңғаларлық – удивительный
 туынды – произведение
 ұйым – организация
 шатқал – ущелье
 шырағдан – светильник

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз4

1. ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

1-2-сабақ.	Отан	5
3-4-сабақ.	Отбасы	6
5-6-сабақ.	Мұхтар Әуезов – ғұлама жазушы	9
7-8-сабақ.	«Абай жолы» романы	12
9-10-сабақ.	Әке көрген оқ жонар	14
11-12-сабақ.	Телғара	16
13-14-сабақ.	Ана мейірімі	17

2. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ МЕН ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ

1-2-сабақ.	Ауыл мен қала	20
3-4-сабақ.	Ауыл – еңбек пен берекенің ошағы	22
5-6-сабақ.	Ауылда жүз түрлі жұмыс бар	25
7-8-сабақ.	Қала – мәдениет пен білімнің орталығы	26
9-10-сабақ.	Кітапхана – кемел дос	27
11-12-сабақ.	«Бәтенке, шұжық, балқаймақ»	29
13-14-сабақ.	Еліміздің ірі қалалары	31
15-16-сабақ.	Ауыл мен қаланың тұрмыс-тіршілігі	33

3. ТАУЛАР СЫРЫ

1-2-сабақ.	Таулар	35
3-4-сабақ.	«Мен таулықпын»	36
5-6-сабақ.	Әлемдегі биік таулар	38
7-8-сабақ.	Қазақстан таулары	40
9-10-сабақ.	Алатау	41
11-сабақ.	Қарқаралы	43
12-13-сабақ.	Оқжетпес	44
14-15-сабақ.	Тарбағатай тауы	45

4. ҚУАТ КӨЗІН ҮНЕМДЕЙ БІЛЕМІЗ БЕ?

1-2-сабақ.	Электр қуаты	48
3-4-сабақ.	Болашақтың энергиясы	50
5-6-сабақ.	Электр қуатын үнемдеу – басты қажеттілік	52
7-8-сабақ.	«Өзім – күнмін, өзім – от»	54
9-10-сабақ.	Қуат көзі	56
11-12-сабақ.	Электр шамдары	58

5. АСТАНА – МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ

1-2-сабақ.	Ел жүрегі – Астана	60
3-4-сабақ.	Театр мәдениетін сақтай білеміз бе?	61
5-6-сабақ.	Менің өмірбаяным	63
7-8-сабақ.	Кино әлемінде	65
9-10-сабақ.	Астана күні	67
11-12-сабақ.	«Күн ұтымын»	69
13-14-сабақ.	«Мәңгілік Ел» аланы	71

6. ҚАЗАҚСТА Н ҚОРЫҚТАРЫ

1-2-сабақ.	Еліміздегі қорықтар	73
3-4-сабақ.	Табиғатты аялайық!	75
5-6-сабақ.	Құстар мен жануарлар әлемі	77
7-8-сабақ.	Өсімдіктер әлемі	80
9-10-сабақ.	«Қарлығаш, дәуір, жылан»	82
11-12-сабақ.	Қызыл кітап және оның рөлі	85
13-14-сабақ.	Табиғат – тал бесігім	87

7. БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТАР Ы

1-2-сабақ.	Мамандықтар	90
3-4-сабақ.	Мамандық – кез келген еңбектің атауы	92
5-6-сабақ.	Саяхат	94
7-8-сабақ.	«Жер астына саяхат»	96
9-10-сабақ.	Жер астындағы қызықты оқиғалар	97
11-12-сабақ.	Мамандықтың бәрі жақсы	99

8. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

1-2-сабақ.	Жібек жолы	101
3-4-сабақ.	Тарихи жолдың атауы	103
5-6-сабақ.	«Жібек жолы» романы	104
7-8-сабақ.	Дешті Қыпшақ елінде	106
9-10-сабақ.	Боран жолы	107
11-12-сабақ.	Құт-береке дарыған өмір	108

9. ЖЕР БАЙЛЫҒЫНА АЯУЛЫ КӨЗҚАРАС

1-2-сабақ.	Жері байдың – елі бай	110
3-4-сабақ.	Пайдалы қазбалар	111
5-6-сабақ.	Қазақстанның байлығы	112
7-8-сабақ.	Менің елім	114
9-10-сабақ.	«Ана – Жер-Ана»	115
11-12-сабақ.	Толғанай – аяулы бейне	117

10. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ – ҚАЗАҚСТАН МАҚТАНЫШЫ

1-2-сабақ.	Олимпиада тарихы	119
3-4-сабақ.	Спорт түрлері	120
5-6-сабақ.	Бірінші байлық – денсаулық	122
7-8-сабақ.	Универсиада	123
9-10-сабақ.	Жеңімпаздар	125
11-12-сабақ.	«Шынықсан, шымыр боларсын»	126
13-14-сабақ.	Күшті болсам...	128

11. АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!

1-2-сабақ.	Абай	131
3-4-сабақ.	«Құлақтан кіріп, бойды алар»	133
5-6-сабақ.	Табиғат лирикасы	134
7-8-сабақ.	Күз – береке бастауы	136
9-10-сабақ.	Қыс	137
11-12-сабақ.	Бұл қай мезгіл?	139
13-14-сабақ.	Жаз	140
15-сабақ.	Табиғат құбылыстар ы	141

12. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРІ

1-2-сабақ.	Қазақ қолөнері	143
3-4-сабақ.	«Апамның астауы»	145
5-6-сабақ.	«Оюлар»	147
7-8-сабақ.	Ұлттық қолөнер бұйымдары	148
9-10-сабақ.	Өнер – таусылмас азық	150

13. САЯХАТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

1-2-сабақ.	Туризм	152
3-4-сабақ.	Шоқан зерттеулері	153
5-6-сабақ.	Жоңғария очерктері	155
7-8-сабақ.	Шоқан саяхаты	156
9-10-сабақ.	Құнды еңбек	158

ЛЕКСИКАЛЫҚ-ГРАММАТИКАЛЫҚ	МІНІМУМ БОЙЫНША	
ҚАЗАҚША-ОРЫСША	СӨЗДІК	160



Учебное издание

**Косымова Гульбану
Сатбекова Айгуль
Берденова Канзада
Рахимжанов Каиржан**

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА

Учебник для 6 классов общеобразовательных школ
с русским языком обучения
(на казахском и русском языках)

В учебнике использованы работы
Кызайбек С., Нурсейтова Е.Н.

Редактор *С. Дауырхан*
Худож. редактор *А. Сланова*
Техн. редактор *Л. Садыкова*
Корректор *Г. Абдрахимова*
Компьютерная верстка *Б. Нокер*

Государственная лицензия № 0000001 выдана издательству
Министерством образования и науки Республики Казахстан
7 июля 2003 года

ИБ № 5695

Подписано в печать 08.06.18. Формат 70×100^{1/16}. Бумага офсетная.
Гарнитура "SchoolBook Kza". Печать офсетная. Усл.-печ. л. 13,55.
Усл. кр.-отт. 54,19. Уч.-изд. л. 9,03.
Тираж 42 000 экз. Заказ №

Издательство "Мектеп", 050009, г. Алматы, пр. Абая, 143
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz

